# Қазақстан Республикасы салық қызметі органдарының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 200 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 685 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 685 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Дара кәсіпкерді, жекеше нотариусты, жеке сот орындаушысын, адвокатты тіркеу есебі» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) «Салық төлеушілерді тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

3) «Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушіні тіркеу есебі » мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

4) «Қосылған құн салығын төлеушілерді тіркеу есебі» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

5) «Электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебі» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

6) «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірушілерге ( импорттаушыларға), сондай-ақ акцизделетін өнімдердің кейбір түрлерін, авиациялық отын мен мазут өндірушілер мен импорттаушылардың тауарларына дербес сәйкестендіру нөмірін (ДСН-код) беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

7) «Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғаларды тіркеу және оларды тіркеуден алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

8) «Дара кәсіпкерлерге патент беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

9) «Темекі өнімдерінің өндірісіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

10) «Этил спиртінің өндірісіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

11) «Алкоголь өнімінің өндірісіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

12) «Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтауға және көтерме саудада сатуға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

13) «Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтауға және бөлшек саудада сатуға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

14) «Салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер, салық міндеттемесін, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу және аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу бойынша міндеттемелерді орындау бойынша бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі туралы дербес шоттан үзінді көшірмелер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

15) «Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомалары туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

16) «Салық резиденттігін растау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

17) «Алкоголь өніміне (шарап материалы мен сыраны қоспағанда) есепке алу-бақылау таңбаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

18) «Темекі өнімдеріне акциздік таңбалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

19) «Салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау)» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

20) «Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне бақылау-касса машиналарының жаңа модельдерін енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

21) «Қазақстан Республикасының салық заңнамасын түсіндіру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

22) «Салық есептілігін қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

23) «Салық есептілігін табыс ету мерзімін ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

24) «Салық есептілігін кері қайтарып алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет

стандарты;

25) «Салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдардың, айыппұлдардың төленген сомаларын есепке жатқызуды және қайтаруды жүргізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

26) «Бюджеттен қосылған құн салығын қайтару» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

27) «Төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтару» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

28) «Салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

29) «Салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің орналасқан жері бойынша тіркеу есебі» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

30) «Кеден одағы шеңберінде тауарлардың экспорты (импорты) кезінде салық нысандарын қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

31) «Бақылау-касса машиналарын (БКМ) есепке қою және есептен шығару» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

32) «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінен және (немесе) олардың аумақтық бөлімшелерінен шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С.Ахметов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 200 қаулысымен бекітілген

## «Дара кәсіпкерді, жекеше нотариусты, жеке сот орындаушысын, адвокатты тіркеу есебі» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Дара кәсіпкерді, жекеше нотариусты, жеке сот орындаушысын, адвокатты тіркеу есебі» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумақтарындағы салық басқармалары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші тарапынан ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтары арқылы;

2) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу куәлігін (бұдан әрі – ДК куәлігі) бере отырып, дара кәсіпкер (бұдан әрі – ДК) ретінде көрсетілетін қызметті алушыны тіркеу есебіне қою – көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті алушыны – Қазақстан Республикасының азаматын адвокат, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы ретінде тіркеу есебіне қою – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде;

ДК куәлігін алмастыра отырып, ДК куәлігінде көрсетілген тіркеу деректерін және (немесе) салықтық өтініште көрсетілген бірлескен дара кәсіпкерлікке қатысушылар (мүшелер) туралы деректерді өзгерту – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күнінен кейінгі бір жұмыс күні ішінде;

жекеше нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың орналасқан орны туралы мәліметтерді өзгерту – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде;

орындалмаған салық міндеттемелерінің болмауы шартымен көрсетілетін қызметті алушыны ДК, адвокат, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы

ретінде тіркеу есебінен шығару – тіркеу есебінен шығарылғанын растайтын құжатты бере отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды берген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) ДК ретінде тіркеу есебіне қойған және ДК куәлігінде көрсетілген тіркеу деректері өзгертілген кезде – көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында ДК куәлігін беру;

2) жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат ретінде тіркеу есебіне қою және олардың тіркеу деректерін өзгерту;

3) қызметін тоқтату кезінде – ДК, жекеше нотариусты, жеке сот орындаушысын, адвокатты есептен шығару;

4) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздемелер бойынша көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжделген жауабы.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық.

Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы келу тәртібімен жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі басып шығарылады және көрсетілетін қызметті алушыға қағаз жеткізгіште беріледі.

7. Мемлекеттік қызмет дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебі бөлігінде ақылы негізде көрсетіледі.

2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес ДК мемлекеттік тіркеу үшін алым (бұдан әрі – тіркеу үшін алым) ДК ретінде тіркеу кезінде республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және алымды төлеу күні қолданыста болған 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өндіріп алынады.

ДК мемлекеттік тіркеу кезінде алым төлеуден:
шаруа немесе фермер қожалықтары;
I, II және III топтағы мүгедектер;
заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын оралмандар босатылады.

Алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдар арқылы қолма-қол ақша және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

Сұрау салу портал арқылы берілген жағдайда, төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет адвокат, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы ретінде тіркеу есебіне қою бөлігінде тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жылжымалы жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;

2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жөндеуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы жеке тұлғалар – Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, Қазақстан Республикасының тұрақты тұрғыны мәртебесі бар Беларусь Республикасының, Қырғыз Республикасының және Тәжікстан Республикасының азаматтары жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:

1) ДК ретінде тіркеу және тіркеу деректерін өзгерту үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес салықтық өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды қабылдаған кезде жеке куәлігінің деректерін салықтық өтініште көрсетілген мәліметтермен салыстырып тексереді, содан кейін түпнұсқасын көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады;

орналасқан жерін растайтын құжат – мекенжай анықтамасы не жылжымайтын мүлікке меншік немесе оны пайдалану құқығын растайтын құжат;

ДК ретінде тіркеу үшін – тіркеу үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат;

кәмелеттік жасқа толмаған көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде – заңды өкілдердің келісімі, ал мұндай келісім болмаған кезде – неке қию ( ерлі-зайыпты болу) туралы куәліктің көшірмесі не қамқоршылық және қорғаншылық органы шешімінің көшірмесі немесе кәмелеттік жасқа толмаған адамды толығымен іс-әрекетке қабілетті деп жариялау туралы сот шешімі;

2) адвокат, жекеше нотариус, жеке сот орындаушы ретінде тіркеу есебіне қою және тіркеу деректерін өзгерту үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес салықтық өтініш;

түпнұсқасын ұсына отырып, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі. Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші түпнұсқаларды құжаттардың көшірмелерімен салыстырып тексереді, содан кейін түпнұсқаны көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады;

орналасқан жерін растайтын құжат – жылжымайтын мүлікке меншік немесе оны пайдалану құқығы;

түпнұсқасын көрсете отырып, жекеше нотариаттық, адвокаттық қызметпен, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияның көшірмесі;

3) тіркеу есебінен шығару үшін:

ДК, адвокат, жекеше нотариус, жеке сот орындаушы қызметін тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде өзінің орналасқан жері бойынша салық органына бір мезгілде:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес салықтық өтінішті;

тарату салық есептілігін;

ДК куәлігін немесе ол жоғалған немесе бүлінген кезде (мұндай куәлік 2013 жылдың 1 қаңтарына дейін берілген жағдайда) қағаз жеткізгіштегі түсініктемені;

қосылған құн салығын (бұдан әрі – ҚҚС) төлеуші болып табылатын ДК қызметін тоқтатқан кезде – ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлікті немесе ол жоғалған немесе бүлінген кезде қағаз жеткізгіштегі түсініктемені;

ҚҚС төлеуші болып табылатын ДК тіркеуден шығару кезінде – ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығаруға салықтық өтінішті;

ДК қызметін тоқтатқаны туралы ақпараттың мерзімді баспа басылымында жарияланғанын растайтын құжатты;

осындай есепке алу болған жағдайда, қызметтің жекелеген түрлері бойынша тіркеу есебінен шығару туралы салықтық өтінішті;

бақылау-касса машинасын (бұдан әрі – БҚМ) есептен шығару туралы салықтық өтінішті ұсынады;

құжаттық тексеру немесе камералдық бақылау аяқталғаннан кейін қызметі

тоқтатылатын көрсетілетін қызметті алушы орналасқан жері бойынша салық органына:

банктің және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның банк шоттарының жабылғаны туралы анықтамасын;

ішкі істер органының көрсетілетін қызметті алушы мөрінің (ол болған кезде) жойылғаны туралы құжатты тапсыруға міндетті.

Бірлескен дара кәсіпкерлікті тіркеуге арналған құжаттарды үшінші тұлғалармен және мемлекеттік органдармен қарым-қатынаста мүдделерді білдіруге уәкілеттік берілген адам тапсырады.

Егер кәмелеттік жасқа толмаған жеке тұлға ДК ретінде тіркелген жағдайда, салықтық өтініш келу тәртібімен қағаз жеткізгіште табыс етіледі.

Келу тәртібінде қағаз жеткізгіште табыс етілетін салықтық өтініш екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады. Сонымен бір мезгілде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы белгімен талон беріледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтініш нысаны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында, салық органдарының күту залындағы стенділерде және арнайы бағандарда орналастырылған. Салықтық өтініш нысаны салық органында тегін беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде:

ДК ретінде тіркеу және тіркеу деректерін өзгерту үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы салықтық өтініш;

ДК ретінде тіркеу үшін – сұрау салуда төлем құжатының деректемелерін көрсеткен кезде порталда қалыптастырылатын «электрондық үкіметтің» төлем шлюзінің хабарламасы (тіркеу үшін алым сомасы бюджетке банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы төленген жағдайда).

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы, тіркеу үшін алым сомасының төленгені (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) туралы мәліметтерді, мекенжай анықтамасы не жылжымайтын мүлікке меншік немесе оны пайдалану құқығын растайтын құжатты көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық деректер нысанында алады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттардың қабылданғаны немесе қабылданбағаны

туралы электрондық хабарламa/растама алады.

10. Егер:

1) ДК тіркеу деректерін өзгерткен кезде – ДК әрекетсіз салық төлеуші деп танылса;

2) ДК тіркеу кезінде – өтініш беруші әрекетсіз заңды тұлғалардың жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылса және (немесе) әрекет етуге қабілетсіз немесе әрекет етуге қабілеттілігі шектеулі деп танылса және (немесе) хабар-ошарсыз кетті деп танылса және (немесе) қайтыс болды деп жарияланса және (немесе) оның Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 192, 216 және 217-баптары бойынша қылмыстары үшін өтелмеген немесе алынбаған соттылығы болса;

3) ДК, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат ретінде тіркеу есебіне қойған және тіркеу деректерін өзгерткен кезде – салықтық өтініште көрсетілген жеке басты куәландыратын құжаттың деректері сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінде қамтылған мәліметтерге сәйкес келмесе;

4) ДК, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат ретінде тіркеу есебіне қойған және тіркеу деректерін өзгерткен кезде – салықтық өтініште көрсетілген орналасқан жері «Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесінде жоқ болса;

5) жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат ретінде тіркеу есебіне қою кезінде – салықтық өтініште көрсетілген нотариаттық қызметті, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметті, адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның деректері лицензиялардың мемлекеттік электрондық тізілімінде қамтылған мәліметтерге сәйкес келмесе, бұл жағдайлар мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары порталда, Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол

жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс телефондары: 8 (7172) 58-09-09, Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

"Дара кәсіпкерді, жекеше нотариусты,
жеке сот орындаушысын, адвокатты
тіркеу есебі" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
қосымша



ДАРА КӘСІПКЕРДІ, АДВОКАТТЫ,
ЖЕКЕ НОТАРИУСТЫ, ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫСЫН
ТІРКЕУ ЕСЕБІ ТУРАЛЫ
САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШ

1 Сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)

3 Тегі
Аты
Әкесінің аты

4 Дара кәсіпкердің атауы

6 Салықтық өтінішті беру себебі (тиісті торкөзде X көрсетіңіз):

7 Тіркеу есебінің түрі (тиісті торкөзде X көрсетіңіз):
A дара кәсіпкер
B адвокат
C жеке нотариус
D жеке сот орындаушы

8 Дара кәсіпкерліктің түрі (тиісті торкөзде X көрсетіңіз): жеке / бірлескен


2

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиямен қаламмен немесе қаламұшпен, БАСПАХАНАЛЫҚ БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырылады.

Бөлім. Салықтық өтініш

15 Салық салу тәртібін (режимін) таңдау:
A жалпыға бірдей белгіленген тәртіп
B патент негізінде арнаулы салық режимі
C оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимі
D шаруа немесе фермерлік қожалықтар үшін арнаулы салық режимі

14 Дара кәсіпкердің, адвокаттың, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының орналасқан орны:
A облыс/аудан
B қала (ауыл, кент)
C көше (шағын аудан)
D үй нөмірі
E пәтер (бөлме, егер үй-жай) нөмірі

15 Байланыс ақпараты:
A телефон нөмірі
B факс нөмірі
C электрондық пошта мекенжайы

16 Жүзеге асырылатын қызметтің түрі*:

Бөлім. Қосымшалар

17 Салықтық өтінішке қоса беріледі (парақ санын көрсетіңіз):
A дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат*
B орналасқан орнын растайтын құжаттың көшірмесі*
C нотариалдық, адвокаттық қызметпен, атқарушылық құжаттарды орындау бойынша қызметпен айналысу құқығына лицензия көшірмесі
D ата-анасының, асырап алушының немесе қамқоршысының келісімі немесе кәмелет жасына толмағанды толығымен әрекетке қабілетті деп жариялау туралы сот шешімі*
E осы салықтық өтінішке қосымша**

Бөлім. Салық төлеушінің жауапкершілігі

Біз (мен) осы салықтық өтінішке келтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапкершілікте боламыз (боламын).

(Салық төлеушінің Т.А.Ә.) (Қолы)

Салықтық өтініштің тапсырылған күні

М.О.

Бөлім. Салық органының белгісі

Салық органының коды

Салықтық өтініштің қабылданған күні

Ш.О.


ДАРА КӘСІПКЕРДІ, АДВОКАТТЫ
ЖЕКЕ НОТАРИУСТЫ, ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫСЫН
ТІРКЕУ ЕСЕБІ ТУРАЛЫ САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШКЕ
ҚОСЫМША

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиямен қаламмен немесе қаламұшпен, БАСПАХАНАЛЫҚ БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырылады.

Бөлім. Бірлескен кәсіпкерліктің мүшесі
1 ЖСН
2 Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
Тегі
Аты
Әкесінің аты

Бөлім. Бірлескен кәсіпкерліктің мүшесі
1 ЖСН
2 Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
Тегі
Аты
Әкесінің аты

Бөлім. Бірлескен кәсіпкерліктің мүшесі
1 ЖСН
2 Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
Тегі
Аты
Әкесінің аты

Бөлім. Бірлескен кәсіпкерліктің мүшесі
1 ЖСН
2 Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
Тегі
Аты
Әкесінің аты

Бөлім. Бірлескен кәсіпкерліктің мүшесі
1 ЖСН
2 Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
Тегі
Аты
Әкесінің аты

Бөлім. Бірлескен кәсіпкерліктің мүшесі
1 ЖСН
2 Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
Тегі
Аты
Әкесінің аты

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2014 жылғы 5 наурыздағы № 200 қаулысымен бекітілген

**«Салық төлеушілерді тіркеу»**
**мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Салық төлеушілерді тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумақтарындағы Салық басқармалары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті беруші тарапынан ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтары, сондай-ақ «бір терезе» қағидаты бойынша «электрондық үкімет» веб-порталын (бұдан әрі – портал) пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) салық төлеуші туралы мәліметтерді салық төлеушілердің мемлекеттік деректер қорына (бұдан әрі – СТМДҚ) енгізу – сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің мәліметтерін алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде;

СТМДҚ-на салық төлеушінің тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу – сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің, уәкілетті мемлекеттік органдардың, банктердің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мәліметтерін, тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтінішті алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде;

салық органының әділет органдарына резидент еместі тіркеу есебінен шығару туралы электрондық хабарлама жіберуі – уәкілетті мемлекеттік органдардан мәліметтерді, банктің хабарламасын, тіркеу есебінен шығару туралы салықтық өтінішті алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ

уақыты – 20 минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) көрсетілетін қызметті алушының тіркеу деректерін СТМДҚ-ға енгізу, өзгерту және (немесе) толықтыру;

2) уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша тіркеу куәлігін беру (СТМДҚ-на резидент емес, шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам, Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік ашпай тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар, сақтандыру ұйымы (сақтандыру брокері) немесе тәуелді агент, дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдігі туралы мәліметтерді енгізу кезінде);

3) СТМДҚ-нан салық төлеуші туралы мәліметтерді алып тастау.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін (тіркеу куәлігін) беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жылжымалы жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген.

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) СТМДҚ-на көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер енгізу, СТМДҚ-да көрсетілетін қызметті алушының тіркеу деректеріне өзгерістер және ( немесе) толықтырулар енгізу, СТМДҚ-нан көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерді алып тастау үшін – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес салықтық өтініш;

2) СТМДҚ-на резидент емес көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер енгізу үшін – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымшаға сәйкес құжаттар тізбесі;

3) СТМДҚ-да көрсетілетін қызметті алушының басшысы туралы тіркеу деректеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу үшін – заңды тұлғаның қатысушыларының (акционерлерінің) жалпы жиналысының немесе бір қатысушыдан (акционерінен) тұратын заңды тұлғаның бір қатысушысы ( акционері) шешімінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

4) СТМДҚ-да көрсетілетін қызметті алушының басшысы туралы тіркеу деректеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу үшін – заңды

тұлғаның уәкілетті органының заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің басшысын тағайындау туралы шешімінің немесе оның өкілеттігін растайтын басқа құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) заңды тұлғаның таратылуына, қайта ұйымдастырылуына, резидент емес заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі қызметінің тоқтатылуына байланысты СТМДҚ-нан көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерді алып тастау үшін – тарату салық есептілігі;

6) қосылған құн салығын төлеуші заңды тұлғаның таратылуына, қайта ұйымдастырылуына, резидент емес заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі қызметінің тоқтатылуына байланысты СТМДҚ-нан көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерді алып тастау үшін – қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қойылғаны туралы куәлік немесе ол жоғалған немесе бүлінген кезде қағаз жеткізгіштегі түсініктеме;

7) құжаттық тексеру аяқталғаннан кейін және бюджет алдындағы берешегі өтелгеннен кейін заңды тұлғаның таратылуына, қайта ұйымдастырылуына, резидент емес заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі қызметінің тоқтатылуына байланысты СТМДҚ-нан көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерді алып тастау үшін – тарату теңгерімі;

8) құжаттық тексеру аяқталғаннан кейін және бюджет алдындағы берешегі өтелгеннен кейін заңды тұлғаның таратылуына, қайта ұйымдастырылуына, резидент емес заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі қызметінің тоқтатылуына байланысты СТМДҚ-нан көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерді алып тастау үшін – банктік шоттардың жабылғаны туралы банктің және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамасы;

9) құжаттық тексеру аяқталғаннан кейін бөліну жолымен заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуына байланысты СТМДҚ-нан көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерді алып тастау үшін – бөліну теңгерімі;

10) резидент заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі қызметінің тоқтатылуына байланысты СТМДҚ-нан көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерді алып тастау үшін – құрылымдық бөлімшенің қызметін тоқтатқаны туралы резидент заңды тұлға шешімінің көшірмесі;

11) резидент заңды тұлғаның оңайлатылған тәртіпте таралуына байланысты СТМДҚ-нан көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерді алып тастау үшін – бақылау-касса машинасын есептен шығару туралы салықтық өтініш.

Егер қызметін тоқтатқалы отырған құрылымдық бөлімше салықтар, төлемдер , міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша дербес төлеуші деп танылмаған жағдайда тарату салық есептілігі табыс етілмейді.

Жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелері

туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен портал арқылы электрондық хабарлама түрінде алады.

Келу тәртібінде қағаз жеткізгіште табыс етілетін салықтық өтініш екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады. Сонымен бір мезгілде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы белгімен талон беріледі.

Почта арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші почта хабарламасына белгі қояды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтініш нысаны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында, салық органының күту залындағы стенділерде және арнайы бағандарда орналастырылған. Салықтық өтініш нысаны салық органында тегін беріледі.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға

жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс телефондары: 8 (7172) 58-09-09, Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Салық төлеушілерді тіркеу»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша

# ТІРКЕУ ЕСЕБІНЕ ҚОЮ ТУРАЛЫ САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиямен қаламмен немесе қаламұшпен, БАСПАХАНАЛЫҚ БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз.

**Бөлім Салықтық өтініш**

1 Өтініш беру себебі (тиісті торкөзде [X] көрсетіңіз):

- A Салық төлеуші ретінде тіркеу [ ]
- B Тіркеу деректерін өзгерту және толықтыру [ ]
- C Салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді орналасқан жері бойынша тіркеу есебіне қою [ ]

2 Салықтық өтінішті табыс етеин (тиісті торкөзде [X] көрсетіңіз):

- A жеке тұлға [ ]
- B Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғасы, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі [ ]
- C Қазақстан Республикасында тиімді басқару орны немесе филиал, өкілдік жоспай тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғасы [ ]
- D Салық кодексінің 197-бабы 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында жеріп сатып алатын салық агенті болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент емесі [ ]
- E Салық кодексінің 197-бабы 5-тармағына сәйкес ҚР-да акцияларды, қатысу үлестерін сатып алатын салық агенті болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент емесі [ ]
- F Қазақстан Республикасының резидент банктеріндә атындағы шот ашуына Қазақстан Республикасының резидент емесі [ ]
- G төлем көзінен салық салуға жатпайтын Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс алушы шетелдік [ ]
- H Қазақстан Республикасында тіркелген шетел мемлекетінің дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдік [ ]
- I Салық кодексінің 191-бабы 1 және 5-тармақтарына сәйкес резидент еместің тұрақты мекемесі ретінде қаралатын қызметке сақтандыру ұйымы (сақтандыру брокері), тәуелді агенті [ ]
- J сенімгерлік басқарудағы салық салу объектісінің және (немесе) салық салуға байланысты объектінің орналасқан орны бойынша тіркеу есебіне қою үшін сенімгерлік басқарушы [ ]

**Бөлім Резидент еместің сақтандыру ұйымы (брокері), тәуелді агенті, сенімгерлік басқарушы туралы ақпарат**

3 Егер салықтық өтінішті осы салықтық өтініштің 2-бөлімінде «I» немесе «J» тармақтарында көрсетілген тұлға берген немесе осы тұлғаның атынан берілген жағдайда, оның мынадай деректерін көрсетіңіз:

- A Сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН) [ ][ ][ ][ ][ ][ ][ ][ ][ ][ ][ ][ ]
- B тегі, аты, әкесінің аты
  - Тегі
  - Аты
  - Әкесінің аты
- C атауы (ол болған жағдайда)
- D Шарт қолданысының басталған күні [ ][ ] [ ][ ] [ ][ ][ ][ ] (Сәйкесінше: күні, айы, жылы)
- E Шарт қолданысының аяқталған күні [ ][ ] [ ][ ] [ ][ ][ ][ ] (Сәйкесінше: күні, айы, жылы)

Осы өтініштің кейінгі бөлімдерін Салық кодексінің 191-бабы 1 және 5-тармағына сәйкес қызметі тұрақты мекемесі ретінде қаралатын резидент емеске қатысты сақтандыру ұйымдары (сақтандыру брокері), тәуелді агент толтырады.

Осы өтініштің кейінгі бөлімдерін сенімгерлік басқарушы салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілері сенімгерлікпен басқару құқығында болып табылатын тұлғаға қатысты толтырады.

**Бөлім Жеке тұлға туралы ақпарат**

4 Болған жағдайда көрсетіңіз:

- A ЖСН [ ][ ][ ][ ][ ][ ][ ][ ][ ][ ][ ][ ]
- B резиденттік елінде салық тіркеуінің нөмірі (резидент еместер үшін)

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, БАСПАХАНАЛЫҚ БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз.

**Бөлім. Жеке тұлға туралы ақпарат**

5 Жеке тұлғаның аты-жөні (тиісті торкөзде [X] көрсетіңіз):

A мемлекеттік тілде немесе B орыс тілінде

Тегі

Аты

Әкесінің аты

C ағылшын тілінде

Тегі

Аты

Әкесінің аты

6 Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер (тиісті торкөзде [X] көрсетіңіз):

A азаматтық

B жеке куәлік

C паспорт

D туу туралы куәлік

E өзге құжат (атауын көрсетіңіз):

F сериясы G нөмірі

H берілген күні (Сандармен: күні, айы, жылы)

I құжатты берген органның атауы

7 Туған күні (Сандармен: күні, айы, жылы)

8 Тұратын (келу) жерінің мекенжайы және Қазақстан Республикасындағы байланыс ақпараты:

A пошта индексі B облыс/аудан

C қала (ауыл, село)

D көше (шағын аудан)

E үй нөмірі F пәтер (бөлме) нөмірі

G телефон нөмірі H факс нөмірі

I электрондық пошта мекенжайы

**Бөлім. Заңды тұлға туралы ақпарат**

9 Болған жағдайда көрсетіңіз:

A ЖСН

B резиденттік елдегі салық тіркеуінің нөмірі (резидент еместер үшін)

10 Атауы (тиісті торкөзде [X] көрсетіңіз):

A мемлекеттік тілде

B орыс тілінде немесе C ағылшын тілінде



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, БАСПАХАНАЛЫҚ БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз.

**Бөлім. Заңды тұлға туралы ақпарат**

11 Резиденттік елдегі заңды мекенжайы (резидент емес үшін):

A пошта индексі B елдің атауы

C облыс (штат, өңір, аудан)

D қала (ауыл, село)

E көше (шағын аудан)

F үй нөмірі G пәтер (бөлме) нөмірі

12 Қазақстан Республикасындағы орналасқан орны және байланыс ақпараты:

A пошта индексі B Облыс/аудан

C қала (ауыл, село)

D көше (шағын аудан)

E үй нөмірі F пәтер (бөлме) нөмірі

G телефон нөмірі H факс нөмірі

I электрондық пошта мекенжайы

13 Ұйымдық-құқықтық нысаны (резидент емес үшін):

14 Болған жағдайда көрсетіңіз (резидент емес үшін):

A резиденттік елдегі мемлекеттік тіркеу нөмірі

B резиденттік елдегі мемлекеттік тіркеу күні (Сандармен: күні, айы, жылы)

15 Меншік нысаны (тиісті торкөзде [X] көрсетіңіз) (резидент емес үшін):

A Жеке B Мемлекеттік C Коммуналдық D Өзге

16 Қазақстан Республикасындағы қызметтің негізгі түрлері (ЭҚЖС) (резидент емес үшін):

A B C

үлес салмағы A % B % C %

17 Тіркеу режимінің (болған кезде) ерекшелігі (тиісті торкөзде [X] көрсетіңіз) (резидент емес үшін):

A арнайы экономикалық аймақта B офшорлы юрисдикцияда C өзге

**Бөлім. Заңды тұлғаның басшысы туралы ақпарат**

18 Болған жағдайда көрсетіңіз:

A ЖСН

B резиденттік елдегі салықтық тіркеу нөмірі (резидент еместер үшін)

19 Жеке тұлғаның аты-жөні (тиісті торкөзде [X] көрсетіңіз):

A мемлекеттік тілде немесе B орыс тілінде

Тегі

Аты

Әкесінің аты

C ағылшын тілінде

Тегі

Аты

Әкесінің аты

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК түсті қаламмен немесе қаламұшпен, БАСПАХАНАЛЫҚ БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырылады.

**Бөлім. Заңды тұлғаның басшысы туралы ақпарат**

20 Тұрақты тұратын елі (резидент емес үшін):
- A елдің атауы

21 Жеке басын куәландыратын құжат (тиісті торкөзде [X] көрсетіңіз):
- A азаматтық
- B жеке куәлік
- C паспорт
- D өзге құжат — атауын көрсетіңіз
- E сериясы
- F нөмірі
- G берілген күні (Сандармен күні, айы, жылы)
- H құжат берген органның атауы

22 Байланыс ақпараты:
- A телефон нөмірі
- B факс нөмірі
- C электронды почта мекенжайы

**Бөлім. Заңды тұлғаның бюджетпен есеп айырысу бойынша жауапты қызметкері туралы ақпарат**

23 Болған жағдайда көрсетіңіз:
- A ЖСН
- B резиденттің еліндегі салықтық тіркеу нөмірі (резидент еместер үшін)

24 Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (тиісті торкөзде [X] көрсетіңіз):
- A мемлекеттік тілде немесе B орыс тілінде

Тегі

Аты

Әкесінің аты

- C ағылшын тілінде

Тегі

Аты

Әкесінің аты

25 Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер (тиісті торкөзде [X] көрсетіңіз):
- A азаматтық
- B жеке куәлік
- C паспорт
- D өзге құжат — атауын көрсетіңіз
- E сериясы
- F нөмірі
- G берілген күні (Сандармен күні, айы, жылы)
- H құжат берген органның атауы

26 Байланыс ақпараты:
- A телефон нөмірі
- B факс нөмірі
- C электронды мекенжайы



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК түсті қаламмен немесе қаламұшпен, БАСПАХАНАЛЫҚ БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырылады.

**Бөлім. Заңды тұлға туралы өзге де мәліметтер**

Тиісті торкөзде [X] көрсетіңіз:
- A заңды тұлғаның құрылтайшысы бар ма. Егер "Иә" болса, осы салықтық өтінішке 1-қосымшаны толтыру қажет — Иә / Жоқ
- B заңды тұлға құрылтайшы болып табыла ма. Егер "Иә" болса, осы салықтық өтінішке 2-қосымшаны толтыру қажет — Иә / Жоқ

**Бөлім. Салықтық өтінішті тапсыру үшін уәкілетті тұлға туралы ақпарат**

27 ЖСН/БСН

29 Тегі, аты, әкесінің аты

Тегі

Аты

Әкесінің аты

30 Жеке басын куәландыратын құжат (тиісті торкөзде [X] көрсетіңіз):
- A азаматтық
- B жеке куәлік
- C паспорт
- D өзге құжат — атауын көрсетіңіз
- E сериясы
- F нөмірі
- G берілген күні (Сандармен күні, айы, жылы)
- H құжат берген органның атауы

**Бөлім. Салық төлеушінің жауапкершілігі**

Біз (мен) осы салықтық өтініште келтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапкершілікте боламыз (боламын).

(Салық төлеушінің Т.А.Ә.) / (Қолы)

Салықтық өтініштің толтырылған күні (Сандармен күні, айы, жылы)

М.О.

**Бөлім. Салық органының белгісі**

(Салық органының қызметкерінің Т.А.Ә.) / (Қолы)

Салық органының коды

Салықтық өтініштің қабылданған күні (Сандармен күні, айы, жылы)

Ш.О.



ҚОСЫМША НЫСАНЫ
САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Бөлім. Жалпы ақпарат

1 ЖСН/БСН

2 Өтініш берушінің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі

3 Құрылтайшылардың жалпы саны

4 Резидент емес құрылтайшының резиденттік елі

A Елдің коды

B

5 Резидент емес құрылтайшының резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі

6 Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (тиісті торкөзде X көрсетіңіз):

A мемлекеттік тілде немесе B орыс тілінде

Тегі

Аты

Әкесінің аты

C ағылшын тілінде

Тегі

Аты

Әкесінің аты

7 Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер (тиісті торкөзде X көрсетіңіз):

A азаматтық

B жеке куәлік

C паспорт

D өзге құжат атауын көрсетіңіз

E сериясы F нөмірі

G берілген күні

Сандармен күні, айы, жылы

H құжат берген органның атауы

8 Заңды тұлғаның атауы (тиісті торкөзде X көрсетіңіз):

A мемлекеттік тілде

B орыс тілінде немесе C ағылшын тілінде

9 A резиденттік еліндегі мемлекеттік тіркеу нөмірі

B резиденттік еліндегі мемлекеттік тіркеу күні

Сандармен күні, айы, жылы



ҚОСЫМША НЫСАНЫ
САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Бөлім. Жалпы ақпарат

1 ЖСН/БСН

2 Өтініш беруші - резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі

3 Құрылтайшы болып табылады (тиісті торкөзде X көрсетіңіз): A Қазақстан Республикасының резиденті үшін B Қазақстан Республикасының резидент емесі үшін

4 Өтініш беруші құрылтайшысы болып табылатын резидент еместің резиденттік елі

A Елдің коды

B

5 Өтініш беруші құрылтайшысы болып табылатын резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі

6 Өтініш беруші құрылтайшысы болып табылатын заңды тұлғаның атауы (тиісті торкөзде X көрсетіңіз):

A мемлекеттік тілде

B орыс тілінде немесе C ағылшын тілінде

7 A Өтініш беруші құрылтайшысы болып табылатын резидент еместің резиденттік еліндегі мемлекеттік тіркеу нөмірі

B Өтініш беруші құрылтайшысы болып табылатын резидент еместің резиденттік еліндегі мемлекеттік тіркеу күні

Сандармен күні, айы, жылы

«Салық төлеушілерді тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет

с т а н д а р т ы н а
2-қосымша


ТІРКЕУ ЕСЕБІНЕН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ
САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШ

1 Өтініш беру себебі (тиісті торкөзде X көрсетіңіз):

2 Салықтық өтінішті табыс етком (тиісті торкөзде X көрсетіңіз):

A жеке тұлға

3 Сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)

4 Салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты

Тегі

Аты

Әкесінің аты

5 Салық төлеушінің атауы

A ЖСН/БСН

B Салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты

Тегі

Аты

Әкесінің аты

C Салық төлеушінің атауы

7 ЖСН

2

8 Тегі, аты, әкесінің аты

Тегі

Аты

Әкесінің аты

M.O.

«Салық төлеушілерді тіркеу»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет

с т а н д а р т ы н а
3-қосымша


ҚЫЗМЕТТІ ТОҚТАТУ ТУРАЛЫ
САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШ

«Салық төлеушілерді тіркеу»
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
с т а н д а р т ы н а
4-қосымша


ҚҰЖАТТЫҚ ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ
САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШ

«Салық төлеушілерді тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
5-қосымша

## Кесте. Салық төлеушілердің мемлекеттік деректер қорына көрсетілетін қызметті алушылар (резидент еместер) туралы мәліметтер енгізу үшін қажетті құжаттар

Көрсетілетін қызметті алушылар (резидент емес жеке тұлғалар) үшін:

| № | Көрсетілетін қызметті алушылар санаттары | Құжаттар тізбесі | | | | Өтінішті тапсыру мерзімі | Құ та са |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Нотариалды куәландырылған көшірмелері | | | | | |
| | | Жеке басын куәландыратын құжат | Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыс сомасын растайтын құжат ( болған жағдайда) | Азаматтық ( инкорпорация ) еліндегі салықтық тіркеуін растайтын құжат | Резидент еместің атынан Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асыруға өкілеттіктер беруге арналған шарт | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | Қазақстан Республикасында жылжымайтын мүлік сатып алатын, табыс салығын төлем көзінен есептеу, ұстау және бюджетке аудару жөніндегі міндет пен жауапкершілік жүктелетін табысты төлейтін салық агенті болып табылатын резидент емес жеке тұлға | √ | | √ | | Мүлікті сатып алғанға дейін | Ж му ор бо |
| 2 | Қызметі тұрақты мекеме ретінде қарастырылатын тәуелді агент | √ | | √ | √ | Қызметін жүзеге асыра бастаған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде | Тә ор тұ бо |
| | Қазақстан Республикасындағы көздерден төлем | | | | | Қызметін жүзеге асыра бастаған | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | көзінен салық салуға жатпайтын табыс алатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар | √ | √ | √ | | күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде | Бс тұ бо |
| 4 | Резидент банктерде шоттар ашатын жеке тұлғалар | √ | | √ | | Банкте шот ашқанға дейін | Ре ор бо |
| 5 | Қазақстан Республикасында мүлік, көлік құралдары салығын немесе жер салығын салу объектісі болып табылатын мүлікті сатып алатын шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар | √ | | √ | | | Ос мү ор бо |

көрсетілетін қызметті алушылар (резидент емес заңды тұлғалар) үшін:

| № | Көрсетілетін қызметті алушылар санаттары | Көшірмелерін табыс ету қажет құжаттардың (*белгісі құжаттардың көшірмелерін нотариуста куәландыру қажет дегенді білдіреді, ** б тек өкілдіктер қызметкерлерін тіркеген кезде табыс етіледі дегенді білдіреді) | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Құрылтай құжаттары * | Инкорпорация еліндегі салықтық тіркелуін растайтын құжат* | Инкорпорация еліндегі мемлекеттік тіркелуін растайтын құжат * | директорлар кеңесі немесе осыған ұқсас басқару органы жиналысының хаттамасы* | Резидент еместің атынан кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруға, келісімшарттарға қол қоюға немесе өзге де мақсаттарға уәкілеттік беруге арналған шарт* | Бірлескен қызмет туралы шарт* | Қаз Рес акк рас ** |
14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс телефондары: 8 (7172) 58-09-09, Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

"Қосылған құн салығын төлеушілерді тіркеу есебі" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша


ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ БОЙЫНША
ТІРКЕУ ЕСЕБІ ТУРАЛЫ
САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 200 қаулысымен бекітілген

## «Электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебі» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебі» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумақтарындағы Салық басқармалары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтары арқылы жүзеге асырады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қою кезінде – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген электрондық салық төлеушінің тіркеу есебі туралы салықтық өтініш (бұдан әрі – салықтық өтініш) қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде;

сәйкестендіру нөмірі көрсетілмеген электрондық құжат алмасу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану және тану туралы келісімді (бұдан әрі – келісім) қайта ресімдеу – көрсетілетін қызметті беруші осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген салықтық өтінішті және құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде;

электрондық цифрлық қолтаңбаны (бұдан әрі – ЭЦҚ) жою немесе ауыстыру – көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген салықтық өтінішті табыс еткен күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) ЭЦҚ-дан тұратын кілті бар контейнерлі ақпаратты электрондық жеткізгішті беру;

2) келісімді беру;

3) ЭЦҚ жою;

4) ЭЦҚ ауыстыру болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жылжымалы жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген.

9. Көрсетілетін қызметті алушы орналасқан немесе тұрғылықты жері бойынша салық органына жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қою үшін, ЭЦҚ жою немесе ауыстыру үшін – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша салықтық өтініш;

2) сәйкестендіру нөмірі көрсетілмеген келісімді қайта ресімдеу үшін мына құжаттардың бірі:

сәйкестендіру нөмірінің бар екенін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

сәйкестендіру нөмірінің бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі (оның түпнұсқасын ұсыну шартымен);

3) қайта ресімделген келісімді алу үшін – аталған келісім жоғалған жағдайды қоспағанда, салық органымен бұрын жасалған келісім.

Салықтық өтініш екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады. Сонымен бір мезгілде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы белгімен талон беріледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтініш нысаны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында, салық органының күту залындағы стенділерде және арнайы бағандарда орналастырылған. Салықтық өтініш нысаны салық органында тегін беріледі.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды

адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары порталда, Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы,

сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс телефондары: 8 (7172) 58-09-09, Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

"Электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебі" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша


ЭЛЕКТРОНДЫ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ ТІРКЕУ ЕСЕБІ ТУРАЛЫ САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШ

Тегі

Аты

Әкесінің аты

М.О.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 200 қаулысымен бекітілген

## «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірушілерге (импорттаушыларға), сондай-ақ акцизделетін өнімдердің кейбір түрлерін, авиациялық отын мен мазут өндірушілер мен импорттаушылардың тауарларына дербес сәйкестендіру нөмірін (ДСН-код) беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірушілерге (импорттаушыларға ), сондай-ақ акцизделетін өнімдердің кейбір түрлерін, авиациялық отын мен мазут өндірушілер мен импорттаушылардың тауарларына дербес сәйкестендіру нөмірін (ДСН-код) беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші «Есепке алу-бақылау таңбаларын голографиялық қорғау элементтерін пайдаланып, алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын бақылау» ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЕБТ АЖ) немесе « Акцизделетін тауарлар мен жекелеген мұнай өнімдерінің түрлерін өндіру және айналымына бақылау жасау» ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – Акциз АЖ) арқылы жүзеге асырады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) этил спиртіне және (немесе) алкоголь өнімдеріне (сырадан басқа) ДСН-кодын беру – көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды берген күнінен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде;

мұнай өнімдерін өндірушілерді, мұнай өнімдерін импорттауды жүзеге асыратын мұнай өнімдерін көтерме жеткізушілерді ДСН-кодтары берілгені туралы жазбаша хабарлама – көрсетілетін қызметті алушы мұнай өнімдерін сатуды жүзеге асыруды жоспарлап отырған айдың 1-күніне дейін күнтізбелік 5 ( бес) күннен кешіктірмей;

темекі өнімдерін Қазақстан Республикасында өндіру саласындағы қызметті немесе Қазақстан Республикасының кедендік аумағына импорттауды жүзеге асыратын көрсетілетін қызметті алушыларға ДСН-кодын беру туралы жазбаша хабарлама - көрсетілетін қызметті алушы темекі өнімдерін сатуды бастағанға дейін 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ

уақыты – 20 минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі ДСН-кодын беру туралы жазбаша хабарлама болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жылжымалы жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген.

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) мұнай өнімін өндірушілерге, мұнай өнімдерін импорттауды жүзеге асыратын мұнай өнімдерін көтерме жеткізушілерге және Қазақстан Республикасында өндірілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін әрбір мұнай өнімдерінің атауына берілетін ДСН-кодын беруге мұнай өнімдерін сатуды жүзеге асыру жоспарланып отырған айдың 1-күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;

2) мемлекеттік тізілімде тіркелген бензиннің, авиациялық және дизель отынының, мазуттың тиісті түріне сәйкестік сертификатының көшірмесі, ал мұнай өнімдерін өндірушілер – мұнай-газ өңдеу өндірістерін пайдалануға, газ, мұнай және мұнай өнімдерін сақтау объектілерін, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға лицензияның көшірмесі;

3) Қазақстан Республикасында өндірілген және тауарларды еркін айналымға шығарудың режимінде Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін темекі өнімдерінің әрбір таңбасына берілетін ДСН-кодын беруге темекі өнімдерінің жаңа таңбаларын сатуды жүзеге асыру жоспарланып отырған айдың 1 күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;

4) қораптағы немесе бумадағы темекі өнімдерінің атауын, бірлік санын және фильтрінің бар-жоғын көрсете отырып, Қазақстан Республикасында өндірілетін немесе Қазақстан Республикасының кедендік аумағына импорттайтын темекі өнімдері таңбаларының тізбесі;

5) этил спирті мен алкоголь өнімдері (сырадан басқа) бойынша – еркін

нысандағы ДСН-кодын беруге өтінім.

Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші түпнұсқаларды құжаттардың көшірмелерімен және мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен берілген мәліметтермен түпнұсқалығын салыстырып тексереді, содан соң түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Мұнай өнімдерін өндірушілерге, мұнай өнімдерін импорттауды жүзеге асыратын мұнай өнімдерін көтерме жеткізушілерге және Қазақстан Республикасында өндірілген немесе Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін мұнай өнімінің әрбір атауына ДСН-кодын беруге және Қазақстан Республикасында өндірілетін және тауарларды еркін айналымға шығарудың кедендік режимінде Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін темекі өнімдерінің әрбір таңбасына берілетін ДСН-кодын беруге өтінімдерді көрсетілетін қызметті алушылар Акциз АЖ арқылы электрондық түрде береді.

Этил спирті мен алкоголь өнімдері (сырадан басқа) үшін ДСН-кодын беруге өтінімді көрсетілетін қызметті алушылар ЕБТ АЖ арқылы электрондық түрде береді.

Келу тәртібінде берілген салықтық өтініш екі данада жасалады, бір данасы көрсетілетін қызметті алушыға салық органының белгісімен қайтарылады. Бір мезгілде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылдағаны туралы белгімен талон беріледі.

Почта арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші пошта хабарламасына белгі қояды.

Көрсетілетін қызметті алушы «Өндірушілерге және/немесе импорттаушыларға арналған ЕБТ АЖ клиенттік қосымшасы» арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтінімнің «Жұмыс журналында» қабылданғаны/қабылданбағаны туралы электрондық хабарламаны алады.

«Акциз АЖ» салық төлеуші үшін клиенттік қосымшасы» арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтінімнің қабылданғаны/қабылданбағаны туралы электрондық растау/хабарлама алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтінімдер нысандары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында, көрсетілетін қызметті берушінің күту залындағы стенділерде және арнайы бағандарда орналастырылған. Өтінім нысаны салық органында тегін беріледі.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары порталда, Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің

www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс телефондары: 8 (7172) 58-09-09, Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірушілерге (импорттаушыларға), сондай-ақ акцизделетін өнімдердің кейбір түрлерін, авиациялық отын мен мазут өндірушілер мен импорттаушылардың тауарларына дербес сәйкестендіру нөмірін (ДСН-код) беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

## Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірушілерге (импорттаушыларға), сондай-ақ акцизделетін өнімдердің кейбір түрлерін, авиациялық отын мен мазут өндірушілер мен импорттаушылардың тауарларына дербес сәйкестендіру нөмірін (ДСН-код) беруге арналған өтінім

________________________ бойынша
(облысы/қаласы)
Салық органының басшысына
________________________________
20 __ жылғы «__» ________________
Салық төлеушінің атауы:
Субъектінің ЖСН/БСН-і:
Субъектінің түрі (өндіруші, импорттаушы):
Субъектінің әкімшілік-аумақтық бірлігі:

| Р/с № | Мұнай өнімінің түрі ( бензин - 1, дизель отыны - 2, мазут - 3, авиаотын - 4) ( түсетін тізім) | Мұнай өнімінің коды (егер бұдан бұрын берілген болса түсетін тізім) | Мұнай өнімінің атауы (егер бұдан бұрын берілмеген жағдайда енгізіледі) | Техникалық сипаттама (МЕМС , ТШ және т.б.) |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | | | | |
| 2 | | | | |

Басшы ________________________________________ ____________________

(аты-жөні) (қолы)

«Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірушілерге (импорттаушыларға), сондай-ақ акцизделетін өнімдердің кейбір түрлерін, авиациялық отын мен мазут өндірушілер мен импорттаушылардың тауарларына дербес сәйкестендіру нөмірін (ДСН-код) беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

______________________ бойынша (облысы/қаласы) Салық комитеті Төрағасына ______________________________ (шаруашылық етуші субъектінің ______________________________ атауы, БСН/ЖСН-і, орналасқан орны)

"___" ____________ жыл

## Темекі өнімдеріне ДСН-кодтарын беруге арналған өтінім

| N р/с | Темекі өнімдерінің таңбасы | Темекі өнімдерінің (сигареттер, папиростар, сигаралар, сигариллалар және құрамында темекі бар өзге де өнімдер) атауы | Қораптағы (бумадағы) темекі өнімдерінің бірлік саны, (дана) | Сүзгінің бар-жоғы, бар/жоқ) |
|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |

Басшы ________________________________________ ____________________

(аты-жөні) (қолы)

МО

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 200 қаулысымен бекітілген

**«Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғаларды тіркеу және оларды тіркеуден алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғаларды тіркеу және оларды тіркеуден алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі – ХҚО) арқылы;

2) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру мақсатында тіркеу – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген өтінішті және құжаттарды берген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды.

Көрсетілетін қызметті алушының өтініші мен құжаттарын көрсетілетін қызметті берушіге қағаз жеткізгіште жөнелтуді көздейтін мемлекеттік қызметті ХҚО арқылы көрсеткен кезде өтініштер мен құжаттар қабылданған күн осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаға тіркеу туралы растаманы беру;

2) тіркеу туралы өтініште көрсетілген деректерге өзгерістер енгізу;

3) тіркеуден шығару туралы растаманы беру;

4) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздемелер бойынша уәкілетті лауазымды адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжделген жауабы болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы тіркеу туралы растаманы алу, қағаз жеткізгіштегі тіркеу туралы өтініште көрсетілген деректерге енгізілген өзгерістер туралы, тіркеуден шығару туралы растау құжаттамасын алу үшін жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының қолымен және мөрмен куәландырылады.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) ХҚО – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін. Қабылдау және нәтижелерді беру «электрондық» кезек тәртібімен жүргізіледі, портал арқылы электрондық кезекті «брондауға» болады;

2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

ХҚО-ға:

1) тіркеу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басын куәландыратын (көрсетілетін қызметті алушыны сәйкестендіру үшін) құжат;

заң және (немесе) экономикалық жоғары білімі туралы дипломдардың көшірмесі;

оңалтушы, конкурстық басқарушылардың, сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыру бойынша даярлықтан өткенін растайтын білім беру ұйымы берген құжаттың көшірмесі;

еңбек қызметін, оның ішінде жұмыс өтілін растайтын құжаттардың көшірмесі;

тұрғылықты жері бойынша оларды ұсынғанға дейін кемінде бір ай бұрын наркологиялық және психиатриялық диспансерлер берген медициналық анықтамалар;

2) тіркеу туралы өтініште көрсетілген деректерге өзгерістер енгізу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басын куәландыратын (көрсетілетін қызметті алушыны сәйкестендіру үшін) құжат;

3) тіркеуден шығару үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басын куәландыратын (көрсетілетін қызметті алушыны сәйкестендіру үшін) құжат.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті ХҚО арқылы алу үшін ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімін береді.

ХҚО-ға жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға:

1) сұрау салудың нөмірі мен қабылданған күні;

2) сұрау салынып отырған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің түрі;

3) қоса берілген құжаттардың саны мен атаулары;

4) құжаттардың берілу күні, уақыты мен орны;

5) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған ХҚО қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты;

6) өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты және уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты, оның байланыс телефондары көрсетіле отырып, тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

ХҚО-ға жүгінген кезде құжаттардың көшірмелері салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларымен бірге не құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері ұсынылады.

ХҚО қызметкері құжаттар түпнұсқаларының дұрыстығын мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен алынған мәліметтермен

салыстырып тексереді, одан кейін көрсетілетін қызметті алушыға түпнұсқаларды қайтарады;

портал:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

заң және (немесе) экономикалық жоғары білімі туралы дипломдардың электрондық көшірмесі;

оңалтушы, конкурстық басқарушылардың, сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыру бойынша даярлықтан өткенін растайтын білім беру ұйымы берген құжаттың электрондық көшірмесі;

еңбек қызметін, оның ішінде жұмыс өтілін растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;

тұрғылықты жері бойынша оларды ұсынғанға дейін кемінде бір ай бұрын наркологиялық және психиатриялық диспансерлер берген медициналық анықтамалардың электрондық көшірмесі.

ХҚО-ға немесе порталға жүгінген кезде, мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын жеке басын куәландыратын құжат туралы, соттылығының жоқтығы туралы анықтаманы ХҚО-ның қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден мемлекеттік қызмет көрсетудің ақпараттық мониторинг жүйесі арқылы мемлекеттік органдардың уәкілетті адамдарының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында алады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін құжаттардың қабылданғаны/қабылданбағаны туралы электрондық хабарлама/растауды алады.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін мынадай жағдайлар:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген құжаттар тізбесінің толық ұсынылмауы;

2) егер көрсетілетін қызметті алушы келесі белгіленген талаптарға сәйкес болмаса;

дара кәсіпкер ретінде тіркелу;

жоғары заң немесе экономикалық білімінің болуы;

білім беру ұйымдарында оңалтуды, конкурсты басқарушылар, сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру бойынша даярлықтан өту;

экономикалық, қаржы, есептік-талдамалық, бақылау-тексеру, құқық қызметі салаларының бірінде не заңды тұлғаның бірінші басшысы лауазымында кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы талаптары белгіленеді.

3) қызметтің осы түрімен айналысуға көрсетілетін қызметті алушыға тыйым салатын заңды күшіне енген сот актісінің болмауы;

4) егер көрсетілетін қызметті алушы бұрын мынадай негіздердің бірі бойынша тіркеуден шығарылса:

кредитордың немесе борышкердің мүдделеріне залал келтірген олардың банкроттық туралы заңнамада белгіленген талаптарды бұзушылықтары тексеру нәтижелері бойынша анықталып бір жыл ішінде бірнеше рет сырттай байқау әкімшісі және (немесе) оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың қызметін жүзеге асырудан шеттетілуі. Осы абзацтың ережелері тіркеуден бұрын шығарылған тұлғаға үш жыл бойы қолданылады;

өз өкілеттіктерін орындау: қайтыс болуы; бір айдан астам еңбекке уақытша жарамсыздығы; сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі, хабар-ошарсыз кетті деп танылуы не қайтыс болды деп жариялануы; оларға қатысты соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі салдарынан сырттай байқау әкімшісі және (немесе) оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың қызметін жүзеге асыру мүмкін болмаған кезде шеттетілуі;

тіркелу кезінде сырттай байқау әкімшісінің және (немесе) оңалтушының және (немесе) конкурстық басқарушылардың дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісі анықталған кезде шеттетілуі;

тіркелу кезінде оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылар және ( немесе) сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру мақсатында тіркелінген тұлғаның дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісінің анықталуы;

5) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болуы;

6) сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз не әрекетке қабілеті шектеулі деп танылуы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіздемелер болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, ХҚО қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, халыққа қызмет көрсету орталықтарының және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды

адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрліктің басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.

ХҚО қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым ХҚО-ның www.con.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша ХҚО-нің басшысына жіберіледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің, ХҚО-ның атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Денсаулық жағдайына байланысты ХҚО жеке өзі келу мүмкіндігі жоқ көрсетілетін қызметті алушылардан мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды қабылдауды, ХҚО қызметкері (қағаз жеткізгішті толтырған кезде) көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жеріне шығу арқылы жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары порталда, Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.salyk.gov.kz, ХҚО-ның www.con.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде, мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

17. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс телефондары: 8 (7172) 58–09–09, Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 8–800–080–7777, 1414.

«Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаларды тіркеу және оларды тіркеуден алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті

____________________________
(толық Т.А.Ә.)

____________________________
(нақты тұрғылықты мекенжайы, байланыс телефондары)

**Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру мақсатында тіркеуге өтініш**

___________________________________________________________
(оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісі – өтініш берушінің қалауы бойынша) ретінде қызметін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының __________________________________________________ аумағында
(бір ғана облыс немесе Астана, Алматы қаласы көрсетіледі) тіркеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлға туралы мәліметтер:

1. Туған күні, айы, жылы ____________________________________
2. Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері _______________
(сериясы, №, кім және қашан берген)
3. ЖСН ______________________________________________________
4. Білімі (жоғары экономикалық және (немесе) заң)
______________________________________________________________
(диплом берілген күні, №, оқу орнының атауы, мамандығы)
5. Дара кәсіпкер ретінде тіркелгендігі туралы куәлігі __________
______________________________________________________________
(№, кім және қашан берген)
6. Оңалтушы, конкурстық басқарушылар, сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру бойынша даярлықтан өтуін растайтын мәліметтер
______________________________________________________________
______________________________________________________________
(құжаттың атауы, сериясы, №, кім және қашан берген)
7. Жұмыс орны ________________________________________________
8. Тұрғылықты мекенжайы _____________________________________
9. Почталық мекенжайы _______________________________________
(тағайындалғаны туралы хабарлама алу үшін көрсетіледі)
10. Экономикалық, қаржы, есептік-талдамалық, бақылау-тексеру, құқық қызметі салаларының бірінде не заңды тұлғаның бірінші басшысы лауазымында кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер ___________________________________________________
______________________________________________________________
(лауазымы, ұйымның атауы, жұмыс кезеңі)
11. Сотталғандығы бар/жоғы туралы мәліметтер _________________
12. Наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде есепте тұрғаны/тұрмағаны туралы мәліметтер ___________________________
13. Электрондық почта мекенжайы (e-mail) _____________________
14. Қоса беріліп отырған құжаттар:
1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) жоғары заң және (немесе) экономикалық білімі туралы дипломдардың көшірмесі;

3) білім беру ұйымы берген оңалтушы, конкурстық басқарушылардың, сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыру бойынша даярлықтан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі;

4) еңбек қызметін, оның ішінде жұмыс өтілін растайтын құжаттардың көшірмесі;

5) тұрғылықты жері бойынша ұсынылғанға дейін кемінде бір ай бұрын берілген сотталғаны жоқ екендігі туралы анықтама;

6) тұрғылықты жері бойынша ұсынылғанға дейін кемінде бір ай бұрын наркологиялық және психиатриялық диспансерлер берген медициналық анықтамалары.

Ескертпе: құжаттардың көшірмелері салыстырып тексеру үшін түпнұсқасымен бірге не құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылады.

_______ ____________________

(қолы) (Т.А.Ә.)

20__ жыл «____» __________

(күні)

«Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаларды тіркеу және оларды тіркеуден алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті

_____________________________

(толық Т.А.Ә.)

_____________________________

(нақты тұрғылықты мекенжайы, байланыс телефондары)

**Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру мақсатында**

**тіркелген тұлғаның деректеріне өзгерістер енгізу туралы өтініш**

____________________________________________________________________
(оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісі)
қызметін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының ________________________________________________________ аумағында
(облысты, Астана, Алматы қаласын көрсету қажет)
20__ жылғы «___» ___________________ № __ тіркелген _________________
(тіркеу күні, №)
______________________________________________________________________
(Т.А.Ә.)
деректеріне мынадай өзгерістерді енгізуді сұраймын: _________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
(тіркеу туралы өтініште өзгертуге жататын мәліметтер көрсетіледі)
________ ______________________
(қолы) (Т.А.Ә.)
20__ жыл «___» __________
(күні)
«Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаларды тіркеу және оларды тіркеуден алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті
____________________________
(толық Т.А.Ә.)
____________________________
(нақты тұрғылықты мекенжайы, байланыс телефондары)

**Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру мақсатында**

**тіркелген тұлғаны тіркеуден шығаруға**
**өтініш**

«Банкроттық туралы» 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ________________________________________
(негіздеме)
байланысты ____________________________________________________________
(оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісі)
ретінде қызметін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының ____________________________________________________________ аумағында
(облысты, Астана, Алматы қалаларын көрсету қажет)
20 ____ жылғы «____» _______________ №___ тіркелген _________________
(тіркеу күні, №)
______________________________________________________________________
(Т.А.Ә.)
тіркеуден алуды сұраймын.

Өтінішті беру кезінде конкурстық іс жүргізу және (немесе) оңалту және (немесе) сырттай байқау рәсімін жүзеге асырмаймын.

________ ______________________
(қолы) (аты-жөні)
20__ жыл «___» __________
(күні)

«Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаларды тіркеу және оларды тіркеуден алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
4-қосымша

(Тегі, аты, болса әкесінің аты (бұдан әрі – Т.А.Ә.) немесе көрсетілетін қызметті алушы ұйымның атауы)
_________________________________
(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

**Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2) тармағын басшылыққа ала отырып, «Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК филиалының №__ бөлімі ( мекенжайын көрсету) Сіздің «Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаларды тіркеу және оларды тіркеуден алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты, мемлекеттік қызметін көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

1) ________________________________;

2) ________________________________;

3) ....

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден екі данада жасалды.

(ХҚО қызметкерінің) Т.А.Ә. (қолы)

Орындаушы. Т.А.Ә.

Телефон.

Алдым: Т.А.Ә./ көрсетілетін қызметті алушының қолы

«___» _________ 20__ ж.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 5 наурыздағы
№ 200 қаулысымен
бекітілген

**«Дара кәсіпкерлерге патент беру»**
**мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Дара кәсіпкерлерге патент беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтардағы Салық басқармалары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтiнiштердi қабылдауды және мемлекеттiк қызмет көрсету нәтижесiн берудi:
1) көрсетілетін қызметті берушi ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтары немесе «Салық төлеушiнiң кабинетi» веб-қосымшасы (бұдан әрi – Салық төлеушiнiң кабинетi), Салық есептiлiгiн өңдеу сервистерi (бұдан әрi – СЕӨС) ақпараттық жүйесi арқылы;
2) «электрондық үкiмет» веб-порталы (бұдан әрi – портал) арқылы жүзеге асырады.

## 2. Мемлекеттiк қызметтi көрсету тәртiбi

4. Мемлекеттiк қызметтi көрсету мерзiмдерi:
1) салық органының ақпараттық жүйесiнде дара кәсiпкерлер үшiн арнайы салық режимiн қолдануға патенттi (бұдан әрi – Патент) қалыптастыру – осы мемлекеттiк көрсетiлетiн қызмет стандартына қосымшаға сәйкес Патент құнының есебiн (бұдан әрi – Есеп) тапсырған күнiнен кейiнгi бiр жұмыс күнi iшiнде;
2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшiн күтудiң рұқсат берiлетiн ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;
3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудiң рұқсат берiлетiн ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды.
5. Мемлекеттiк қызметтi көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрiнде.
6. Мемлекеттiк қызметтi көрсету нәтижесi Патенттi салық органының ақпараттық жүйесiнде қалыптастыру болып табылады.
Мемлекеттiк қызметтi көрсету нәтижесiн беру нысаны: электрондық.
Портал арқылы жүгiнген кезде мемлекеттiк қызмет көрсету нәтижесi көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрi – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жiберiледi.
Көрсетілетін қызметті алушы келу тәртiбiмен жүгiнген кезде көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған мемлекеттiк қызмет көрсету нәтижесi басып шығарылады және көрсетілетін қызметті алушыға қағаз жеткiзгiште берiледi.
7. Мемлекеттiк қызмет тегiн көрсетiледi.
8. Жұмыс кестесi:
1) көрсетілетін қызметті берушi – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерiн қоспағанда, күн сайын дүйсенбiден бастап жұманы қоса алғанда, жылжымалы жұмыс кестесiне сәйкес түскi үзiлiссiз сағат 9.00-ден 17.00-ге дейiн.

Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген.

2) портал, Салық төлеушінің кабинеті және СЕӨС – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушы орналасқан жері бойынша көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде Есеп тапсырады.

Қағаз жеткізгіште келу тәртібінде табыс етілген Есеп екі данада жасалады, бір данасы көрсетілетін қызметті алушыға салық органының белгісімен қайтарылады. Бір мезгілде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы белгімен талон беріледі.

Почта арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші почта хабарламасына белгі қояды.

Портал арқылы «жеке кабинетке» немесе «Салық төлеушінің кабинеті», СЕӨС арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттардың қабылданғаны/қабылданбағаны туралы электрондық хабарлама/растау алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін Есеп нысаны порталда, Министрліктің Салық комитетінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында, « Салық төлеушінің кабинеті» мен СЕӨС-те орналастырылған.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның

қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады .

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары порталда, Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс телефондары: 8 (7172) 58-09-09, Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Дара кәсіпкерлерге патент беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты қосымша

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі [illegible]
Нысан 911.00 Бет 01

# ПАТЕНТ ҚҰНЫН ЕСЕПТЕУ

[illegible]

## І бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

1 ЖСН
2 Салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы
3 Салықтық кезеңін тапсырылатын салықтық кезең: жыл
4 Есептің түрі (тиісті тор көзге Х белгісін қойыңыз): бастапқы / кезекті / қосымша / хабарлама бойынша қосымша
5 Хабарламаның нөмірі мен күні (хабарлама бойынша қосымша есеп берілген жағдайда толтырылады):
A нөмірі
B күні
| 9 | Этил спиртін, шикізатты және қосалқы материалдарды санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келетін қойма үй-жайларында және қоймаларда сақтау шарттары | Лицензиардың сұрау салуына санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау саласындағы уәкілетті органның жауабы | Лицензиардың сұрау салуы Лицензиялау туралы» Қазақс Республикасы Заңының 42-баб белгіленген тәртіпте санитариялық-эпидемиологиялы қадағалау саласындағы уәкілетті жауап береді |
| 10 | Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің талаптарына сәйкес тексерілген температуралық және ылғалдық режимі бойынша шикізатты, қосалқы материалдарды, этил спиртін сақтау шарттарын бақылауға мүмкіндік беретін аспаптар | Аспаптардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес) | Аспаптардың болуын лицензи Қазақстан Республикасында мемлекеттік бақылау және қада туралы» Қазақстан Республик Заңының 10-бабына сәйк бақылаудың өзге нысанын жүр жолымен анықтайды |
| Алкоголь өнімін өндіру бойынша қызмет түрі үшін | | | |
| 11 | Алкоголь өнімін өндірушінің өндіру паспорты | Алкоголь өнімін өндіруші әзірлеген және бекіткен алкоголь өнімінің өндіру паспортының көшірмесі | Алкоголь өнімін өндіру паспо Этил спирті мен алкоголь өн өндіру паспорты үшін қаж мәліметтер тізбесін бекіту тур Қазақстан Республикасы Үкіме 2011 жылғы 28 қарашадағы № қаулысының талаптарына сәйкес тиіс |
| 12 | Арақ пен айрықша арақ және ликер-арақ өнімдерін (күштілігі он екі пайызға жетпейтін күштілігі төмен ликер-арақ өнімдерінен басқасын) әрбір технологиялық желіде тоқсандар бойынша бір қалыпты жылына 200 мың декалитрден төмен емес көлемде өндіру және өнім шығару мүмкіндігі | Арақ пен айрықша арақ және ликер-арақ өндіруге мүмкіндік беретін жабдықтың пайдалану-техникалық сипаттамасын қамтитын жабдық паспорттарының көшірмелерін қоса бере отырып, өтініш беруші жүргізетін өндірістік қуат есебі | Осы талапқа сәйкестік өндір қуаттың есебінің дәйектілігі бой және тиісті жабдықтың паспорт көрсетілген деректер бойын белгіленеді |
| 13 | Алкоголь өнімін өндіру паспортында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келетін меншік құқығындағы стационарлық үй-жайлар | Меншік құқығындағы стационарлық өндірістік үй-жайлардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес) | Жылжымайтын мүлікке мен құқығы мемлекеттік электрон ақпараттық ресурстар арқы белгіленеді |
| 14 | Стационарлық үй-жайларда алкоголь өнімін өндіруді қамтамасыз ететін коммуникациялар (сумен жабдықтау, электр қуатымен жабдықтау, кәріз) | Коммуникациялардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес) | Коммуникациялардың болу лицензиар «Қазақстан Республикасындағы мемлекет бақылау және қадағалау тура Қазақстан Республикасы Заңын бабына сәйкес өзге бақылау ныс жүргізу жолымен анықтайды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 15 | Меншік құқығындағы алкоголь өнімін өндіру кезінде пайдаланылатын технологиялық жабдық | Ұйымның балансына технологиялық жабдықты қабылдау туралы бухгалтерлік (есептік) құжаттардың көшірмелері | |
| 16 | Лицензиарға өндіру көлемі туралы ақпаратты автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін алкоголь өнімін өндіру көлемін есепке алу (көмір қостотығымен қаныққанынан және шарап материалынан басқа) аппараттары | Алкоголь өнімін өндіру көлемін есептеу аппараттарының болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес) | «Этил спиртін өндіруді технологиялық желілерін сп өлшейтін аппараттармен, алко өнімін (шарап материалынан сырадан басқа) өндіруді - уәкі органға нақты уақыт режимінде көлемі туралы деректерді автом түрде беруді қамтамасыз ет есептеуші бақылау аспаптары жарақтау жөніндегі талаптар сондай-ақ олардың жұмыс істеуін этил спирті мен алкоголь өнім есепке алынуын жүзеге асыр бақылау тәртібін бекіту ту Қазақстан Республикасы Үкіме 2012 жылғы 12 қаңтардағы N қаулысының талаптарын қанағаттандыратын есепте аппараттарының болуын лиценз Қазақстан Республикасында мемлекеттік бақылау және қада туралы» Қазақстан Республик Заңының 10-бабына сәйк бақылаудың өзге нысанын жүр жолымен анықтайды |
| 17 | Алкоголь өнімін өндіруге пайдаланылатын этил спиртін сақтауға, қабылдауға және жіберуге ғана арналған және өндірілген алкогольдік өнімді сақтауға, қабылдауға және жіберуге арналған қойма үй-жайлары - мамандандырылған стационарлық үй-жайлар | | «Этил спиртін сақтау мен өт тиеп-жөнелту, қабылдап а қағидаларын бекіту туралы» Қаза Республикасы Үкіметінің 2011 ж 21 желтоқсандағы № 1572 қаулы белгіленген талаптарға сәйкес ке спиртті сақтауға арналған қо үй-жайларының және өндірі алкогольдік өнімді сақтауға арна қойма үй-жайларының сәйкес лицензиар «Қазақстан Республикасындағы мемлекет бақылау және қадағалау тура Қазақстан Республикасы Заңын бабына сәйкес бақылаудың нысанын жүргізу жолымен анықт |
| 18 | Алкоголь өнімін өндіруге арналған шикізатты сақтауға, дайындауға (өңдеуге) беруге арналған қойма | Қойманың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес) | Қойманың болуын лицензи Қазақстан Республикасында мемлекеттік бақылау және қада туралы» Қазақстан Республик Заңының 10-бабына сәйк бақылаудың өзге нысанын жүр жолымен анықтайды |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 19 | Алкоголь өнімін, шикізатты және қосалқы материалдарды санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келетін қойма үй-жайларында және қоймаларда сақтау шарттары | Лицензиардың сұрауына санитариялық- эпидемиологиялық қадағалау саласындағы уәкілетті органның жауабы | Лицензиардың сұрауына Лицензиялау туралы» Қазақс Республикасы Заңының 42-бабы белгіленген тәртіпте санитариялық-эпидемиологиялы қадағалау саласындағы уәкілетті жауап береді |
| 20 | Өлшемдердің бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің талаптарына сәйкес тексерілген температуралық және ылғалдық режимі бойынша шикізатты, қосалқы материалдарды, алкоголь өнімін сақтау шарттарын бақылауға мүмкіндік беретін аспаптар | Аспаптардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес) | Аспаптардың болуын лиценз Қазақстан Республикасында мемлекеттік бақылау және қада туралы» Қазақстан Республик Заңының 10-бабына сәйк бақылаудың өзге нысанын жү жолымен анықтайды |
| Алкоголь өнімін өндіру аумағында сақтау және көтерме саудада сату қызметін қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау көтерме саудада сату қызметінің түрі үшін | | | |
| 21 | Базарлардан, көтерме базарлардан тыс орналасқан, меншік құқығындағы немесе уақытша иелік ету (пайдалану), өтеусіз пайдалану құқығындағы алкоголь өнімін сақтауға, қабылдауға және жіберуге ғана арналған стационарлық қойма үй-жайлар | Тіркеуші органның жүргізілген тіркеу туралы белгісімен құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі, құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесі арқылы тіркелген (2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап беріледі) жағдайда - жүргізілген тіркеу туралы хабарламаның көшірмесі | Жылжымайтын мүлікке мен құқығы немесе уақытша иелік пайдалану) құқығы мемлеке электрондық ақпараттық ресур арқылы белгіленеді |
| | | Жалға алу немесе өтеусіз пайдалану шартының көшірмесі – осы шарттарды кемінде бір жылдан кем мерзімге жасасқан жағдайда | |
| 22 | Қойма үй-жайларындағы коммуникациялар (сумен жабдықтау , электр қуатымен жабдықтау, кәріз) | Коммуникациялар болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес) | Осы талапқа сәйкестігін лиценз Қазақстан Республикасында мемлекеттік бақылау және қада туралы» Қазақстан Республик Заңының 10-бабына сәйк бақылаудың өзге нысанын жү жолымен анықтайды |
| | | Техникалық сипаттамасын көрсете отырып, қойма стационарлық үй-жайға техникалық паспорттың көшірмесі | |
| 23 | Мәлімделген қойма үй-жайларында алкоголь өнімдерін сақтау және көтерме саудада сату бойынша қызметті жүзеге асыратын екі және одан астам лицензиаттың болуы немесе болмауы туралы мәліметтер | Екі және одан астам лицензиаттың болуы немесе болмауы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес) | Мәліметтердің дәйектілігін лице «Қазақстан Республикасында мемлекеттік бақылау және қада туралы» Қазақстан Республик Заңының 10-бабына сәйк бақылаудың өзге нысанын жү жолымен анықтайды |
| 24 | Өлшемдердің бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің талаптарына сәйкес тексерілген температуралық және ылғалдық режимі бойынша алкоголь өнімін сақтау шарттарын бақылауға мүмкіндік беретін аспаптар | Аспаптардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес) | Аспаптардың болуын лиценз Қазақстан Республикасында мемлекеттік бақылау және қада туралы» Қазақстан Республик Заңының 10-бабына сәйк бақылаудың өзге нысанын жү жолымен анықтайды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 25 | Балалар мекемелері мен білім беру ұйымдары қоршауының шекарасына дейінгі жүз метрден астам радиуста орналасқан қойма үй-жайларының қоршау шекарасы | | Осы талапқа сәйкестігін лиценз Қазақстан Республикасында мемлекеттік бақылау және қада туралы» Қазақстан Республик Заңының 10-бабына сәйк бақылаудың өзге нысанын жү жолымен анықтайды |
| Алкоголь өнімін өндіру аумағында сақтау және бөлшек саудада сату қызметін қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау бөлшек саудада сату қызметінің түрі үшін | | | |
| 26 | Базарлардан, көтерме базарлардан тыс орналасқан, меншік құқығындағы немесе уақытша иелік ету (пайдалану), өтеусіз пайдалану құқығындағы стационарлық үй-жайы | Тіркеуші органның жүргізілген тіркеу туралы белгісімен құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі, құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесі арқылы тіркелген (2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап беріледі) жағдайда - жүргізілген тіркеу туралы хабарламаның көшірмесі | Жылжымайтын мүлікке мен құқығы немесе уақытша иелік пайдалану), өтеусіз пайдалану құ мемлекеттік электрондық ақпара ресурстар арқылы белгіленеді. |
| | | Жалға алу немесе өтеусіз пайдалану шартының көшірмесі – осы шарттарды кемінде бір жылдан кем мерзімге жасасқан жағдайда | |
| 27 | Стационарлық үй-жайлардағы коммуникациялар (сумен жабдықтау , электр қуатымен жабдықтау, кәріз) | Стационарлық үй-жайға техникалық сипаттамасы көрсетілген техникалық паспорттың көшірмесі | Осы талапқа сәйкестігін лиценз Қазақстан Республикасында мемлекеттік бақылау және қада туралы» Қазақстан Республик Заңының 10-бабына сәйк бақылаудың өзге нысанын жү жолымен анықтайды |
| | | Коммуникациялардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес) | |
| 28 | Фискалды жады бар бақылау-касса машинасы | Бақылау-касса машинасының болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес) | Бақылау-касса машинасының б мемлекеттік электрондық ақпара ресурстар арқылы белгіленеді |
| 29 | Алкоголь өнімдерін ғана қоюға арналған витриналар және (немесе) сөрелер | | Витриналардың және (неме сөрелердің болуын, лицензи Қазақстан Республикасында мемлекеттік бақылау және қада туралы» Қазақстан Республик Заңының 10-бабына сәйк бақылаудың өзге нысанын жү жолымен анықтайды |
| | Өлшемдердің бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің талаптарына сәйкес тексерілген температуралық және ылғалдық режимі бойынша алкоголь өнімін сақтау шарттарын бақылауға мүмкіндік беретін аспаптар | Аспаптардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес) | Аспаптардың болуын лицензи Қазақстан Республикасында мемлекеттік бақылау және қада туралы» Қазақстан Республик Заңының 10-бабына сәйк бақылаудың өзге нысанын жү жолымен анықтайды |
| | Балалар мекемелері мен білім беру ұйымдары қоршауының шекарасына дейінгі жүз метрден астам радиуста | | Осы талапқа сәйкестігін лиценз Қазақстан Республикасында |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 31 | орналасқан стационарлық үй-жайлардың қоршаулары болмаған кезде стационарлық үй-жайлар қоршауларының шекаралары немесе стационарлық үй-жайларға арналған жер учаскесінің шекаралары | | мемлекеттік бақылау және қада туралы» Қазақстан Республик Заңының 10-бабына сәйк бақылаудың өзге нысанын жү жолымен анықтайды |

Алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оны сақтау, көтерме және (немесе) бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, этил спиртін өндіру, алкоголь өнімін өндіру, алкоголь өнімін сақтау, көтерме және (немесе) бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесіне қосымша

## Алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оны сақтау, көтерме және (немесе) бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, этил спиртін өндіру, алкоголь өнімін өндіру, алкоголь өнімін сақтау, көтерме және (немесе) бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарына мәліметтер нысандары

Этил спиртін өндіру бойынша қызмет түрі үшін:

1. Этил спиртін өндіру паспортында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келетін меншік құқығындағы стационарлық үй-жайлар: мыналар:

1) орналасқан жерінің мекенжайы (почталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көшенің атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі ________________________________________________;

2) стационарлық үй-жайдың кадастрлық нөмірі __________________;

3) меншік құқығы туындауының негізі ____________________________;

4) меншік құқығының туындауын растайтын құжаттың (құжаттардың) нөмірі мен күні ____________________________;

5) нысаналы мақсаты (жоспар бойынша литер) ___________________;

6) стационарлық үй-жайдың жалпы алаңы ________________________;

7) салынған жылы __________________________________________________ көрсетілсін.

2. Стационарлық үй-жайда этил спиртін өндіруді қамтамасыз ететін коммуникациялар (сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау және кәріз):

мыналар:

1) стационарлық үй-жайды сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау және кәрізбен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсету туралы шарттың (шарттардың) атауы ___________________________________;

2) шарттың (шарттардың) нөмірі мен күні _____________________ көрсетілсін.

3. Лицензиарға өндіру көлемі туралы ақпаратты автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін спирт өлшеуіш аппараттар:

мыналар:

1) аппараттарды сатып алуға, монтаждауға және орнатуға арналған шарттың (шарттардың) нөмірі мен күні _________________________________;

2) аппараттар саны ___________________________________________;

3) ақпаратты автоматты түрде беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз етудің бар-жоғы __________________ көрсетілсін.

4. Этил спиртін өндіруге шикізатты сақтау, дайындау (өңдеу), беру үшін арналған қойма:

мыналар:

1) меншік құқығы туындауының негізі ____________________________;

2) нысаналы мақсаты (жоспар бойынша литер) __________________;

3) меншік құқығының туындауын растайтын құжаттың (құжаттардың) нөмірі мен күні _____________________________________________________;

4) қойманың алаңы ____________________________________________;

5) біржолғы сақтау көлемі _____________________________________ көрсетілсін.

5. Өлшемдердің бірлігін мемлекеттік қамтамасыз ету жүйесінің талаптарына сәйкес тексерілген температуралық - ылғалдық режимі бойынша шикізатты, қосалқы материалдарды, этил спиртін сақтау шарттарын бақылауға мүмкіндік беретін аспаптар:

мыналар:

1) аспаптарды сатып алуды растайтын құжаттың (құжаттардың) нөмірі мен күні _________________________________;

2) аспаптарды тексеруді жүзеге асыратын ұйымның атауы _______;

3) соңғы және кейінгі тексерудің күні _________________________ көрсетілсін.

Алкоголь өнімін өндіру бойынша қызмет түрі үшін:

1. Алкоголь өнімін өндіру паспортында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келетін меншік құқығындағы стационарлық үй-жайлар: мыналар:

1) орналасқан жерінің мекенжайы (почталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көшенің атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі ___________________________________________;

2) стационарлық үй-жайдың кадастрлық нөмірі _________________;

3) меншік құқығы туындаудың негіздемесі _____________________;

4) меншік құқығының туындауын растайтын құжаттың (құжаттардың) нөмірі және күні _____________________________________________;

5) нысаналы мақсаты (жоспар бойынша литер) __________________;

6) стационарлық үй-жайдың жалпы алаңы ________________________;

7) салынған жылы ______________________________________________ көрсетілсін.

2. Стационарлық үй-жайда алкоголь өнімін өндіруді қамтамасыз ететін коммуникациялар (сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау және кәріз): мыналар:

1) стационарлық үй-жайларды сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау және кәрізбен қамтамасыз ету жөніндегі шарттың (шарттардың) атауы _____________________________________________________;

2) шарттың (шарттардың) нөмірі мен күні ______________________ көрсетілсін.

3. Лицензиарға өндіру көлемі туралы ақпаратты автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін алкоголь өнімдерінің өндірілу көлемін есептеу аспаптары (көмір қостотығымен қаныққанынан және шарап материалынан басқа): мыналар:

1) аспаптарды сатып алуға, монтаждауға және орнатуға шарттың (шарттардың) нөмірі мен күні ___________________;

2) аспаптар саны ______________________________________________;

3) ақпаратты автоматты түрде беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз етудің бар-жоғы __________________ көрсетілсін.

4. Алкоголь өнімін өндіруге шикізатты сақтауға, дайындауға (өңдеуге), беруге арналған қойма: мыналар:

1) меншік құқығы туындауының негізі __________________________;

2) нысаналы мақсаты (жоспар бойынша литер) __________________;
3) меншік құқығының туындауын растайтын құжаттың (құжаттардың) нөмірі мен күні ________________________________________________;
4) қойманың алаңы ____________________________________________;
5) біржолғы сақтау көлемі ______________________________________ көрсетілсін.
5. Өлшемдердің бірлігін мемлекеттік қамтамасыз ету жүйесінің талаптарына сәйкес тексерілген температуралық - ылғалдық режимі бойынша шикізатты, қосалқы материалдарды, алкоголь өнімін сақтау шарттарын бақылауға мүмкіндік беретін аспаптар: мыналар:
1) аспаптарды сатып алуды растайтын құжаттың (құжаттардың) нөмірі мен күні ________________________________________________;
2) аспаптарды тексеруді жүзеге асыратын ұйымның атауы ________;
3) соңғы және кейінгі тексерудің күні __________________________ көрсетілсін.
Алкоголь өнімі өндірілетін аумақта оны сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметтің түрі үшін:
1. Қойма үй-жайдағы коммуникациялар (сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау және кәріз): мыналар:
1) стационарлық үй-жайларды сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау және кәрізбен қамтамасыз ету жөніндегі шарттың (шарттардың) атауы ______________________________________________________________;
2) шарттың (шарттардың) нөмірі мен күні ______________________ көрсетілсін.
2. Мәлімделген қойма үй-жайда алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын екі немесе одан көп лицензиаттың бар немесе жоқ болуы туралы мәліметтер:
қойма үй-жайында екі немесе одан көп лицензиаттың бар немесе жоқ болуы көрсетілсін ________________________________________.
3. Өлшемдердің бірлігін мемлекеттік қамтамасыз ету жүйесінің талаптарына сәйкес тексерілген температуралық - ылғалдық режимі бойынша алкоголь өнімін сақтау шарттарын бақылауға мүмкіндік беретін аспаптар:
мыналар:
1) аспаптарды сатып алуды растайтын құжаттың (құжаттардың) нөмірі және күні _______________________________________________;

2) аспаптарды тексеруді жүзеге асыратын ұйымның атауы _______;
3) соңғы және кейінгі тексерудің күні ________________________ көрсетілсін.

Алкоголь өнімі өндірілетін аумақта оны сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметтің түрі үшін:

1. Стационарлық үй-жайдағы коммуникациялар (сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау және кәріз):
мыналар:
1) стационарлық үй-жайларды сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау және кәрізбен қамтамасыз ету жөніндегі шарттың (шарттардың) атауы ________________________________________________________________;
2) шарттың (шарттардың) нөмірі мен күні ______________________ көрсетілсін.

2. Фискалдық жады бар бақылау-кассалық машина:
бақылау-кассалық машинаны тіркеуді растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетілсін ______________________________________________.

3. Өлшемдердің бірлігін мемлекеттік қамтамасыз ету жүйесінің талаптарына сәйкес тексерілген температуралық ылғалдық режимі бойынша алкоголь өнімін сақтау шарттарын бақылауға мүмкіндік беретін аспаптар:
мыналар:
1) аспаптарды сатып алуды растайтын құжаттың (құжаттардың) нөмірі мен күні ____________________________;
2) аспаптарды тексеруді жүзеге асыратын ұйымның атауы _______;
3) соңғы және кейінгі тексерудің күні ________________________ көрсетілсін.

«Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтауға және бөлшек саудада сатуға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
4-қосымша

(Тегі, аты, болса әкесінің аты (бұдан әрі – Т.А.Ә) немесе көрсетілетін қызметті алушы

ұйымның атауы)
___________________________________
(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

**Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2) тармағын басшылыққа ала отырып, «Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК филиалының №__ бөлімі (мекенжайын көрсету) құжаттарды қабылдаудан Сіздің «Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтауға және бөлшек саудада сатуға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты, мемлекеттік қызметін көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

жоқ құжаттардың атауы:

1) ________________________________;

2) ________________________________;

3)....

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден екі данада жасалды.

(ХҚО қызметкерінің) Т.А.Ә. (қолы)

Орындаушы. Т.А.Ә.

Телефон.

Алдым: Т.А.Ә./ көрсетілетін қызметті алушының қолы

20__ ж. «___» _________

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 200 қаулысымен бекітілген

**«Салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер, салық міндеттемесін, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу және аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу бойынша міндеттемелерді орындау бойынша бюджетпен есеп айырысулардың**

**жай-күйі туралы дербес шоттан үзінді көшірмелер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар ) екендігі туралы мәліметтер, салық міндеттемесін, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу және аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу бойынша міндеттемелерді орындау бойынша бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі туралы дербес шоттан үзінді көшірмелер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумақтарындағы Салық басқармалары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші тарапынан ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтары немесе «Салық төлеушінің кабинеті» веб-қосымшасы (бұдан әрі – Салық төлеушінің кабинеті) арқылы;

2) халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі – ХҚО) арқылы;

3) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап:

құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлғаға салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама (бұдан әрі - анықтама) беру – салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді алу үшін салықтық өтінішті (бұдан әрі – анықтама алу үшін салықтық өтініш) берген күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей;

құрылымдық бөлімшесі жоқ заңды тұлғаға, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесіне, резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекемесіне, жеке тұлғаға, дара кәсіпкерге, жекеше нотариусқа, жеке сот орындаушысына, адвокатқа анықтама беру – анықтама алу үшін салықтық өтінішті берген күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей;

салық міндеттемесін, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару және әлеуметтік аударымдарды төлеу бойынша міндеттемелерді орындау бойынша бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі туралы дербес шоттан үзінді көшірме беру (бұдан әрі – үзінді көшірме) – салық міндеттемесін орындау бойынша бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі туралы дербес шоттан үзінді көшірме алуға салықтық өтінішті (бұдан әрі – үзінді көшірме алуға салықтық өтініш) берген күнінен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей.

Анықтаманы беру бойынша көрсетілетін қызметті алушының өтініші мен құжаттарын көрсетілетін қызметті берушіге қағаз жеткізгіште жіберуді көздейтін мемлекеттік қызметті ХҚО арқылы көрсету кезінде өтініштер мен құжаттар қабылданған күн осы тармақта белгіленген мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

көрсетілетін қызметті алушының ХҚО-на құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 15 минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

ХҚО-ның көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің берілетін ең ұзақ уақыты – 15 минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) анықтаманы беру;

2) үзінді көшірмені беру;

3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздемелер бойынша көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуы туралы электрондық құжат нысанында уәжделген жауабы болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық және ( немесе) қағаз түрінде.

Көрсетілетін қызметті алушы анықтаманы, үзінді көшірмені қағаз

жеткізгіште алу үшін жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының қолымен және мөрмен куәландырылады.

Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жылжымалы жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;

2) ХҚО – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін. Қабылдау «электрондық» кезек тәртібімен жүзеге асырылады;

3) портал, Салық төлеушінің кабинеті – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) анықтама алу үшін – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салықтық өтініш;

2) үзінді көшірме алу үшін – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салықтық өтініш.

Қағаз жеткізгіште келу тәртібінде табыс етілген анықтама алу үшін салықтық өтініш және үзінді көшірме алуға салықтық өтініш екі данада жасалады, бір данасы көрсетілетін қызметті алушыға салық органының белгісімен қайтарылады. Бір мезгілде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы белгімен талон беріледі.

Почта арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші почта хабарламасына белгі қояды.

ХҚО-ға:

1) анықтама алу үшін – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салықтық өтініш;

2) үзінді көшірме алу үшін – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салықтық өтініш.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті ХҚО арқылы алу үшін ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімін береді.

ХҚО-ға жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға:

1) сұрау салудың нөмірі және қабылданған күні;

2) сұрау салынып отырған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің түрі;

3) қоса берілген құжаттардың саны мен атаулары;

4) құжаттардың берілу күні, уақыты мен орны;

5) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған ХҚО қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты;

6) өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты, уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты және олардың байланыс телефондары көрсетіле отырып, тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

ХҚО-да дайын құжаттарды беруді қолхаттың негізінде онда көрсетілген мерзімде «терезелер» арқылы ХҚО қызметкері жүзеге асырады.

Порталға: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық нысандағы өтініші.

Портал, Салық төлеушінің кабинеті арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін құжаттардың қабылданғаны/қабылданбағаны туралы электрондық хабарлама/растау алады.

Анықтама алуға арналған салықтық өтініш және үзінді көшірмені алуға арналған салықтық өтініш нысандары Министрліктің Салық комитетінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында, салық органының күту залындағы стенділерде және арнайы бағандарда орналастырылған. Анықтама алуға арналған салықтық өтініш және үзінді көшірмені алуға арналған салықтық өтініш нысандары салық органдарында тегін беріледі.

10. Салық есептілігін табыс ету мерзімін ұзарту жағдайларын қоспағанда, салықтық өтінішті беру күніне салық кезеңі үшін салық есептілігін көрсетілетін қызметті алушының ұсынбауы мемлекеттік қызметті көрсетуден (анықтама беруден) бас тарту үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ХҚО-ға жүгінген кезде көрсетілетін қызмет алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, ХҚО қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхатты береді.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, халыққа қызмет көрсету орталықтарының және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрліктің басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

ХҚО қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым ХҚО-ның www.con.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша ХҚО-ның басшысына жіберіледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің, ХҚО-ның кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркегеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің, ХҚО-ның басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің, ХҚО-ның атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады

.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Денсаулық жағдайына байланысты ХҚО жеке өзі келу мүмкіндігі жоқ көрсетілетін қызметті алушылардан мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды қабылдауды, ХҚО қызметкері (қағаз жеткізгішті толтырған кезде) көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жеріне шығу арқылы жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары порталда, Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.salyk.gov.kz, ХҚО-ның www.con.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде, мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

17. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс телефондары: 8 (7172) 58–09–09, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 8–800–080–7777, 1414.

«Салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің жоқ (немесе) бар екендігі туралы мәліметтер, салық міндеттемесін, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу және аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу бойынша міндеттемелерді орындау бойынша бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі туралы дербес шоттан көшірме беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша



«Салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің жоқ (немесе) бар екендігі туралы мәліметтер, салық міндеттемесін, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу және аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу бойынша міндеттемелерді орындау бойынша бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі туралы дербес шоттан көшірме беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша





САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕСІН, СОНДАЙ-АҚ МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫН, МІНДЕТТІ КӘСІПТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫН ЕСЕПТЕУ, ҰСТАУ ЖӘНЕ АУДАРУ, ӘЛЕУМЕТТІК АУДАРЫМДАРДЫ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАУ БОЙЫНША БЮДЖЕТПЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАРДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ШОТТАН ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ АЛУҒА САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШКЕ ҚОСЫМША

БСН/ЖСН

A Нөмір

«Салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің жоқ (немесе) бар екендігі туралы мәліметтер, салық міндеттемесін, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу және аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу бойынша міндеттемелерді орындау бойынша бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі туралы дербес шоттан көшірме беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

(Тегі, аты, болса әкесінің аты (бұдан әрі – Т.А.Ә) немесе көрсетілетін қызметті алушы ұйымның атауы)

_______________________________
(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

## Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2) тармағын басшылыққа ала отырып, «Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК филиалының №__ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің «Салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер, салық міндеттемесін, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын,

міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу және аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу бойынша міндеттемелерді орындау бойынша бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі туралы дербес шоттан үзінді көшірмелер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты, мемлекеттік қызметін көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

жоқ құжаттардың атауы:

1) ________________________________;

2) ________________________________;

3) ....

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден екі данада жасалды.

(ХҚО қызметкерінің) Т.А.Ә. (қолы)

Орындаушы. Т.А.Ә.

Телефон.

Алдым: Т.А.Ә./ көрсетілетін қызметті алушының қолы

20__ ж. «___» _________

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 200 қаулысымен бекітілген

## «Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомалары туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомалары туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстар, Алматы және Астана қалалары бойынша салық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтары арқылы жүзеге асырады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың топтамасын тапсырған сәттен бастап:

анықтама беру үшін – мыналардың:

салықтық өтініш берген;

резидент еместің есебіне жазылған табыстарының және төлеуге жататын салықтардың сомалары көрсетілген салық есептілігінің тиісті нысандарын резидент емес салық төлеуші және (немесе) салық агенті табыс еткен күндердің неғұрлым кеш күнінен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде.

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомасы туралы анықтама (бұдан әрі - анықтама) беру;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздемелер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуы туралы уәжделген жауабы болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

Анықтама көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды беру журналына қол қойғызып қағаз жеткізгіште беріледі.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жылжымалы жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушы (резидент емес) салықтық өтінішті осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес ұсынады:

Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме құрмай жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар, шетел азаматтары немесе азаматтығы

жоқ тұлғалар - салық агентінің орналасқан жері бойынша;

Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар - тұрақты мекеменің орналасқан жері бойынша;

Қазақстан Республикасындағы көздерден түскен табыстардан салықтар төлейтін шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ тұлғалар дербес - Қазақстан Республикасына келу (тұрғылықты) жері бойынша табыс етеді.

Келу тәртібінде табыс етілген салықтық өтініш екі данада жасалады, бір данасы көрсетілетін қызметті алушыға салық органының қойған белгісімен қайтарылады. Бір мезгілде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы белгімен талон беріледі.

Почта арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші почта хабарламасына белгі қояды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтініш нысаны Министрліктің Салық комитетінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында, салық органының күту залындағы стенділерде және арнайы бағандарда орналастырылған. Салықтық өтініш нысаны салық органдарында тегін беріледі.

10. Егер:

1) көрсетілетін қызметті алушының (резидент еместін) салықтық өтінішінің деректері көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) салық агентінің салық есептілігі нысандарында көрсетілген деректерге сәйкес келмеген;

2) салықтық өтініш берген күні көрсетілетін қызметті алушының табыстарынан салық төленбеген;

3) көрсетілетін қызметті алушыда және (немесе) салық агентінде салықтық өтініш берген күні көрсетілетін қызметті алушының (резидент еместердің) табыстарынан салықты аудару бойынша салық берешегі болған жағдайлар мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын

адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымның қабылданғанын растау шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) болып табылады. Тіркеуден кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары порталда, Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс

телефондары: 8 (7172) 58-09-09, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414

«Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомалары туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӨЗДЕРДЕН АЛЫНҒАН ТАБЫСТАРДЫҢ ЖӘНЕ ҰСТАЛҒАН (ТӨЛЕНГЕН) САЛЫҚТАРДЫҢ СОМАЛАРЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМАНЫ АЛУҒА САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШ

ЖСН/БСН

**Бөлім. Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың сомалары және Қазақстан Республикасында ұсталған (төленген) салықтардың сомалары туралы мәліметтер**

10 Тұрақты мекеме арқылы қызметтен резидент емеске таза табыс есептелді

11 Салықтар есептелді, оның ішінде:

A корпоративтік табыс салығы

B жеке табыс салығы

C таза табысқа корпоративтік табыс салығы

D мүлік салығы

E көлік құралдарына салық

12 Бюджетке салықтар ұсталды (төленді), оның ішінде:

A корпоративтік табыс салығы

ЖСН/БСН

**Бөлім. Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың сомалары және Қазақстан Республикасында ұсталған (төленген) салықтардың сомалары туралы мәліметтер**

B жеке табыс салығы

C таза табысқа корпоративтік табыс салығы

D мүлік салығы

E мүлік салығы

**Бөлім. Резидент еместің Қазақстан Республикасындағы немесе резиденттік еліндегі байланыс ақпараты**

13 Салық төлеушінің Қазақстан Республикасы немесе оның резиденттік еліндегі мекенжайы (анықтаманы жіберу үшін)

A ел коды

B пошта индексі

C облыс

D аудан

E елді мекен

F көше/шағын аудан

G үй нөмірі

H пәтер/бөлме

I телефон нөмірі

J электрондық пошта мекенжайы

ПАРАҚ В

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӨЗДЕРДЕН АЛЫНҒАН ТАБЫСТАРДЫҢ ЖӘНЕ ҰСТАЛҒАН (ТӨЛЕНГЕН) САЛЫҚТАРДЫҢ СОМАЛАРЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМАНЫ АЛУҒА САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШКЕ 1-ҚОСЫМША**

Алдындағы беттің нөмірін көрсетіңіз:

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК ... БАСПАХАНАЛЫҚ БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз.

**І бөлім. Жалпы ақпарат**

1 ЖСН/БСН

**ІІ бөлім. Табыс көзі туралы мәліметтер**

| A Нөмірі | E Салық кезеңі | F Табыс түрінің коды | G Төленген табыс сомасы (теңгемен) | H Қазақстан Республикасында есепке жатқызылған салықтың сомасы (теңгемен) |
|---|---|---|---|---|
| 00001 | Сандармен жыл | | | |

ПАРАҚ С

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӨЗДЕРДЕН АЛЫНҒАН ТАБЫСТАРДЫҢ ЖӘНЕ ҰСТАЛҒАН (ТӨЛЕНГЕН) САЛЫҚТАРДЫҢ СОМАЛАРЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМАНЫ АЛУҒА САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШКЕ 1-ҚОСЫМША**

Алдындағы беттің нөмірін көрсетіңіз:

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК ... БАСПАХАНАЛЫҚ БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз.

**І бөлім. Жалпы ақпарат**

1 ЖСН/БСН

**ІІ бөлім. Табыс көзі туралы мәліметтер**

| A Нөмірі | I Қазақстан Республикасында төленген салықтың сомасы (теңгемен) |
|---|---|
| 00001 | |


1480 [illegible]
1490 [illegible]
[illegible]
01 [illegible]
02 [illegible]
03 [illegible]
04 [illegible]

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2014 жылғы 5 наурыздағы
№ 200 қаулысымен
бекітілген

## «Салық резиденттігін растау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Салық резиденттігін растау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстар, Алматы және Астана қалалары бойынша салық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші тарапынан кеңсе немесе «Салық төлеушінің кабинеті» веб-қосымшасы (бұдан әрі – Салық төлеушінің кабинеті) арқылы;

2) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:
1) көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында айқындалған құжаттарды тапсырған күнінен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде;
2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;
3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды.
5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:
1) уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша резиденттігін растайтын құжатты беру;
2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздемелер бойынша бас тарту туралы уәжделген жауабы болып табылады.
Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық және ( немесе) қағаз түрінде.
Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі қағаз жеткізгіште ресімделеді, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының қолымен және мөрмен куәландырылады.
Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.
7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
8. Жұмыс кестесі:
1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жылжымалы жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.
Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;
2) портал, Салық төлеушінің кабинеті – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).
9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету

үшін қажетті құжаттар тізбесі:
көрсетілетін қызметті берушіге:
1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес резиденттігін растау туралы салықтық өтініш (бұдан әрі – салықтық өтініш);
мыналардың:
2) өзінің тиімді басқару орны Қазақстан Республикасында орналасқанының негізінде резидент болып табылатын шетелдік заңды тұлға – заңды тұлғаны тиімді басқару орны (нақты басқару органының орналасқан жері) Қазақстан Республикасында болуын растайтын құжаттың (өткізілген орны көрсетіле отырып, директорлар кеңесінің немесе ұқсас органның жалпы жиналысы хаттамасының немесе негізгі басқару және (немесе) бақылау, сондай-ақ заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметін жүргізу үшін қажетті стратегиялық коммерциялық шешімдер қабылдау орнын растайтын өзге де құжаттар);
3) резидент болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматы – жеке куәліктің немесе Қазақстан Республикасының паспортының;
4) резидент болып табылатын шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамдар – жеке куәліктің немесе паспортының Қазақстан Республикасында болу кезеңін растайтын құжаттың (визаның немесе өзге де құжаттардың), Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаттың (бар болса) нотариаттық куәландырылған көшірмелері.
Келу тәртібінде қағаз жеткізгіште табыс етілген салықтық өтініш екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады. Сонымен бір мезгілде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы белгімен талон беріледі.
Почта арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші почта хабарламасына белгі қояды;
порталға:
1) көрсетілетін қызметті алушыны ң ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысандағы өтініші;
2) мыналардың:
өзінің тиімді басқару орны Қазақстан Республикасында орналасқаны негізінде резидент болып табылатын шетелдік заңды тұлға - заңды тұлғаны тиімді басқару орны (нақты басқару органының орналасқан жері) Қазақстан Республикасында болуын растайтын құжаттың (өткізілген орны көрсетіле отырып, директорлар кеңесінің немесе ұқсас органның жалпы жиналысы хаттамасының немесе негізгі басқару және (немесе) бақылау, сондай-ақ заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметін жүргізу үшін қажетті стратегиялық коммерциялық шешімдер қабылдау орнын растайтын өзге де құжаттар);
резидент болып табылатын шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам – жеке

куәліктің немесе паспорттың, Қазақстан Республикасында болу кезеңін растайтын құжаттың (визаның немесе өзге де құжаттардың), Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаттың (бар болса) нотариаттық куәландырылған электрондық көшірмелері.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті алушы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы уәкілетті лауазымды адамдардың ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында алады.

Портал, Салық төлеушінің кабинеті арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттардың қабылданғаны/қабылданбағаны туралы көрсетілетін қызметті алушы электрондық хабарлама/растау алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтініш нысаны Министрліктің Салық комитетінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында, салық органының күту залындағы стенділерде және арнайы бағандарда орналастырылған. Көрсетілетін қызметті алушы өтініш нысанын салық органынан тегін алады.

10. Көрсетілетін қызметті алушының мына шарттарға сәйкес келмеуі мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады:

1) Қазақстан Республикасында тұрақты болатын немесе Қазақстан Республикасында тұрақты болмайтын, бірақ өмірлік мүдделерінің орталығы Қазақстан Республикасында орналасқан жеке тұлғалар Салық кодексінің мақсатында Қазақстан Республикасының резиденттері деп танылады;

2) егер жеке тұлға ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген үздіксіз он екі айлық кезеңде кемінде күнтізбелік бір жүз сексен үш күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) Қазақстан Республикасында болса, ол ағымдағы салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасында тұрақты болған жеке тұлға деп танылады;

3) бір мезгілде мынадай шарттар орындалған кезде:

жеке тұлғада Қазақстан Республикасының азаматтығы немесе Қазақстан Республикасында тұруға рұқсаты (ықтиярхаты) болса;

жеке тұлғаның отбасы және (немесе) жақын туыстары Қазақстан Республикасында тұрса;

жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында кез келген уақытта тұруы және ( немесе) оның отбасы мүшелерінің тұруы үшін қолжетімді, оған және (немесе) оның отбасы мүшелеріне меншік құқығында немесе өзге де негіздерде тиесілі жылжымайтын мүлкі болса, жеке тұлғаның өмірлік мүдделерінің орталығы Қазақстан Республикасында орналасқан деп қарастырылады;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы немесе Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдамай, Қазақстан Республикасында

тұрақты тұруға рұқсат ету туралы өтініш берген:
мемлекеттік билік органдары шет елге іссапарға жіберген адамдар, оның ішінде дипломатиялық, консулдық мекемелердің, халықаралық ұйымдардың қызметкерлері, сондай-ақ көрсетілген жеке тұлғалардың отбасы мүшелері;
тұрақты халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына немесе азаматтарына тиесілі көлік құралдарының экипаж мүшелері;
Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан әскери базалардың, әскери бөлімдердің, топтардың, контингенттердің немесе құрамалардың әскери қызметшілері мен азаматтық персоналы;
Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан және Қазақстан Республикасының немесе Қазақстан Республикасы субъектілерінің меншігі болып табылатын объектілерде (оның ішінде концессиялық шарттар негізінде) жұмыс істейтіндер;
оқу немесе практикадан өту мақсатында Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде жүрген студенттер, тағылымдамадан өтушілер мен практиканттар оқу немесе практикадан өтудің бүкіл кезеңінде;
сабақ беру, консультациялар беру немесе ғылыми жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде жүрген оқытушылар мен ғылыми қызметкерлер сабақ берудің немесе аталған жұмыстарды орындаудың бүкіл кезеңінде;
емделу немесе сауықтырудан өту, профилактикалық ем алу мақсатында Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде жүрген жеке тұлғалар Қазақстан Республикасында тұрған уақытына және осы тармақта көзделген басқа да кез келген өлшемдерге қарамастан, резидент жеке тұлғалар деп танылады.
5) Салық кодексінің мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар және (немесе) тиімді басқару орны (нақты басқару органының орналасқан жері) Қазақстан Республикасында болатын шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар да Қазақстан Республикасының резиденттері деп танылады.
Нақты органның (директорлар кеңесінің немесе сол сияқты органның) негізгі басқару және (немесе) бақылау жүзеге асырылатын, сондай-ақ заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметін жүргізу үшін қажетті стратегиялық коммерциялық шешімдер қабылданатын жиналысы өткізілетін орын тиімді басқару орны (нақты басқару органының орналасқан жері) деп танылады.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және

**(немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары порталда, Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс телефондары: 8 (7172) 58-09-09, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

"Салық резиденттігін растау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша


САЛЫҚ РЕЗИДЕНТТІГІН
РАСТАУДЫ АЛУҒА
САЛЫҚ ӨТІНІШ

Тегі
Аты

ЖСН/БСН

**Бөлім. Қоса берілетін құжаттар**

| A № | B Салық кодексінің 225-бабының 3-тармағына сәйкес мынадай құжаттарды қоса беремін: | C Парақтардың саны |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

**Бөлім. Салық төлеушінің жауапкершілігі**

Біз (Мен) осы салықтық өтініште келтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапкершілікте боламыз (боламын).

[illegible] / Қолы

Салықтық өтініштің тапсырылған күні — (күні, айы, жылы)

М.О.

**Бөлім. Салық органының белгісі**

[illegible] / Қолы

Салықтық өтініштің қабылданған күні — (күні, айы, жылы)

Құжаттың кіріс нөмірі

Салық органының коды

Пошта штемпелінің күні — (күні, айы, жылы)

М.О.

Ескерту: [illegible]

---

**САЛЫҚ РЕЗИДЕНТТІГІН РАСТАУДЫ АЛУҒА САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШТІҢ 9-ЖОЛЫНА ҚОСЫМША**

ПАРАҚ А

Алдыңғы беттің нөмірін көрсетіңіз:

[illegible]

**Бөлім. Жалпы ақпарат**

1 ЖСН/БСН   2 СТН [illegible]

**Бөлім. Көрсеткіштер**

| A Нөмірі | B [illegible] | C [illegible] | D [illegible] |
|---|---|---|---|
| 0 0 0 0 1 | БАРЛЫҒЫ [illegible] | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

ПАРАҚ B

## САЛЫҚ РЕЗИДЕНТТІГІН РАСТАУДЫ АЛУҒА САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШТІҢ 9 ЖОЛЫНА ҚОСЫМША

[illegible]

### Бөлім. Жалпы ақпарат

1 ЖСН/БСН

2 СТН [illegible]

### Бөлім. Көрсеткіштер

A Нөмірі

E [illegible]

F [illegible]

G [illegible]

0 0 0 0 1



ПАРАҚ C

## САЛЫҚ РЕЗИДЕНТТІГІН РАСТАУДЫ АЛУҒА САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШТІҢ 9 ЖОЛЫНА ҚОСЫМША

[illegible]

### Бөлім. Жалпы ақпарат

1 ЖСН/БСН

2 СТН [illegible]

### Бөлім. Көрсеткіштер

A Нөмірі

H [illegible]

I [illegible]

J [illegible]

0 0 0 0 1



ПАРАҚ D

## САЛЫҚ РЕЗИДЕНТТІГІН РАСТАУДЫ АЛУҒА САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШТІҢ 9-ЖОЛЫНА ҚОСЫМША

[illegible]

### Бөлім. Жалпы ақпарат

1 ЖСН/БСН

2 СТН [illegible]

### Бөлім. Көрсеткіштер

A Нөмірі

K [illegible]

0 0 0 0 1

[illegible]



САЛЫҚ РЕЗИДЕНТТІГІН РАСТАУДЫ АЛУҒА
САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШКЕ ҚОСЫМША



Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2014 жылғы 5 наурыздағы
№ 200 қаулысымен
бекітілген

# «Алкоголь өніміне (шарап материалы мен сыраны қоспағанда) есепке алу-бақылау таңбаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Алкоголь өніміне (шарап материалы мен сыраны қоспағанда) есепке алу-бақылау таңбаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушімен немесе көрсетілетін қызметті берушінің « Алкоголь өнімнің өндірісі мен айналымын голографиялық қорғау элементі бар есепке алу-бақылау таңбаларын қолданумен бақылау» ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЕБТ АЖ) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап:

шарап материалы мен сыраны қоспағанда, алкоголь өніміне арналған (бұдан әрі – алкоголь өнімі) есепке алу-бақылау таңбаларын (бұдан әрі – ЕБТ) және жүкқұжат беруді көрсетілетін қызметті беруші ЕБТ-на тиісті штрих-код жапсырылғаннан кейін ЕБТ-на штрих-код жапсыру үшін өтініш ақпараттық жүйе арқылы келіп түскен және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды тапсырған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті алушылар ЕБТ АЖ арқылы табыс еткен алдағы жылға өтінімдерді күнтізбелік 3 (үш) күннен аспайтын мерзімде келіседі;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) алдағы жылға арналған өтінімдерді келісу;

2) тиісті штрих-код жапсырылған ЕБТ және жүкқұжат беру болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;

2) ЕБТ АЖ – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 немесе 2-қосымшаларға сәйкес ЕБТ АЖ арқылы ЕБТ жасау үшін өтінімдер (бұдан әрі - алдағы жылға арналған өтінімдер) – жаңа күнтізбелік жыл басталғанға дейін 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей;

2) әрбір сатып алушыға бөлек осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес ЕБТ-на штрих-код жапсыру үшін өтініш – ЕБТ АЖ арқылы алкоголь өніміне ЕБТ алу мақсатында;

3) алкоголь өнімдерін әкелу жүзеге асырылатын сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) түпнұсқасы, сондай-ақ көрсетілген сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) (алкоголь өнімін импорттайтын көрсетілетін қызметті алушы өтінім беру кезінде) көшірмесі;

4) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЕБТ алу үшін ЕБТ АЖ арқылы және қағаз түрінде өтініштің түпнұсқасы;

5) көрсетілетін қызметті алушының мөрімен куәландырылған көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті қызметкерінің атына ЕБТ алуға берілген сенімхаттың түпнұсқасы;

6) ЕБТ алушы тұлғаны жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың түпнұсқасын көрсете отырып, осындай бұйрықтың көшірмесі;

7) көрсетілетін қызметті алушы қызметкерінің жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын ұсына отырып, осы құжаттың көшірмесі;

8) алкоголь өнімін сақтауға және көтерме саудада өткізуге алкоголь өнімін Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан әкелген кезде немесе алкоголь өнімінің импортына алкоголь өнімін Кеден одағының мүшесі болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтарынан әкелген кезде лицензияның көшірмесі;

9) акциздерді төлегенін растайтын төлем құжаты;

10) ЕБТ үшін төлемді растайтын төлем құжаты.

Алкоголь өнімін өндіру және (немесе) олардың айналымы жөніндегі өз қызметін алғаш немесе жаңадан бастаған көрсетілетін қызметті алушылар ЕБТ жасау үшін ЕБТ алу жоспарланып отырған айдың 1-күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмейтін мерзімде әрбір ай бойынша бөліп осы стандартына 1 немесе 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтінімді көрсетілетін қызметті берушіге ЕБТ АЖ арқылы табыс етеді.

Көрсетілетін қызметті алушылар бұрын берілген өтінімдерде ЕБТ-дың түрлері мен саны бөлігінде өзгерістер мен толықтырулары бар өтінімдерін ЕБТ алу жүзеге асырылатын айдың 1-күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1, 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша табыс етеді.

ЕБТ жасап шығарғаны үшін есеп айырысулар жеткізушінің есеп шотына ақша аудару жолымен ЕБТ алу жүзеге асырылатын айдың 1-күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмейтін мерзімде әрбір ай бойынша бөлек көрсетілетін қызметті алушылардың өтінімдеріне сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан импортталатын алкоголь өніміне көрсетілетін қызметті алушыларға ЕБМ берген кезде, көрсетілетін қызметті берушінің материалдық-жауапты адамы екі тарап қол қоятын екі данада жүкқұжат жазып береді. Жүкқұжаттың бір данасы көрсетілетін қызметті алушыға беріледі, екінші данасы көрсетілетін қызметті берушіде қалады.

Көрсетілетін қызмет алушыларға Кеден одағына мүше емес мемлекеттердің аумақтарынан импортталатын алкоголь өніміне ЕБТ берген кезде жүкқұжат үш данада жазып беріледі: бірінші және екінші дана көрсетілетін қызметті алушыларға беріледі (екінші дана – Кеден органына табыс ету үшін), үшінші дана көрсетілетін қызметті берушіде қалады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ЕБТ АЖ арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйенің журналында өтінімнің қабылдағаны туралы хабарлама алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін келу тәртібінде қағаз

жеткізгіште табыс етілген құжаттарды көрсетілетін қызметті беруші қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы белгімен талон беріледі.

Почта арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші почта хабарламасына белгі қояды.

Мемлекет көрсетілетін қызметті алу үшін өтінім нысандары Министрліктің Салық комитетінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған. Өтініш нысаны салық органында тегін беріледі.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы

тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады .

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары порталда, Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс телефондары: 8 (7172) 58-09-09, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Алкоголь өніміне (шарап материалы мен сыраны қоспағанда) есепке алу-бақылау таңбаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

_______________________________________
(салық органының атауы)

_______________________________________
(салық органы басшысының Т.А.Ә.)

_______________________________________
алушының атауы, БСН/ЖСН

**Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін алкоголь өнімдеріне арналған есепке алу-бақылау таңбаларын немесе темекі өнімдеріне арналған акциздік таңбаларды дайындауға өтінім**

өтінімнің түрі: (алдағы жылға, қызметін алғаш немесе жаңадан бастағандар үшін, қосымша)

*мың дана*

| қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | Желтоқсан | жылына барлығы | Ескертпе Қазақстаı Республик аумағында өндірілген өнімдерін арналған а таңбаларл түрін көрс парақтық» «қиылған» |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| | | | | | | | | | | | | | |

Басшы ________________________________________________

(Т.А.Ә.)

Бас бухгалтер ________________________________________

(Т.А.Ә.)

М.О.

«Алкоголь өніміне (шарап материалы мен сыраны қоспағанда) есепке алу-бақылау таңбаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына

2-қосымша

______________________________________

(салық органының атауы)

______________________________________

(салық органы басшысының Т.А.Ә.)

______________________________________

алушының атауы, БСН/ЖСН

**Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь өнімдеріне арналған есепке алу-бақылау таңбаларын немесе темекі өнімдеріне арналған акциздік таңбаларды дайындауға өтінім**

өтінімнің түрі: (алдағы жылға, қызметін алғаш немесе жаңадан бастағандар үшін, қосымша)

*мың дана*

| қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан | жылына барлығы | Ескертпе Қазақстан Республика аумағына импорттал темекі өнім арналған ак таңбаларды көрсетіңіз парақтық» «қиылған») |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| | | | | | | | | | | | | | |

Басшы ______________________________________________

(Т.А.Ә.)

Бас бухгалтер ______________________________________

(Т.А.Ә.)

М.О.

«Алкоголь өніміне (шарап материалы мен сыраны қоспағанда) есепке алу-бақылау таңбаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

_______________________________________

(салық органының атауы)

_______________________________________

(салық органы басшысының Т.А.Ә.)

_______________________________________

алушының атауы, БСН/ЖСН

**Есепке алу-бақылау таңбаларына штрих-код жапсыру үшін өтініш**

_____________________________________________________________

(алушының түрі: өндіруші, үшінші елдерден импорттаушы, Кеден одағының

елдерінен импорттаушы)
________________________________________________________________
(алушының атауы, БСН/ЖСН -і, мекенжайы)
саны____________________________________________________ данада
(жазбаша)
есепке алу-бақылау таңбаларына штрих-код жапсыруды сұрайды.
Есепке алу-бақылау таңбаларының көрсетілген саны мына тауарларды шығару үшін қажет:
________________________________________________________________
(алкоголь өнімі үшін: сыйымдылығын, күштілігін, сатып алушының атауын, құю күнін, шығу елін, өнімнің түрі мен атауын, сәйкестік сертификатын; импорттаушылар үшін шарттың (келісімшарттың) нөмірін көрсете отырып, өнімнің түрі мен атауы) өнімнің пин-коды:
________________________________________________________________
өнімнің бір бірлігінің бағасы:
__________________________________________________________ теңге
Есепке алу-бақылау таңбаларын сатып алуға ақша ____________________
төлем құжатымен № ______________ «___» ________ 20____ жылы сомасында ______________________________________ шотына енгізілді
(сомасы жазбаша)
Акциз төлемі үшін ақша ______________________________ есеп шотына
төлем құжатымен № _______ «___» _____________ 20___жылы сомасында ____________________________________________ енгізілді
(сомасы жазбаша)
Басшы ________________________________________________________
(Т.А.Ә.)
Бас бухгалтер __________________________________________________
(Т.А.Ә.)

«Алкоголь өніміне (шарап материалы мен сыраны қоспағанда) есепке алу-бақылау таңбаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
4-қосымша

________________________________________
(салық органының атауы)
________________________________________
(салық органы басшысының Т.А.Ә.)

**Есепке алу-бақылау таңбаларын немесе акциздік таңбаларды алуға өтініш**

_______________________________________________________________

(алушының атауы, мекенжайы, БСН/ЖСН-і)

«__» саны ____________________________________________ данада

(жазбаша)

есепке алу-бақылау таңбаларын немесе акциздік таңбаларды беруді сұрайды.

Есепке алу-бақылау немесе акциздік таңбаларын сатып алуға ақша

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

(сомасы жазбаша)

сомасында 20___жылғы «___»_____________ № _____________ төлем құжатымен ________________________________ есеп шотына енгізілді

Акцизді төлеу үшін ақша _______________________________________

(сомасы жазбаша)

сомасында 20___жылғы «__»________________ № _____________ төлем құжатымен _______________________________ есеп шотына енгізілді

Басшы _________________________________________________________

(Т.А.Ә.)

Бас бухгалтер _______________________________________________

(Т.А.Ә.)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 5 наурыздағы
№ 200 қаулысымен
бекітілген

## «Темекі өнімдеріне акциздік таңбалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. «Темекі өнімдеріне акциздік таңбалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстар, Астана және Алматы

қалалары бойынша салық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті беруші тарапынан немесе «Акцизделетін өнімнің және мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің айналымы мен өндірісін бақылау» ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - Акциз АЖ) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап:

Акциз АЖ арқылы және қағаз түрінде акциздік таңбаларды алуға өтініш және осы мемлекеттік қызмет стандартының 9-тармағында айқындалған құжаттар келіп түскен күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші темекі өнімдеріне акциздік таңбалар (бұдан әрі – акциздік таңба) және жүкқұжат беруді жүргізеді;

көрсетілетін қызметті алушылар табыс еткен алдағы жылға арналған өтінімдер күнтізбелік 3 (үш) күннен аспайтын мерзімде Акциз АЖ арқылы келісіледі;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің барынша рұқсат берілетін уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің барынша рұқсат берілетін уақыты – 20 минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) алдағы жылға арналған өтінімдерді келісу;

2) акциздік таңбаларды және жүкқұжатты беру болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;

2) Акциз АЖ – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты

техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) Акциз АЖ арқылы акциздік таңбаларды жасау үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 немесе 2-қосымшаларға сәйкес өтінімдер – жаңа күнтізбелік жыл басталғанға дейін 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей;

2) темекі өнімдерін әкелу жүзеге асырылатын (темекі өнімін импорттайтын көрсетілетін қызметті алушылар өтінім беру кезінде) сыртқы сауда шартының ( келісімшарттың) түпнұсқасы және көшірмесі;

3) Акциз АЖ арқылы және қағаз түріндегі осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес акциздік таңбаларды алуға өтініштің түпнұсқасы;

4) көрсетілетін қызметті алушының мөрімен куәландырылған көрсетілетін қызметті алушының қызметкерінің атына акциздік таңбаларды алуға берілген сенімхаттың түпнұсқасы;

5) акциздік таңбаларды алушы адамды жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың түпнұсқасын ұсына отырып, осындай бұйрықтың көшірмесі;

6) акциздік таңбаларды алушының қызметкерінің жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын ұсына отырып, осы құжаттың көшірмесі;

7) акцизді төлегенін растайтын төлем құжаты;

8) акциздік таңбаларды алуға төлемді растайтын төлем құжаты.

Темекі өнімдерін өндіру және (немесе) олардың айналымы жөніндегі өз қызметін алғаш немесе жаңадан бастаған көрсетілетін қызметті алушылар акциздік таңбаларды жасау үшін акциздік таңбаларды алу жоспарланып отырған айдың 1-күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмейтін мерзімде әрбір ай бойынша бөліп осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 немесе 2 қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтінімді көрсетілетін қызметті берушіге Акциз АЖ арқылы табыс етеді.

Көрсетілетін қызметті алушылар бұрын берілген өтінімдерде акциздік таңбалардың түрлері мен саны бөлігінде өзгерістер мен толықтырулары бар өтінімдерін таңбалар алу жүзеге асырылатын айдың 1-күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1, 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша табыс етеді.

Акциздік таңбаларды жасап шығарғаны үшін есеп айырысулар жеткізушінің есеп шотына ақша аудару жолымен акциздік таңбаларды алу жүзеге асырылатын айдың 1-күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмейтін мерзімде әрбір ай бойынша бөлек көрсетілетін қызметті алушылардың өтінімдеріне сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан импортталатын темекі өніміне көрсетілетін қызметті алушыға акциздік таңбалар берген кезде, көрсетілетін қызметті берушінің материалдық жауапты адамы екі тарап қол қоятын екі данада жүкқұжат жазып береді. Жүкқұжаттың бір данасы көрсетілетін қызметті алушыға беріледі, екінші данасы көрсетілетін қызметті берушіде қалады.

Көрсетілетін қызмет алушыларға Кеден одағына мүше емес мемлекеттердің аумақтарынан импортталатын темекі өніміне акциздік таңбаларды берген кезде жүкқұжат үш данада жазып беріледі: бірінші және екінші дана көрсетілетін қызметті алушыларға беріледі (екінші дана – Кеден органына табыс ету үшін), үшінші дана көрсетілетін қызметті берушіде қалады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін Акциз АЖ арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйенің журналында өтінімнің қабылдағаны туралы хабарлама алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін келу тәртібінде қағаз жеткізгіште табыс етілген құжаттарды көрсетілетін қызметті беруші қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы белгімен талон беріледі.

Почта арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші почта хабарламасына белгі қояды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтінім нысандары Министрліктің Салық комитетінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған. Өтініш нысаны салық органында тегін беріледі.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары порталда, Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс телефондары: 8 (7172) 58-09-09, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Темекі өнімдеріне акциздік таңбалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

_______________________________________
(салық органының атауы)
_______________________________________
(салық органы басшысының Т.А.Ә.)
_______________________________________
алушының атауы, БСН/ЖСН

**Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін алкоголь өнімдеріне арналған есепке алу-бақылау таңбаларын немесе темекі өнімдеріне арналған акциздік таңбаларды дайындауға өтінім**

өтінімнің түрі: (алдағы жылға, қызметін алғаш немесе жаңадан бастағандар үшін, қосымша)

*мың дана*

| қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан | жылына барлығы | Ескертпе Қазақстан Республика аумағында өндірілген өнімдерін арналған а таңбаларды түрін көрсе парақтық» «қиылған») |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| | | | | | | | | | | | | | |

Басшы _____________________________________________
(Т.А.Ә.)
Бас бухгалтер _______________________________________
(Т.А.Ә.)
М.О.

«Темекі өнімдеріне акциздік таңбалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет

стандартына
2-қосымша

_______________________________________
(салық органының атауы)
_______________________________________
(салық органы басшысының Т.А.Ә.)
_______________________________________
алушының атауы, БСН/ЖСН

**Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь өнімдеріне арналған есепке алу-бақылау таңбаларын немесе темекі өнімдеріне арналған акциздік таңбаларды дайындауға өтінім**

өтінімнің түрі: (алдағы жылға, қызметін алғаш немесе жаңадан бастағандар үшін, қосымша)

*мың дана*

| қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан | жылына барлығы | Ескертпе Қазақстан Республика аумағына импорттал темекі өнім арналған ак таңбаларды көрсетіңіз парақтық» «қиылған») |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| | | | | | | | | | | | | | |

Басшы _______________________________________
(Т.А.Ә.)
Бас бухгалтер _______________________________
(Т.А.Ә.)
М.О.

«Темекі өнімдеріне акциздік таңбалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

_______________________________________
(салық органының атауы)
_______________________________________
(салық органы басшысының Т.А.Ә.)

**Есепке алу-бақылау таңбаларын немесе акциздік таңбаларды алуға өтініш**

_______________________________________________________________

(алушының атауы, мекенжайы, БСН/ЖСН-і)

«__» саны _____________________________________________ данада

(жазбаша)

есепке алу-бақылау таңбаларын немесе акциздік таңбаларды беруді сұрайды.

Есепке алу-бақылау немесе акциздік таңбаларын сатып алуға ақша

_________________________________________________________________

_________________________________________________________________

(сомасы жазбаша)

сомасында 20__жылғы «__»_______________ № _____________ төлем құжатымен _________________________________ есеп шотына енгізілді

Акцизді төлеу үшін ақша __________________________________________

(сомасы жазбаша)

сомасында 20__жылғы «__»___________ № ____________төлем құжатымен ________________________________________ есеп шотына енгізілді

Басшы ______________________________________________________

(Т.А.Ә.)

Бас бухгалтер _______________________________________________

(Т.А.Ә.)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 200 қаулысымен бекітілген

## «Салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау)» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. «Салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау)» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумақтарындағы Салық басқармалары

(бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:
1) көрсетілетін қызметті берушімен ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтары немесе «Салық төлеушінің кабинеті» веб-қосымшасы (бұдан әрі – Салық төлеушінің кабинеті), Салық есептілігін өңдеу сервистері (бұдан әрі – СЕӨС) ақпараттық жүйесі;
2) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.
Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының ережелері:
1) мынадай салық төлеушілерге:
шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимдерін қолданатын дара кәсіпкерлерге;
ойын бизнесі салығын және (немесе) тіркелген салықты төлеуші болып табылатын дара кәсіпкерлерге немесе заңды тұлғаларға;
ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар және селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғаларға;
2) мүлік, көлік құралы салықтары мен жер салығы бойынша, жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін табыс ету тәртібі мен мерзімдеріне қолданылмайды.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:
1) патент негізіндегі шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер жүгінген жағдайларды қоспағанда, салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру туралы немесе салық есептілігін тоқтата тұрудан бас тарту туралы шешімді беру – көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды берген күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде;
патент негізіндегі арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерге салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру туралы шешімді беру – көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды берген күні;
2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің барынша рұқсат берілетін уақыты – 20 минуттан аспайды;
3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің барынша рұқсат берілетін уақыты – 20 минуттан аспайды.
5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық

автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру туралы шешімі немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздемелер бойынша көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұрудан бас тартуы туралы шешімі болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық және ( немесе) қағаз түрінде.

Көрсетілетін қызметті алушы салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру туралы шешімді қағаз жеткізгіште алуы үшін жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының мөрімен және қолымен куәландырылады.

Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жылжымалы жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;

2) портал, Салық төлеушінің кабинеті және СЕӨС – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

орналасқан жері бойынша көрсетілетін қызметті берушіге:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау) туралы салықтық өтініш (бұдан әрі – салықтық өтініш);

2) салық кезеңі басталғаннан бастап салықтық өтініште көрсетілген қызметті тоқтата тұру күніне дейін салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша салық есептілігі;

3) қызметін қайта бастаған күннен бастап алдағы кезеңге (қызметті тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін қызметті қайта бастау туралы шешім қабылдаған жағдайда, патент негізіндегі арнаулы салық режимін қолданатын көрсетілетін қызметті алушылар) патент құнының есебі.

Қағаз жеткізгіште келу тәртібінде табыс етілген салықтық өтініш екі данада жасалады, бір данасы көрсетілетін қызметті алушыға салық органының белгісімен қайтарылады. Бір мезгілде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылдағаны туралы белгімен талон беріледі.

Почта арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші почта хабарламасына белгі қояды;

порталға:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электронды құжат нысанындағы салықтық өтініші;

2) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы салықтық өтініште көрсетілген салық кезеңі басталғаннан бастап қызметті тоқтата тұру күніне дейін салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердіңтүрлері, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша салық есептілігі;

3) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы (қызметті тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін қызметті қайта бастау туралы шешім қабылдаған жағдайда, патент негізіндегі арнаулы салық режимін қолданатын қызметті алушылар үшін) қызметін қайта бастаған күннен бастап алдағы кезеңге патент құнының есебі.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы «жеке кабинетке» немесе Салық төлеушінің кабинетіне, СЕӨС-не жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттардың қабылданғандығы/ қабылданбағандығы туралы электрондық хабарлама/растау алады.

Салықтық өтініш нысаны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінің www.salyk.kz интернет-ресурсында, салық органының күту залындағы стенділерде және арнайы бағанда орналастырылған. Салықтық өтініш нысаны салық органында тегін беріледі.

10. Егер:

1) көрсетілетін қызметті алушыда өтініш берілген күні салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі болған;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген салық есептілігін көрсетілетін қызметті алушы табыс етпеген болса;

3) салық органы көрсетілетін қызметті алушыны әрекетсіз деп таныған жағдайлар мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады.

Әрекетсіз салық төлеушілерге әрекетсіз заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер жатады.

2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінде (бұдан әрі – Салық кодексі) белгіленген декларацияны тапсыру мерзімі өткеннен кейін бір жыл өткен соң салық кезеңі үшін:

1) корпоративтік табыс салығы бойынша;

2) ойын бизнесі салығы бойынша, тіркелген салық бойынша, жеңілдетілген декларацияны, егер көрсетілген салық кезеңінен кейінгі үш салық кезеңі үшін мұндай декларацияны ұсынған жағдайда, резидент заңды тұлға, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлға, сондай-ақ резидент емес заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі әрекетсіз заңды тұлға болып танылады.

Салық кодексінде белгіленген декларацияны тапсыру мерзімінен кейін бір жыл өткен соң салық кезеңі үшін:

1) жеке табыс салығы бойынша;

2) ойын бизнесі салығы бойынша, тіркелген салық бойынша жеңілдетілген декларацияны, егер көрсетілген салық кезеңінен кейінгі үш салық кезеңі үшін мұндай декларацияны ұсынбаған жағдайда;

3) патенттің қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап екі жыл ішінде патент құнының есебін ұсынбаған дара кәсіпкер әрекетсіз дара кәсіпкер болып танылады.

Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағының үшінші және төртінші бөліктерінің қолданысы уақытша тоқтата тұру кезеңіне қызметін тоқтата тұрған резидент заңды тұлғаларға, Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаларға, резидент емес заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері мен дара кәсіпкерлерге қолданылмайды.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында

көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары порталда, Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін

қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс телефондары: 8 (7172) 58-09-09, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

"Салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау)"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына
қосымша


САЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ТАБЫС ЕТУДІ ТОҚТАТА ТҰРУ
(ҰЗАРТУ, ҚАЙТА БАСТАУ) ТУРАЛЫ
САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШ

Сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 5 наурыздағы
№ 200 қаулысымен
бекітілген

## «Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне бақылау-касса машиналарының жаңа модельдерін енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне бақылау-касса машиналарының жаңа модельдерін енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі ( бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші кеңсе арқылы жүзеге асырады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) бақылау-касса машиналарының (бұдан әрі – БКМ) моделін мемлекеттік тізілімге енгізу (енгізуден бас тарту) туралы – салықтық өтінішті қабылдаған күнінен бастап отыз жұмыс күні ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) БКМ моделін БКМ мемлекеттік тізіліміне енгізу туралы шешімді беру;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздемелер бойынша БКМ енгізуден бас тарту туралы уәжделген жауабы болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген.

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес салықтық өтініш;

2) БКМ моделінің эталондық үлгісі және БКМ моделінің техникалық, функционалдық және пайдаланылу сипаттамаларын беретін мынадай материалдар:

өндіруші зауыттың паспорты;

өндіруші зауыттың техникалық құжаттамасы;

фискалды және фискалсыз режимде БКМ өндіруші зауыт, сол сияқты көрсетілетін қызметті алушы басып шығарған, қалыптастырылатын чектер мен есептердің үлгілері;

қағаз және электрондық жеткізгіштердегі БКМ пайдалану нұсқаулығы;

фискалды режим орнату, БКМ қайта тіркеу, фискалдық есептерді, кассаның ағымдағы жай-күйі туралы есепті (Х-есеп) алу кезіндегі, сондай-ақ бақылау чегінде қамтылуы үшін тиісті ақпаратты енгізу кезіндегі салық органы қызметкері іс-қимылдарының егжей-тегжейлі сипаттамасын қамтитын қағаз және электрондық жеткізгіштердегі салық органының қызметкері үшін нұсқаулық;

өндіруші зауыттың БКМ моделін техникалық қолдау бойынша кепілдіктің міндеттемесі;

өндіруші зауыттың құжаттамасында көрсетілген БКМ моделінің техникалық сипаттамаларының белгіленген нысандағы негізгі техникалық талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтер;

БКМ моделінің сәйкестік сертификатының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

БКМ моделінің қағаз және электрондық жеткізгіштердегі түрлі-түсті фотосуреті;

3) фискалды тіркеуші болып табылатын БКМ моделін тізілімге енгізу үшін - фискалдық тіркеушіні дербес компьютерге қосу үшін электрондық жеткізгіштегі бағдарламалық қамтамасыз ету;

4) компьютерлік жүйе болып табылатын БКМ моделін тізілімге енгізу үшін - ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның компьютерлік жүйенің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындысы.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтініш нысаны Министрліктің Салық комитетінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

10. Егер бір мезгілде мынадай шарттар:

1) салықтық өтініш пен осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген материалдардың болуы;

2) бақылау-касса машинасы моделінің уәкілетті органмен белгіленген техникалық талаптарға сәйкестігі сақталмаған жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздеме болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары порталда, Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс телефондары: 8 (7172) 58-09-09, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

"Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне бақылау-касса машиналарының жаңа модельдерін енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша



БАҚЫЛАУ-КАССА МАШИНАСЫНЫҢ МОДЕЛІН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМГЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШ

1 Сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)

2 Тегі / Аты / Әкесінің аты

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 200 қаулысымен бекітілген

**«Қазақстан Республикасының салық заңнамасын түсіндіру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасының салық заңнамасын түсіндіру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші;

2) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) ар қылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) өзге субьектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алу не орнына барып тексеру талап етілмейтін көрсетілетін қызметті алушының өтінішін қарау бойынша – көрсетілетін қызметті берушіге өтініш түскен күнінен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде;

өзге субьектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алу не орнына барып тексеру талап етілетін көрсетілетін қызметті алушының өтінішін қарау және шешім қабылдау бойынша – көрсетілетін қызметті берушіге өтініш түскен күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде;

қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болған жағдайда, қарау мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, бұл туралы қарау мерзімі ұзартылған күнінен бастап күнтізбелік үш күн ішінде көрсетілетін қызметті алушыға хабарланады;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) жазбаша нысанда не электрондық құжат нысанындағы уәжделген жауабы;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздемелер бойынша көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуы туралы жазбаша нысанда не электрондық құжат нысанындағы уәжделген жауабы болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық және ( немесе) қағаз түрінде.

Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;

2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы жазбаша нысанда не электрондық түрде өтінішті табыс етеді. Көрсетілетін қызметті берушіге жазбаша жүгінген көрсетілетін қызметті алушыға күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы почта немесе өзге де байланыс ұйымы арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші почта хабарламасына белгі қояды.

Портал арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттардың қабылданғаны/ қабылданбағаны туралы электрондық хабарлама/растау алады.

10. Егер көрсетілетін қызметті алушының қайта өтінішінде жаңа дәлелдер немесе жаңа ашылған мән-жайлар келтірілмесе, ал алдыңғы өтініштегі материалдарда тексерістің толық материалдары бар болса және көрсетілетін қызметті алушыға белгіленген тәртіппен жауап берілсе, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту (өтінішті қарауды тоқтату) үшін негіз болып табылады.

**3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе)**

**олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымның қабылданғанын растау шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) болып табылады. Тіркеуден кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары порталда, Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс телефондары: 8 (7172) 58-09-09, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 200 қаулысымен бекітілген

## «Салық есептілігін қабылдау»
## мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. «Салық есептілігін қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызметі).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министірлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті, аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумақтарындағы салық басқармалары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Салық есептілігін қабылдауды және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтары немесе «Салық төлеушінің кабинеті» веб-қосымшасы (бұдан әрі – Салық төлеушінің кабинеті), Салық есептілігін өңдеу сервистері (бұдан әрі – СЕӨС) ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:
1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште табыс етілген салық есептілігін қабылдау – оны табыс еткен сәттен бастап 10 минут ішінде;
салық есептілігін электронды түрде қабылдау – салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесі оны қабылдаған сәттен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей;
2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;
3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды.
5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:
1) салық есептілігінің екінші данасында салық қызметі органдарының белгісі;
2) салық есептілігінің қабылданғаны туралы почта немесе өзге де байланыс ұйымының қабылдаған уақыты мен күнінің белгісі;
3) салық органының салық есептілігін электрондық түрде қабылданғаны туралы хабарламасы/растауы;
4) жеке табыс салығы және мүлік салығы бойынша декларацияның қабылданғаны туралы анықтама;
5) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздемелер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден (салық есептілігі табыс етілмеген деп есептелген жағдайда) бас тарту туралы уәжделген жауабы.
Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық және ( немесе) қағаз түрінде.
Көрсетілетін қызметті алушының келу тәртібімен жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі қағаз жеткізгіште ресімделеді және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының мөрімен және қолымен куәландырады.
Салық төлеушінің кабинеті, СЕӨС арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.
7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
8. Жұмыс кестесі:
1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке

күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін;

2) аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумақтарындағы салық басқармалары – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жылжымалы жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;

3) Салық төлеушінің кабинеті, СЕӨС – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) өзі келу тәртібімен:

салық есептілігі үшін – қағаз жеткізгіште;

мониторинг бойынша есептілік үшін - ақпаратты компьютерлік өңдеуге жол беретін электрондық түрде;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен почта арқылы – қағаз жеткізгіште;

3) салық есептілігін қабылдау және өңдеу жүйесі арқылы – ақпаратты компьютерлік өңдеуге жол беретін электрондық түрде табыс етеді.

Почта ұйымына немесе өзге де байланыс ұйымына салық есептілігін тапсыру үшін Салық кодексінде белгіленген мерзімнің соңғы күнінің жиырма төрт сағатына дейін тапсырылған қағаз жеткізгіштегі салық есептілігі почта немесе өзге де байланыс ұйымының қабылдаған уақыты мен күнінің белгісі болған кезде, мерзімінде тапсырылған деп есептеледі.

Осы тармақтың 2) тармақшасының ережелері:

мониторингке жататын ірі салық төлеушілер табыс ететін мониторинг бойынша;

қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын салық төлеушілер салық органының шешімімен қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен алынғаннан кейін олар табыс ететін қосылған құн салығы бойынша есептілікке қолданылмайды.

Осы тармақтың 3) тармақшасының ережелері қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын салық төлеушілер салық органының шешімімен қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылғаннан кейін олар табыс ететін қосылған құн салығы бойынша есептілікке қолданылмайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін салық есептілігі нысандары көрсетілетін қызметті берушінің www.salyk.kz интернет-ресурсында «Салық

есептілігі нысандары» бөлімінде орналастырылады. Көрсетілетін қызметті алушы оларды сату орындарынан ала алады.

10. Салық есептілігі, егер:

1) белгілеген салық есептілігі нысандарына сәйкес келмесе, немесе

2) салық қызметі органының коды көрсетілмесе, немесе

3) сәйкестендіру нөмірі көрсетілмесе немесе дұрыс көрсетілмесе, немесе

4) салық кезеңі көрсетілмесе, немесе

5) салық есептілігінің түрі көрсетілмесе, немесе

6) қағаз жеткізгіште жасалған салық есептілігіне салық төлеуші (салық агенті) не оның өкілі қол қоймаса, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның өзінің атауы жазылған мөрі бар өкілінің мөрімен куәландырылмаса, немесе

7) электрондық жеткізгіште жасалған салық есептілігі салық төлеушінің ( салық агентінің) электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылмаса, немесе

8) уәкілетті орган белгілеген электрондық формат құрылымы бұзылса;

9) табыс ету мерзімі ұзартылған салық есептілігі электрондық түрде табыс етілмесе, салық қызметі органдарына табыс етілмеген деп есептеледі.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің,

көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары порталда, Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс телефондары: 8 (7172) 58-09-09, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2014 жылғы 5 наурыздағы № 200 қаулысымен бекітілген

# «Салық есептілігін табыс ету мерзімін ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Салық есептілігін табыс ету мерзімін ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті, аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумақтарындағы салық басқармалары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Хабарламаларды қабылдауды:

1) көрсетілетін қызметті беруші ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтары немесе «Салық төлеушінің кабинеті» веб-қосымшасы (бұдан әрі – Салық төлеушінің кабинеті), Салық есептілігін өңдеу сервистері (бұдан әрі – СЕӨС) ақпараттық жүйесі;

2) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) тауарлардың Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импорты кезіндегі жанама салықтар бойынша салық есептілігін қоспағанда, салық есептілігінің табыс ету мерзімін ұзарту – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген хабарламаны қабылдаған күні;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:
1) мониторингке жататын ірі салық төлеушілер табыс ететін мониторинг бойынша есептілікті табыс ету мерзімін ұзарту;
2) мониторинг бойынша есептілікті және тауарлардың Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импорты кезіндегі жанама салықтар бойынша салық есептілігін қоспағанда, салық есептілігінің электрондық түрде табыс етілу шартымен оны табыс ету мерзімін ұзарту.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:
1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін;
2) аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумақтарындағы салық басқармалары – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жылжымалы жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.
Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген.
3) Салық төлеушінің кабинеті, СЕӨС – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:
көрсетілетін қызметті берушіге: осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес салық есептілігін табыс ету мерзімін ұзарту туралы хабарлама;
порталға: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы хабарлама.
Мониторинг бойынша есептілікті табыс ету мерзімін ұзарту туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті алушы тіркеу орны бойынша салық органына мониторинг бойынша есептілікті табыс ету табыс ету мерзімі өткенге дейін кемінде он жұмыс күні бұрын табыс етеді.
Мониторинг бойынша есептілікті және Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды импорттау кезіндегі жанама салықтар бойынша салық есептілігін қоспағанда, салық есептілігін табыс ету мерзімін ұзарту туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті

алушы тіркеу есебінің орны бойынша салық органына Салық кодексінде салық есептілігін табыс ету үшін белгіленген мерзім өткенге дейін табыс етеді.

Келу тәртібінде қағаз жеткізгіште табыс етілетін салық есептілігін табыс ету мерзімін ұзарту туралы хабарлама екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады. Сонымен бір мезгілде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы белгімен талон беріледі.

Почта арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші почта хабарламасына белгі қояды.

Портал арқылы «жеке кабинетке» немесе Салық төлеушінің кабинетіне, СЕӨС-не жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттардың қабылданғандығы/қабылданбағандығы туралы электрондық хабарлама/растама алады.

Салық есептілігін табыс ету мерзімін ұзарту туралы хабарлама нысаны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында, салық органының күту залындағы стенділерде және арнайы бағандарда орналастырылған. Салық есептілігін табыс ету мерзімін ұзарту туралы хабарлама нысаны салық органында тегін беріледі.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің,

көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары порталда, Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс телефондары: 8 (7172) 58-09-09, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Салық есептілігін табыс ету мерзімін ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
қосымша



САЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ТАБЫС ЕТУ
МЕРЗІМІН ҰЗАРТУ ТУРАЛЫ
ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2014 жылғы 5 наурыздағы
№ 200 қаулысымен
бекітілген

## «Салық есептілігін кері қайтарып алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Салық есептілігін кері қайтарып алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі ( бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қаржы министрлігінің Салық комитеті, салық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті беруші тарапынан ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтары немесе «Салық төлеушінің кабинеті» веб-қосымшасы (бұдан әрі – Салық төлеушінің кабинеті), Салық есептілігін өңдеу сервистері (бұдан әрі –

СЕӨС) ақпараттық жүйесі арқылы;
2) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:
1) салық есептілігін кері қайтарып алу – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды табыс еткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде;
2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;
3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды.
5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:
1) салық есептілігін кері қайтарып алу туралы хабарландыру;
2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздемелер бойынша көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжделген жауабы болып табылады.
Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық және ( немесе) қағаз түрінде.
Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі ресімделеді және көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» немесе Салық төлеуші кабинетіне, СЕӨС-қа көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.
Көрсетілетін қызметті алушы салық есептілігін кері қайтарып алу туралы хабарландыруды қағаз жеткізгіште алу үшін жүгінген жағдайда, электрондық форматта ресімделген мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының мөрімен және қолымен куәландырылады.
7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
8. Жұмыс кестесі:
1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті, облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық органдары – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін

қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін;

2) аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумақтарындағы салық басқармалары – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жылжымалы жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;

3) портал, Салық төлеушінің кабинеті және СЕӨС – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы өзінің тіркеу есебінің жері бойынша мынадай құжаттарды:

көрсетілетін қызметті берушіге:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес салық есептілігін кері қайтарып алу туралы салықтық өтінішті;

порталға:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы салықтық өтінішті табыс етеді.

Көрсетілетін қызметті алушы салық қызметі органының коды дұрыс көрсетілмеген салық есептілігін кері қайтарып алған жағдайда, осындай есептілікті табыс ету орны бойынша салықтық өтінішті табыс етеді.

Егер көрсетілетін қызметті алушы уәкілетті орган салық есептілігінің әртүрлі нысандарын белгілеген салық төлеушілер санаттарына жататын болса, онда мұндай көрсетілетін қызметті алушы өзі жататын салық төлеушілердің әрбір санаты үшін көзделген нысандар бойынша салық есептілігін табыс етуге тиіс. Көрсетілетін қызметті алушы осы талаптарды бұза отырып, табыс етілетін салық есептілігін кері қайтарып алу туралы салықтық өтінішпен бір мезгілде салық есептілігін табыс етеді.

Келу тәртібінде қағаз жеткізгіште табыс етілетін салықтық өтініш екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады. Сонымен бір мезгілде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы белгімен талон беріледі.

Почта арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші почта хабарламасына белгі қояды.

Портал арқылы жүгінген кезде «жеке кабинетке» немесе Салық төлеушінің кабинетіне, СЕӨС көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттардың қабылданғандығы/қабылданбағандығы туралы электрондық

хабарлама/растама жіберіледі.

Салықтық өтініш нысаны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында, салық органдарының күту залындағы стенділерде және арнайы бағандарда орналастырылған. Салықтық өтініш нысаны салық органында тегін беріледі.

10. Егер көрсетілетін қызметті алушы:

1) тексеру жүргізуге арналған нұсқамада көрсетілген салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша кешенді және тақырыптық тексерулерді жүргізу кезеңінде – тексерілетін салық кезеңінің;

2) шағым берудің қалпына келтірілген мерзімін ескере отырып, салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) салық қызметінің жоғары тұрған органының хабарламаға жасалған шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарған шешіміне шағым беру және оны қарау мерзімі кезеңінде - шағым жасалатын салық кезеңінің табыс етілген салық есептілігін кері қайтарып алуы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен

мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары порталда, Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің: www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс телефондары: 8 (7172) 58-09-09, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Салық есептілігін кері қайтарып алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
қосымша





Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 200 қаулысымен бекітілген

**«Салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдардың, айыппұлдардың төленген сомаларын есепке жатқызуды және қайтаруды жүргізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдардың, айыппұлдардың төленген сомаларын есепке жатқызуды және қайтаруды жүргізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті, салық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтары немесе «Салық төлеушінің кабинеті» веб-қосымшасы (бұдан әрі – Салық төлеушінің кабинеті) арқылы жүзеге асырады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) салықтың, төлемақының, алымның және өсімпұлдың артық төленген сомаларын есепке жатқызу көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген салықтарды, басқа да міндетті төлемдерді, кедендік төлемдерді, өсімпұлдар мен айыппұлдарды есепке жатқызу және (немесе) қайтару жүргізуге салықтық өтінішті (бұдан әрі – салықтық өтініш) және құжаттарды табыс еткен күннен бастап он жұмыс күнін құрайды;

салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемнің қате төленген сомаларын есепке жатқызу, қайтару көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген қате төленген сома бойынша салықтық өтінішті және құжаттарды табыс еткен күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүргізіледі;

салықтың, төлемақының, алымның және өсімпұлдың артық төленген сомасын қайтару көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген салықтық өтінішті және құжаттарды

тапсырған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі;

салық салу саласындағы, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы, міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасын құқық бұзушылықтар бойынша заңсыз салынған айыппұлдың күшін жою немесе мөлшерін азайту нәтижесінде оның төленген сомасын қайтару көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген салықтық өтінішті және құжаттарды табыс еткен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) салықтың, төлемақының, алымның және өсімпұлдың артық төленген сомаларын бюджетке есепке жатқызу;

2) қате төленген салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемнің сомаларын тиісті бюджет сыныптамасының кодына және (немесе) тиісті салық органына есепке жатқызу;

3) ұлттық валютада төленген салықтың, төлемақының, алымның және өсімпұлдың артық төленген сомасын, сондай-ақ салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемнің қате төленген сомаларын салық төлеушінің банк шотына қайтару;

4) салық салу, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы, міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасы саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша заңсыз салынған айыппұлдың күшін жою немесе мөлшерін азайту нәтижесінде оның төленген сомасын қайтаруды салық төлеушінің банк шотына жүргізу;

5) аудару кезінде қателердің бар екендігін салық органы растамаған жағдайда – қателердің расталмағаны туралы жазбаша хабарлау;

6) көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік баж сомасын қайтару жүргізгеннен кейін – салық төлеушіге және (немесе) мемлекеттік мекемеге сот шешімінің орындалуы туралы хабарландыру;

7) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздемелер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжделген жауабы.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті, облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық органдары – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін;

2) аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумақтарындағы салық басқармалары – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жылжымалы жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;

3) Салық төлеушінің кабинеті – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес салықтық өтініш;

2) бюджетке артық (қате) төленген кеден төлемдерінің және салықтардың, өсімпұлдардың сомаларын есепке жатқызу және (немесе) қайтару жүргізу үшін – кедендік төлемдер, салықтар мен өсімпұлдар төлеу орны бойынша кеден органы берген бюджетке артық (қате) төленген кеден төлемдерінің және салықтардың, өсімпұлдардың сомаларының бар екендігі туралы растау;

3) салықтың немесе басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдардың артық төленген сомаларын қайтаруды жүргізу үшін – салықтарды немесе бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, өсімпұлдарды төлеу туралы төлем құжатының түпнұсқасы немесе көшірмесі;

4) кеден төлемдері мен салықтардың, өсімпұлдардың артық төленген сомаларын есепке жатқызу немесе қайтару үшін – кеден төлемдерінің, салықтар мен өсімпұлдардың бюджетке төленгені туралы төлем құжатының көшірмесі;

5) салық салу, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы, міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасы саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша заңсыз салынған айыппұлдың төленген сомасын қайтару үшін – заңсыз салынғандығы салдарынан айыппұлдың күшін жоюды немесе оның мөлшерін азайтуды көздейтін заңды күшіне енген сот актісі немесе жоғары тұрған салық қызметі органының (лауазымды тұлғасының) шешімі;

6) бюджетке төленген алым сомаларын қайтару немесе есепке жатқызу үшін

– көрсетілетін қызметті алушының тіркеу іс-қимылдарын жасауға құжаттарды табыс етпегенін растайтын тиісті тіркеуші орган берген құжат;

7) орманды пайдаланғаны үшін төлемақының төленген сомаларын қайтару немесе есепке жатқызу үшін – орманды пайдалануға орман билетін, ағаш кесу билетін пайдаланбағандығын растайтын мемлекеттік орман иелері берген құжат;

8) бюджетке төленген мемлекеттік бажды қайтару үшін – мемлекеттік баж сомасының төленгені туралы төлем құжаты, сондай-ақ оны қайтару үшін негіз болып табылатын тиісті органның құжаты;

9) пайдасына іс бойынша тарап болып табылатын мемлекеттік мекемеден мемлекеттік бажды өтеу туралы соттың шешімі шыққан мемлекеттік баж сомасын төлеушіге мемлекеттік баж сомасын қайтару үшін – бюджетке мемлекеттік баж сомасының төленгені туралы төлем құжаты мен заңды күшіне енген сот шешімі.

Салықтық өтініш:

1) салықтардың, төлемақылардың, алымдар мен өсімпұлдардың артық төленген сомаларын есепке жатқызуды жүргізу үшін – салық төлеушінің дербес шоты бойынша артық төленген сома есептелген;

2) салықтардың, төлемақылардың, алымдар мен өсімпұлдардың артық төленген сомаларын қайтаруды жүргізу үшін – осындай салық, төлемақы, алым, өсімпұл бойынша салық төлеушінің дербес шоттары жүргізілетін;

3) салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің қате төленген сомаларын есепке жатқызу, қайтару үшін – салықтарды, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қате төлеу жүргізілген;

4) салық салу, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы, міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасы саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша заңсыз салынған айыппұлдың төленген сомасын қайтару үшін – дербес шоты бойынша қайтаруға жататын айыппұл сомасы есептелген салық органына табыс етіледі.

Келу тәртібінде қағаз жеткізгіште табыс етілетін салықтық өтініш екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады. Сонымен бір мезгілде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы белгімен талон беріледі.

Почта арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші почта хабарламасына белгі қояды.

«Салық төлеушінің кабинеті» веб-қосымшасы арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттардың қабылданғандығы/қабылданбағандығы туралы электрондық хабарлама/растама алады.

Салықтық өтініш нысаны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық

комитетінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында, салық органының күту залындағы стенділерде және арнайы бағандарда орналастырылған. Салықтық өтініш нысаны салық органында тегін беріледі.

10. Егер:

1) салықтық өтініш:

салықты, төлемақыны, алымды және өсімпұлды басқа салық төлеушінің салық берешегін өтеу есебіне жатқызуға;

салық есептілігін табыс ету күніне дейін оны табыс ету мерзімін ұзарту жағдайында;

есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалануға жататын акцизделетін тауарларды өндіру бойынша салық төлеушінің қызметі тоқтаған жағдайларды қоспағанда, осындай тауарларға артық төленген акциз сомаларын осы және басқа салық, төлемақы түрлері бойынша салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызуға табыс етілген болса;

2) қарау нәтижесінде салық органы қателердің бар екендігін растамаған салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің қате төленген сомаларын есепке жатқызуға, қайтаруға салықтық өтініш табыс етілген болса;

3) салықтық өтініш:

алым төлеген адамдардың тіркеуші органдарға тиісті құжаттарды табыс еткенге дейін тіркеу (есепке қою) жасаудан бас тартуы жағдайларын қоспағанда, тіркеу алымдарының;

алым төлеген адамдардың лицензиарға тиісті құжаттарды табыс еткенге дейін лицензия алудан бас тартуы жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның;

алым төлеген адамдардың байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға тиісті құжаттарды табыс еткенге дейін рұқсат (рұқсаттың телнұсқасын) алудан бас тартуы жағдайларын қоспағанда, телевизия және радио тарату ұйымдарына радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат беру үшін алымның;

Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе орман шаруашылығы саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган Қазақстан Республикасының орман заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде ормандардың қурауы мен құрып кету қатері төнген кезде орман ресурстарын пайдалануға тыйым салу туралы шешім қабылдаған жағдайларды қоспағанда, орманды пайдаланғаны үшін төлемақының артық төленген сомаларын қайтаруға немесе есепке жатқызуға табыс етілген болса;

4) салық төлеуші есепке алу-бақылау таңбаларын таңбалауға жататын акцизделетін тауарларды өндіру бойынша қызметін тоқтатқан жағдайларды қоспағанда, осындай тауарларға артық төленген акциз сомасын қайтаруға

салықтық өтініш табыс етілген болса, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары порталда, Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс телефондары: 8 (7172) 58-09-09, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдардың, айыппұлдардың төленген сомаларын есепке жатқызуды және қайтаруды жүргізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша

## САЛЫҚТАРДЫ, БАСҚА ДА МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕРДІ, КЕДЕНДІК ТӨЛЕМДЕРДІ, ӨСІМПҰЛДАР МЕН АЙЫППҰЛДАРДЫ ЕСЕПКЕ ЖАТҚЫЗУ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҚАЙТАРУ ЖҮРГІЗУГЕ САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сияға қаламмен немесе қаламұшпен, БАСПАХАНАЛЫҚ БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырылады.

**Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат**

1 Салық төлеушінің (салық агентінің) тегі, аты, әкесінің аты немесе атауы

2 Сәйкестендіру нөмірі (БСН/ЖСН)

3 Салық төлеушінің (салық агентінің) мекенжайы

**Бөлім. Салықтық өтініш**

4 «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 599-606-баптарына сәйкес:

(Теңге)

A салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемнің, өсімпұлдың, айыппұлдың артық (қате) төленген сомасын* және (немесе) салықтық есептелген сомасынан асатын жатқызылатын қосылған құн салығы (ҚҚС) сомасының асып кетуі (және) (немесе) грант алушыға қайтаруға жататын ҚҚС сомасын (А жолына Қосымшаның 001 жолының жиыны)

B салық берешегін өтеу есебіне жолаушының кедендік төлемдер есебіне есепке жатқызуды (B жолына Қосымшаның 002 жолының жиыны)

C банк шотына қайтаруды сұраймын (C жолына Қосымшаның 003 жолының жиыны)

5 Салық органы қабылдаған ҚҚС асып кетуін қайтару туралы салықтық өтініш/ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талап

A кіріс нөмірі (декларация немесе өтініш)

B қабылданған күні

6 ҚҚС асып кетуін қайтаруға сома ұсынылған салық кезеңі үшін — бастап — дейін

7 Қайтару үшін банк шотының деректемелері:

Банктің атауы

Шоттың нөмірі (Бенефициардың ЖСК, жеке тұлға бойынша ЖСК нөмірі)

Шоттың нөмірі (карта, жинақ, картаның шоты**)

Банктің коды (БСК)

Жеке куәлік нөмірі** — Берілген күні**

Құжатты берген орган**

Салық органы Салық кодексінде белгіленген салықтың, төлемақының артық (қате) төленген сомаларын және (немесе) қосылған құн салығы сомаларының салықтық есептелген сомасынан асып кетуін есепке жатқызу және (немесе) қайтару жүргізу мерзімін бұзған жағдайда - есептелген өсімпұл сомасын салық төлеушінің пайдасына мынадай банк шотына қайтаруды сұраймын:

Банктің атауы

Шоттың нөмірі (Бенефициардың ЖСК, жеке тұлға бойынша ЖСК нөмірі)

Шоттың нөмірі (карта, жинақ, картаның шоты**)

Банктің коды (БСК)

Жеке куәлік нөмірі** — Берілген күні**



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сияға қаламмен немесе қаламұшпен, БАСПАХАНАЛЫҚ БАС ӘРІПТЕРМЕН толтырылады.

Құжатты берген орган**

**Бөлім. Салық төлеушінің жауапкершілігі**

Біз (мен) осы салықтық өтініште келтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте боламыз (боламын).

Салық төлеушінің Т.А.Ә. / Қолы

Салықтық өтініштің тапсырылған күні:

М.О.

**Бөлім. Салық органының белгісі**

Салықтық өтінішті қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә. / Қолы

Салықтық өтініштің қабылданған күні

Құжаттың кіріс нөмірі

Салық органының коды

Пошта штемпелінің күні

М.О.

* айыппұлдың қате төленген сомасы көрсетіледі

** жеке тұлға толтырады

## А жолына қосымша

салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемнің, өсімпұлдың, айыппұлдың артық (қате) төленген және (немесе) салықтың есептелген сомасынан есепке жатқызылатын қосылған құн салығы (ҚҚС) сомасының асып кетуі (және) (немесе) грант алушыға қайтаруға жататын ҚҚС сомасы туралы мәліметтер

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, БАСПА ӘРІПТЕРІМЕН толтырыңыз.

| A Нөмір | B Бюджет жіктеуішінің коды | C Салық (төлемақы) сомасы (Теңге) | D Өсімпұл сомасы (Теңге) | E Айыппұл сомасы (Теңге) |
|---|---|---|---|---|
| 001 | Жиынтық (жол тек жалпы бойынша толтырылады) | | | |

## В жолына қосымша

салық берешегін өтеу есебіне және (немесе) алдағы төлемдер есебіне есепке жатқызу туралы мәліметтер

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, БАСПА ӘРІПТЕРІМЕН толтырыңыз.

| A Нөмір | B Бюджет жіктеуішінің коды | C Салық (төлемақы) сомасы (Теңге) | D Өсімпұл сомасы (Теңге) | E Айыппұл сомасы (Теңге) |
|---|---|---|---|---|
| 002 | Жиынтық (жол тек мәліметтер жалпы бойынша толтырылады) | | | |



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, БАСПА ӘРІПТЕРІМЕН толтырыңыз.

| A Нөмір | F Заңды тұлғаның немесе құрылымдық бөлімшенің БСН | G Заңды тұлғаның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы | H Салық органының БСН | I БСН |
|---|---|---|---|---|
| 002 | | | | |




Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2014 жылғы 5 наурыздағы
№ 200 қаулысымен
бекітілген

## «Бюджеттен қосылған құн салығын қайтару» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. «Бюджеттен қосылған құн салығын қайтару» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтардағы салық басқармалары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтары немесе «Салық төлеушінің кабинеті» веб-қосымшасы (бұдан әрі – Салық төлеушінің кабинеті), Салық есептілігін өңдеу сервистері (бұдан әрі – СЕӨС) ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырады.

### 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) қосылған құн салығын (бұдан әрі – ҚҚС) асып кетуін қайтару бойынша:

салық кезеңі ішінде өткізу бойынша жалпы салық салынатын айналымда кемінде 70 пайызды құрайтын нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды жүзеге асыратын көрсетілетін қызметті алушыға – көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды табыс еткен сәттен бастап алпыс жұмыс күні ішінде;

салық кезеңі ішінде өткізу бойынша жалпы салық салынатын айналымда 70 пайыздан азын құрайтын нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды жүзеге асыратын көрсетілетін қызметті алушыға – көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды табыс еткен күннен бастап күнтізбелік жүз сексен күн ішінде;

ірі салық төлеушілер мониторингінде кемінде он екі ай қатарынан тұрған және ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талапты көрсете отырып, ҚҚС жөніндегі декларацияны табыс ететін күні салық есептілігін табыс ету бойынша орындалмаған салық міндеттемесі жоқ көрсетілетін қызметті алушыларға оңайлатылған тәртіппен – ҚҚС асып кетуі сомасын қайтару туралы талап көрсетілген салық кезеңі үшін ҚҚС жөніндегі декларацияны табыс ету үшін 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінде (бұдан әрі - Салық кодексі) (ұзарту кезеңін есепке ала отырып) белгіленген соңғы күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды берген күні салық есептілігін табыс ету бойынша орындалмаған салықтық міндеттемелері жоқ көрсетілетін қызметті алушыларға дербес білім беру ұйымдарына оңайлатылған тәртіппен – ҚҚС асып кетуі сомасын қайтару туралы талап көрсетілген салық кезеңі үшін ҚҚС жөніндегі декларацияны табыс ету үшін Салық кодексінде (ұзарту кезеңін есепке ала отырып) белгіленген соңғы күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде;

ҚҚС жөніндегі декларация табыс еткен күні камералдық бақылау нәтижелері бойынша ҚҚС жөніндегі салық есептілігінде көрсетілген деректері мен оның тікелей жеткізушілері мен сатып алушыларының ҚҚС жөніндегі салық есептілігіндегі деректер арасында алшақтықтар анықталмаған салық есептілігін табыс ету бойынша орындалмаған салықтық міндеттемелері жоқ көрсетілетін қызметті оңайлатылған тәртіппен – ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талап көрсетілген салық кезеңі үшін ҚҚС жөніндегі декларацияны табыс ету үшін белгіленген соңғы күннен бастап қырық бес жұмыс күні ішінде (2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі, 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап күшін

ж о я д ы ) ;

тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану нәтижесінде тәуекелдер санатына жатқызылмаған, ҚҚС асып кетуін қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдануға құқығы жоқ көрсетілетін қызметті алушыларға оңайлатылған тәртіппен – ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талап көрсетілген салық кезеңі үшін ҚҚС жөніндегі декларацияны және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды табыс еткен күнінен бастап отыз жұмыс күні ішінде (2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі);

ҚҚС қайтару бойынша:

грант қаражаты есебінен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізушілерге төленген грант алушылар, орындаушылар болып табылатын, грант алушылар деп тағайындалған көрсетілетін қызметті алушыларға – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды табыс еткен күнінен бастап отыз жұмыс күні ішінде;

Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және оларға теңестірілген шет мемлекеттердің өкілдіктеріне, шет мемлекеттердің консулдық мекемелеріне (бұдан әрі - өкілдік) және осы өкілдіктердің олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, дипломатиялық, әкімшілік-техникалық персоналына жататын адамдарға, консулдық лауазымды адамдарға, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, консулдық қызметшілер (бұдан әрі – персонал) – салық органдары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінен жазбаша хабарламасы бар жиынтық ведомостарды (тізілімдерді) және ҚҚС төленгенін растайтын құжаттарды алғаннан кейін отыз жұмыс күні і ш і н д е ;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген ҚҚС асып кеткен сомасын қайтару кезінде:

1) мыналар:

ҚҚС бойынша, оның ішінде Қазақстан Республикасында ҚҚС төлеуші болып табылмайтын резидент еместен жұмыстар, қызметтер алған кезде төлеуге жататын ҚҚС есебіне, импортталатын тауарларға ҚҚС есебіне;

салық төлеушінің басқа да салық, төлемақы, алым түрлері бойынша;

салық төлеушінің ҚҚС, салық және төлемақының басқа түрлері бойынша

салық берешегі болмаған жағдайда, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің басқа да салық, төлемақы, алым түрлері бойынша салық берешегін өтеу есебіне ҚҚС асып кеткен сомасын есепке жатқызу;

2) ҚҚС асып кеткен сомасын салық берешегі болмаған жағдайда салықтардың, төлемақылардың басқа да түрлері бойынша (талап бойынша) алдағы төлемдер есебіне есепке жатқызу;

3) салық берешегі болмаған кезде қалған ҚҚС асып кеткен сомасын салық төлеушінің банк шотына қайтару;

грант есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша төленген ҚҚС қайтару кезінде:

1) мыналар:

ҚҚС бойынша, оның ішінде Қазақстан Республикасында ҚҚС төлеуші болып табылмайтын резидент еместен жұмыстар, қызметтер алған кезде төлеуге жататын ҚҚС есебіне, импортталатын тауарларға ҚҚС есебіне;

салық төлеушінің басқа да салық, төлемақы, алым түрлері бойынша;

салық төлеушінің ҚҚС, салық және төлемақының басқа түрлері бойынша салық берешегі болмаған жағдайда, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің басқа да салық, төлемақы, алым түрлері бойынша салық берешегін өтеу есебіне ҚҚС асып кеткен сомасын есепке жатқызу (қайтару);

2) ҚҚС сомасын салық берешегі болмаған жағдайда салықтардың, төлемақылардың түрлері бойынша (талап бойынша) алдағы төлемдер есебіне есепке жатқызу (қайтару);

3) грант алушыға немесе орындаушыға есепке жатқызулар жүргізілгеннен кейін оның банктік шотына қайтаруға жататын қалған ҚҚС сомасын қайтару.

Өкілдіктерге және (немесе) өкілдіктің персоналына ҚҚС қайтару кезінде – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының банктерінде ашылған өкілдіктердің және (немесе) өкілдіктер персоналының тиісті шоттарына ҚҚС қайтару.

Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздемелер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжделген жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жылжымалы жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін;

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап

етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;
2) Салық төлеушінің кабинеті – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).
9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:
1) грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізушілерге төленген ҚҚС қайтару үшін – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес салықтық өтініш;
2) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – салық кезеңі үшін белгіленген нысандағы ҚҚС жөніндегі декларацияда көрсетілген ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талап.
Қосымша:
нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды (осындай айналымдар болған кезде) растау үшін тауарлар экспорты бойынша салықтық тексеру жүргізу жағдайында:
1) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – экспортталатын тауарларды жеткізуге арналған шарт (келісімшарт);
2) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – кедендік жүк декларациясы, 2010 жылғы 1 шілдеден бастап кеден органының белгісі бар тауарларға декларация, тауарларды магистральдық құбыржолдар жүйесі бойынша немесе электр беру желілері бойынша экспорттың кедендік рәсімінде, мерзімдік кедендік декларациялауды пайдалана отырып, экспорттың кедендік рәсімінде, уақытша кедендік декларациялауды пайдалана отырып, экспорттың кедендік рәсімінде әкету жағдайларын қоспағанда, 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап тауарларды экспорттың кедендік рәсімінде шығаруды жүзеге асыратын кеден органының белгісі бар, сондай-ақ Кеден одағының кеден шекарасындағы өткізу пунктінде орналасқан кеден органының белгісі бар тауарларға декларацияның көшірмесі;
3) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – толық кедендік жүк декларациясы, 2010 жылғы 1 шілдеден бастап кеден органының белгісі бар тауарларға декларация, 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап кедендік декларациялауды жүргізген кеден органының белгісі бар тауарларға толық декларацияның көшірмесі (магистралдық құбыржолдар жүйесі бойынша немесе электр беру желілері бойынша тауарларды экспорттың кедендік рәсімінде әкету кезінде, тауарларды мерзімдік кедендік декларациялауды пайдалана отырып, экспорттың кедендік рәсімінде әкету кезінде, тауарларды уақытша кедендік декларациялауды пайдалана отырып, экспорттың кедендік рәсімінде әкету кезінде);
4) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – тауардың ілеспе құжаттарының көшірмелері;
5) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – тауарларды қабылдау-беру актісі (магистральдық құбыржолдар жүйесі бойынша немесе электр беру желілері

бойынша тауарларды экспорттың кедендік рәсімінде әкету кезінде);

6) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – зияткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның зияткерлік меншік объектісіне құқығы туралы, сондай-ақ оның құнының растамасы (зияткерлік меншік объектісін экспорттаған жағдайда);

кеден аумағынан тыс жерлерде қайта өңдеу кедендік рәсімінде Кеден одағының кеден аумағынан тыс жерлерге бұдан әкетілген тауарларды немесе оларды қайта өңдеу өнімдерін одан әрі экспорттау жүзеге асырылған жағдайда нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды (мұндай айналымдар болған кезде) растау үшін тауарлар экспорты бойынша салықтық тексеру жүргізу жағдайында:

1) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – оған сәйкес кеден аумағынан тыс жерлерде қайта өңдеу кедендік рәсімін экспорт кедендік рәсіміне өзгерту жүргізілетін кедендік жүк декларациясы, 2010 жылғы 1 шілдеден бастап тауарларға декларация, 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап тауарларға декларацияның көшірмесі;

2) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – кеден аумағынан тыс жерлерде қайта өңдеу кедендік рәсімінде ресімделген кедендік жүк декларациясы, 2010 жылғы 1 шілдеден бастап тауарларға декларация, 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап тауарларға декларация көшірмесі;

3) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – тауарларды шет мемлекеттің аумағына әкелу кезінде кеден аумағында қайта өңдеу (ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу) кедендік рәсімінде ресімделген, осындай ресімдеуді жүзеге асырған кеден органы куәландырған кедендік жүк декларациясының көшірмесі, 2010 жылғы 1 шілдеден бастап тауарларға декларация, 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап тауарларға декларацияның көшірмесі;

4) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – оған сәйкес шет мемлекеттің аумағында ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу кедендік рәсімін шетел мемлекетінің аумағына ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсіміне немесе экспорт кедендік рәсіміне ауыстыру жүргізілген кедендік жүк декларациясының көшірмесі, 2010 жылғы 1 шілдеден бастап тауарларға декларация, 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап тауарларға декларация көшірмесі;

нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды (мұндай айналымдар болған кезде) растау үшін 2012 жылғы 1 қаңтардан кейін жасалған алтын өндіруді және шығаруды жүзеге асыратын салық төлеушілердің алтын-валюта активтерін толықтыру үшін өз өндірісі шикізатынан тазартылған алтынды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне өткізуі бойынша айналым бойынша салықтық тексеру жүргізу жағдайында:

1) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – салық төлеуші мен Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі арасында жасалған алтын-валюта активтерін толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алу-сатудың жалпы талаптары туралы шарт;

2) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне өткізілген тазартылған алтын құнын растайтын құжаттардың көшірмесі;

3) тазартылған алтын саны көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тазартылған алтынды алғанын растайтын құжаттардың көшірмесі (ҚҚС асып кетуін қайтару кезінде);

нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды (мұндай айналымдар болған кезде) растау үшін халықаралық тасымалдау бойынша жүктерді тасымалдау кезінде қызмет көрсетулерді өткізу айналымы бойынша салықтық тексеру жүргізу жағдайында:

1) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – тауар-көлік жүкқұжаты, жүкқұжатты көрсетілетін қызметті алушылар халықаралық автомобиль қатынасында жүктерді тасымалдау кезінде табыс етеді;

2) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – бірыңғай үлгідегі жүкқұжат, жүкқұжатты көрсетілетін қызметті алушылар халықаралық және мемлекетаралық қатынастарда теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде табыс етеді;

3) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – жүкқұжат, жүкқұжатты көрсетілетін қызметті алушылар әуе көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде табыс етеді;

4) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – коносамент немесе теңіз жүкқұжаты, көрсетілетін қызметті алушылар коносаментті немесе жүкқұжатты теңіз көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде табыс етеді;

нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды (мұндай айналымдар болған кезде) растау үшін магистральдық құбыржолдар жүйесі бойынша қызмет көрсетулерді өткізу айналымы бойынша салықтық тексеру жүргізу жағдайында:

1) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – есептілік кезең үшін әрбір магистральдық құбыр бойынша тауарлардың транзиттік көлеміне арналған кедендік жүк декларациясы, 2011 жылғы қаңтардан бастап есептік кезең ішінде экспорттың және ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімдеріне орналастырылған тауарларға декларацияның көшірмесі не есептік кезең ішінде кедендік транзиттің кедендік рәсіміне орналастырылған тауарларға декларация;

2) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – орындалған жұмыстардың актілері, жүктерді қабылдап алу-тапсыру актілері, 2011 жылғы қаңтардан бастап көрсетілген тауарларды жеткізуді бұрын жүзеге асырған сатушыдан не басқа тұлғалардан көрсетілген тауарларды одан әрі жеткізуді жүзеге асыратын сатып алушыға немесе басқа тұлғаға орындалған жұмыстардың актілері, жүктерді қабылдап алу-тапсыру актілері;

3) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – шот-фактуралар;
нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды (мұндай айналымдар болған кезде) растау үшін жолаушылар мен багаж тасымалдау кезінде халықаралық тасымалдау бойынша қызмет көрсетулерді өткізу айналымы бойынша салықтық тексеру жүргізу жағдайында:

1) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – Қазақстан Республикасында сатылған жол жүру билеттерін сату туралы есеп, сондай-ақ жол жүру бойындағы автовокзалдар (автостанциялар) жасаған жолаушылар билеттері туралы есеп айырысу ведомостары, көрсетілетін қызметті алушылар автомобиль көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдауды тұрақты тасымалдау кезінде табыс етеді;

2) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – жолаушылардың тізімі, көрсетілетін қызметті алушылар автомобиль көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдауды тұрақты емес тасымалдау кезінде табыс етеді;

3) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – Қазақстан Республикасында сатылған жол жүру, тасымалдау және почта құжаттарын сату туралы есеп, көрсетілетін қызметті алушылар теміржол көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдау кезінде табыс етеді;

4) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – халықаралық қатынаста Қазақстан Республикасында сатылған жолаушылар билеттері туралы есеп айырысу ведомосы, көрсетілетін қызметті алушылар теміржол көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдау кезінде табыс етеді;

5) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – теміржол әкімшіліктері арасындағы жолаушылар тасымалдау үшін өзара есеп айырысу жөніндегі баланстық ведомость және жол жүру мен тасымалдау құжаттарын ресімдеу туралы есеп, көрсетілетін қызметті алушылар теміржол көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдау кезінде табыс етеді;

6) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – бас декларация, көрсетілетін қызметті алушылар әуе көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдау кезінде табыс етеді;

7) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – жолаушы манифесі, көрсетілетін қызметті алушылар әуе көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдау кезінде табыс етеді;

8) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – карго-манифест, көрсетілетін қызметті алушылар әуе көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдау кезінде табыс етеді;

9) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – лоджит (орталық-тиеу кестесі), көрсетілетін қызметті алушылар әуе көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдау кезінде табыс етеді;

10) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – жинақтау-тиеу ведомосы (жол жүру билеті мен багаж түбіртегі), көрсетілетін қызметті алушылар әуе көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдау кезінде табыс етеді;

нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды (мұндай

айналымдар болған кезде) растау үшін халықаралық ұшуды, халықаралық әуемен тасымалдауды орындайтын шетелдік авиакомпаниялардың әуе кемелеріне май құю кезінде әуежайлар жүзеге асыратын жанар-жағармай материалдарын өткізу айналымы бойынша салықтық тексеру жүргізу жағдайында:

1) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – тұрақты рейстерді жүзеге асыру кезінде – әуежайдың шетелдік авиакомпаниямен жанар-жағармай материалдарын өткізуді көздейтін және (немесе) қамтитын шарты;

2) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – шетелдік авиакомпанияның өтінімі (ол тіркелген мемлекет, әуе кемесінің болжамды қону күні көрсетіле отырып) және ( немесе) әуежайдың шетелдік авиакомпаниямен шарты (келісімі) - (тұрақты емес рейстерді жүзеге асыру кезінде); шетелдік әуе кемесі форс-мажорлық жағдайлар салдарынан қонған кезде өтінім толтырылмайды;

3) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – шетелдік әуе кемесіне май құюға арналған шығыс ордері немесе қойылатын талап (авиакомпания атауы, құйылған жанар-жағармай материалдарының мөлшері, әуе кемесіне май құйылған күн, әуе кемесі командирінің немесе шетелдік авиакомпания өкілінің және май құюды жүзеге асырған әуежайдың тиісті қызметі қызметкерінің қолдары);

4) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – Кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес оларға қатысты тауарларды кедендік тазарту және шығару жөніндегі кедендік рәсімдер көзделмеген рейстерді қоспағанда, халықаралық ұшуды, халықаралық әуемен тасымалдауды орындайтын шетелдік әуе кемелеріне май құйылған жағдайда – халықаралық ұшуды, халықаралық әуемен тасымалдауды орындайтын шетелдік авиакомпаниялардың әуе кемелеріне жанар-жағармай материалдары құйылғанын растайтын, кеден органының белгісі бар көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге де құжаттардың көшірмелері;

5) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – әуежай өткізген жанар-жағармай материалдары үшін шетелдік авиакомпанияның ақы төлеу фактісін растайтын құжат;

6) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – қайтаруға ұсынылған ҚҚС сомаларының дұрыстығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысатын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамының шетелдік авиакомпания әуе кемесінің рейсті жүзеге асыру фактісін және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның (авиакомпаниялар бөлігінде) келісімімен уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен нысанда және тәртіппен өткізілген жанар-жағармай материалдарының мөлшерін растайтын қорытындысы ;

нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды (мұндай айналымдар болған кезде) растау үшін 2012 жылғы 1 қаңтардан кейін жасалған

арнайы экономикалық аймақтар (бұдан әрі – АЭА) аумақтарында тауарларды өткізу айналымы бойынша салықтық тексеру жүргізу жағдайында:

1) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – АЭА аумақтарында қызметті жүзеге асыратын ұйымдармен тауарларды жеткізу шарты (келісімшарты);

2) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – еркін кедендік аймақ кедендік рәсімі бойынша тауарлар шығаруды жүзеге асыратын кеден органының белгілері бар тауарлар тізбесі қоса берілген тауарларға арналған декларациялардың және (немесе) көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге де құжаттардың көшірмелері;

3) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдарға тауарларды тиеп-жөнелтуді растайтын тауарлардың ілеспе құжаттарының көшірмелері;

4) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдардың тауарларды алуын растайтын құжаттардың көшірмелері;

нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдарды (мұндай айналымдар болған кезде) растау үшін Қазақстан Республикасының аумағында қызметін импортталатын тауарлар ҚҚС-нан босатылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде жүзеге асыратын салық төлеушілерге тауарларды өткізу бойынша салықтық тексеру жүргізу жағдайында:

1) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – жеткізілетін тауарлардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жұмыс бағдарламаларын орындауға арналғандығын көрсете отырып, осындай салық төлеушілерге тауарларды жеткізуге арналған шарт;

2) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – осындай салық төлеушілерге тауарлар тиеп-жөнелтілгенін растайтын тауардың ілеспе құжаттарының көшірмелері;

3) ҚҚС асып кетуін қайтару үшін – осындай салық төлеушілердің тауарларды алғандығын растайтын құжаттардың көшірмелері;

грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша төленген қосылған құн салығын қайтару кезінде:

1) Қазақстан Республикасы мен шет мемлекет, шет мемлекет үкіметі не Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген халықаралық ұйым арасындағы грант беру туралы шарттың көшірмесі;

2) грант алушы не орындаушы тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді жеткізушімен жасасқан шарттың (келісімшарттың) көшірмесі;

3) ҚҚС қайтару туралы салықтық өтінішпен жүгінуі кезінде оның орындаушы ретінде тағайындалуын растайтын құжаттың көшірмесі;

4) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тиеп-жөнелтілгенін

және алынғанын растайтын құжат;
5) ҚҚС сомасын бөлек жазып көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушы ( ҚҚС төлеуші болып табылатын жеткізуші) жазып берген шот-фактура;
6) жүкқұжат, тауар-көлік жүкқұжаты;
7) көрсетілетін қызметті алушының (грант алушының немесе орындаушының ) материалдық жауапты адамының тауарды алғанын растайтын құжатын;
8) көрсетілетін қызметті алушы (грант алушы немесе белгіленген тәртіппен ресімделген жұмыстарды, қызметтерді орындаушы) орындаған және қабылдаған акті;
9) тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді алғаны үшін ақының төленгенін, оның ішінде ҚҚС төленгенін растайтын құжаттар;
Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және оларға теңестірілген шет мемлекеттердің өкілдіктеріне, шет мемлекеттердің консулдық мекемелеріне және олардың персоналына ҚҚС қайтару кезінде:
1) жиынтық ведомосі (тізілім);
2) қосылған құн салығының төленгенін растайтын құжаттар (Салық кодексінде белгіленген тәртіппен жазып берілген шот-фактуралар, төлеу фактісін растайтын құжаттар).
Қайтару туралы талабымен ҚҚС жөніндегі декларацияны көрсетілетін қызметті алушылар Салық төлеушінің кабинеті арқылы немесе салық органында орнатылған салық төлеушінің терминалы арқылы СЕӨС бойынша электрондық түрде табыс ете алады.
Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген салық органы жүргізетін салықтық тексеру барысында көрсетілетін қызметті алушы табыс ететін құжаттарды көрсетілетін қызметті алушылар ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талап көрсетілген ҚҚС жөніндегі декларация табыс етілген салық кезеңі үшін, сондай-ақ ҚҚС бойынша салықтық тексерулер жүргізілмеген, бірақ талап ету мерзімінен аспайтын алдыңғы салық кезеңдері үшін қайтаруға ұсынылған ҚҚС сомаларының дұрыстығын растау бойынша табыс етеді.
Келу тәртібінде қағаз жеткізгіште табыс етілетін салық есептілігін табыс ету мерзімін ұзарту туралы салықтық өтініш екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады. Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы белгімен талон беріледі.
Почта арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші почта хабарламасына белгі қояды.
Қайтару туралы талабы бар ҚҚС жөніндегі декларацияны Салық төлеушінің кабинеті, СЕӨС АЖ арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушы

мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттардың қабылданғаны/қабылданбағаны туралы электрондық хабарлама/растама алады.

ҚҚС жөніндегі декларация нысаны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің www.salyk.kz интернет-ресурсында (бұдан әрі – ҚР Қаржыминінің СК интернет-ресурсы) орналастырылған.

Өтініш нысандары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің интернет-ресурсында, ақпараттарды қабылдау және өңдеу орталықтарының күту залындағы стенділерде және арнайы бағандарда орналастырылған. Салықтық өтініш нысаны салық органдарында тегін беріледі.

10. Егер:

1) мемлекеттік қызметті алу үшін шағын бизнес субъектілері, шаруа немесе фермер қожалықтары, ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін белгіленген арнаулы салық режимдерінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын көрсетілетін қызметті алушы жүгінсе;

2) мемлекеттік қызметті алу үшін ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді жүзеге асыратын және жекелеген жағдайларда ҚҚС төлеу тәртібін қолданатын көрсетілетін қызметті алушы заңды тұлғалар жүгінсе;

3) салықтық тексеру аяқталған күнге:

өнім берушімен өзара есеп айырысулардың дұрыстығын растау үшін қарсы тексерулер жүргізуге сауал салуға жауаптар алынбаған;

тексерілетін салық төлеушінің өнім берушісі бұрын жіберілген сауал салу бойынша қарсы тексерулер жүргізу кезінде анықталған бұзушылықтарды жоймаған;

бұрын жіберілген сауал салу бойынша салық қызметі органы алған жауаптар негізінде мониторингке жататын ірі салық төлеуші бойынша қосылған құн салығы сомаларының дұрыстығы расталмаған;

қосылған құн салығы сомаларының дәйектілігі расталмаған;

қарсы тексеру жүргізудің мүмкіндігі болмауына байланысты, қосылған құн салығы сомаларының дәйектілігі расталмаған, оның ішінде:

өнім берушінің орналасқан жері бойынша болмауы;

өнім берушінің есепке алу құжаттарын жоғалту жағдайлары, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер болып табылады.

Бұл ретте, салықтық тексеру актісінде қосылған құн салығын мұндай қайтармаудың негіздемесі көрсетіледі.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және

**(немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары порталда, Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс телефондары: 8 (7172) 58-09-09, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

"Бюджеттен қосылған құн салығын қайтару" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша


ГРАНТ ҚАРАЖАТТАРЫ ЕСЕБІНЕН САТЫП АЛЫНАТЫН ТАУАРЛАР, ЖҰМЫСТАР, ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУЛЕР БОЙЫНША ТӨЛЕНГЕН ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫН ҚАЙТАРУ ТУРАЛЫ САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШ

Бөлім. Жалпы ақпарат

1 Сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)

2 Грант алушының немесе орындаушының тегі, аты, әкесінің аты немесе атауы

3 Отан сайкес грант берілген халықаралық шарттың деректемелері — атауы; нөмірі; күні

4 Грантты беруден мақсаты

5 Қосымша парақтардың санын көрсетіңіз

6 Өтініштің түрі (тиісті торкөзде X көрсетіңіз): негізгі; қосымша

Бөлім. Қайтаруға жататын қосылған құн салығының сомасы туралы мәліметтер

7 Қайтаруға ұсынылған салықтың сомасы — Сомасы

Бөлім. Қоса берілген құжаттар

| A № | B «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 276-бабының 4-тармағына сәйкес қандай құжаттарды қоса берілетін | C Парақтардың саны |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 200 қаулысымен бекітілген

## «Төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтару» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. «Төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтару» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші жүзеге асырады.

### 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:
көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап:

1) халықаралық шарттың негізінде төленген табыс салығын бюджеттен немесе шартты банк салымынан қайтаруға салықтық өтініш (бұдан әрі – салықтық өтініш) бойынша төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтару туралы шешім шығару – көрсетілетін қызметті алушы (резидент емес) оны берген күнінен бастап отыз жұмыс күні ішінде.

Бұл ретте салықтық өтінішті қарау мерзімі:
бюджеттен немесе шартты банк салымынан төленген табыс салығын қайтару мәселесі бойынша тақырыптық тексеру жүргізу;

салық органы:

басқа салық органдарына, мемлекеттік органдарға, шет мемлекеттердің құзыретті органдарына, банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға және Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын өзге ұйымдарға қажетті ақпарат беру туралы, сондай-ақ салықты қайтарып алуға байланысты мәселелер бойынша резидент емеске;

резидент еместі оның 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 46-бабында белгіленген талап қою мерзімінің өтуі кезеңінде салық міндеттемелерін орындауы және Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесінің болуы не болмауы мәніне жоспардан тыс кешенді салықтық тексеру жүргізуге өкілдіктің немесе филиалдың орналасқан жері бойынша салық органына (егер резидент еместің Қазақстан Республикасында өкілдігі немесе филиалы болған жағдайда);

өтініші қаралып жатқан резидент еместің резиденттік елінің құзыретті органына салық агенті мен резидент еместің өзара қарым-қатынастары туралы ақпарат беру (салық агенті таратылған, банкрот болған жағдайда) туралы сұрау салу жіберген күннен бастап осындай сұрау салуға жауап алған күнге дейінгі кезеңге тоқтатыла тұрады;

2) көрсетілетін қызметті алушы табыс еткен құжаттарды қараудан бас тарту туралы шешім шығару – салық органы оларды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде;

3) бюджетке табыс салығы төленген және салық органы төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтару туралы шешім қабылдаған жағдайда, салық агентінің орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша – шешім қабылданған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде Салық кодексінде көзделген тәртіппен халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес бюджеттен табыс салығының сомасын қайтару;

көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;
көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды.
5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:
1) төлем көзінен ұсталған табыс салығын толықтай немесе оның бір бөлігін қайтару туралы шешім (бұдан әрі – қайтару туралы шешім);
2) салық төлеушінің (салық агентінің) банк шотына төленген төлем көзінен ұсталған табыс салығының сомаларын ұлттық валютада қайтару;
3) төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтарудан бас тарту туралы шешім (бұдан әрі – қайтарудан бас тарту туралы шешім);
4) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздемелер бойынша салық органының салықтық өтінішті қараудан уәжделген бас тартуы.
Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.
Шартты банк салымынан табыс салығын қайтару үшін резидент емеске қайтару туралы шешімді шартты банк салымы салынған банкке табыс ету қажет. Банк осы қайтару туралы шешімнің негізінде резидент еместің банк шотына қайтару туралы шешімде көрсетілген табыс салығының сомасын және есептелген банктік сыйақы сомаларын қайтаруды жүргізеді.
Салық органының шешімі резидент еместің өтінішінің бір данасымен қоса резидент емеске қол қойғызып табыс етіледі немесе алғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен почта арқылы жіберіледі.
Тапсыру күні немесе почтаның немесе өзге де байланыс ұйымының хабарламасына резидент еместің белгі қойған күні салық органының шешімін резидент еместің алған күні болып табылады.
7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін.
Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген.
9. Көрсетілетін қызметті алушы (Қазақстан Республикасы табыс пен капиталға (мүлікке) қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы тиісті халықаралық шарттар (конвенциялар) жасасқан мемлекеттердің резиденттері) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет

көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес салықтық өтініш.

Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, өтінішті резидент емес салық агенті орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салық органына қатысты жоғары тұрған болып табылатын салық органына екі данада табыс етеді.

Егер салық агенті тігінен тікелей уәкілетті органға бағынатын салық органында орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша тіркелген жағдайда, өтініш осы салық органына табыс етіледі;

2) жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге немесе өзге де мақсаттарға арналған келісімшарттардың (шарттардың, келісімдердің) нотариалды куәландырылған көшірмелері;

3) құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері не сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен немесе резидент емес тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге осыған ұқсас құжаттан) резидент емес заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) мен мажоритарлық акционерлері көрсетілген үзінді көшірме;

4) алынған табыс пен ұсталған (төленген) салық сомаларын растайтын бухгалтерлік құжаттардың көшірмелері;

5) резиденттік мемлекетінің құзыретті органы берген резиденттігін растайтын құжат немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесі;

6) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыстар орындау, қызметтер көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушы жалдаған қызметкер немесе басқа персонал болып табылатын резидент емес жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттардың және олардың Қазақстан Республикасының аумағында болу мерзімдерін растайтын құжаттардың көшірмелері.

Егер резидент емес депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар бойынша алынған табыстардан төленген табыс салығын халықаралық шарт негізінде бюджеттен немесе шартты банк салымынан қайтаруға салықтық өтініш берген жағдайда, мынадай құжаттар қоса беріледі:

7) мыналарды:

резидент еместің тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде);

депозитарлық қолхаттардың саны мен түрі туралы ақпаратты;

резидент еместің жеке басын куәландыратын құжаттың атауын және деректемелерін (жеке тұлға үшін), резидент еместің мемлекеттік тіркелу нөмірін және күнін (заңды тұлға үшін) қамтитын «Орталық бағалы қағаздар депозитарийі» акционерлік қоғамынан алынған шоттан үзінді көшірме;

8) депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар эмитентінің акционерлері жалпы жиналысының бір акция есебінде дивиденд

мөлшері және дивиденд алуға құқығы бар акционерлер тізімінің жасалған күні көрсетіле отырып, белгілі бір кезең үшін дивидендтер төлеу туралы шешімі;

9) келіп түскен дивидендтердің сомалары бойынша валюталық шоттан үзінді көшірме;

10) мынадай:

табыс алушы резидент емес Қазақстан Республикасы халықаралық шарт жасасқан мемлекеттің резиденті болып табылатын;

резидент емес резидент еместің резиденттігін растамада көрсетілген уақыт кезеңі ішінде резидент емес Қазақстан Республикасымен халықаралық шарт жасасқан мемлекеттің резиденті болып танылатын;

егер резидент еместің резиденттігі уақыт кезеңі көрсетілмесе, резидент емес осындай құжат берілген күнтізбелік жыл ішінде Қазақстан Республикасы халықаралық шарт жасасқан мемлекеттің резиденті болып танылатын;

резидент еместің резиденттігін растамаға табыс алушы резидент емес резиденті болып табылатын шет мемлекеттің құзыретті орган куәландырған болса;

Салық кодексінде немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шартта өзгеше белгіленбесе, резидент еместің резиденттігін растайтын құжатты куәландырған органның қойған қолы мен мөрі, сондай-ақ шетелдік нотариустың қойылған қолы мен мөрі осы тармақтың 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін нотариат куәландыратын жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дипломатиялық немесе консулдық заңдастыруға жататын;

егер халықаралық шарт шеңберінде уәкілетті орган мен шет мемлекеттің құзыретті органы резиденттікті растайтын құжатты заңдастырудың өзгеше тәртібін көздейтін өзара келісімге келген болса, онда көрсетілген тәртіп қолданылатын талаптарға сәйкес келетін көрсетілетін қызметті алушының резиденттігін растайтын құжат;

11) құжаттар шет тілде жасалған кезде – осы тармақта көрсетілген құжаттардың нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы.

Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері түпнұсқаларды құжаттардың көшірмелерімен және мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен берілген мәліметтермен түпнұсқалығын салыстырып тексереді, одан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Келу тәртібінде қағаз жеткізгіште табыс етілген салықтық өтініш екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады. Сонымен бір мезгілде көрсетілетін қызметті алушыға

құжаттардың қабылданғаны туралы белгімен талон беріледі.

Почта арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші почта хабарламасына белгі қояды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметі алу үшін өтініш нысаны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында, салық органының күту залындағы стенділерде және арнайы бағандарда орналастырылған. Салықтық өтініш нысаны салық органында тегін беріледі.

10. Өтінішті қараудан бас тарту үшін негіздер:

1) егер халықаралық шартта өзгеше белгіленбесе, көрсетілетін қызметті алушының (резидент еместің) өтінішті талап ету мерзімі өткен соң табыс етуі. Бұл ретте резидент емес салық органына өтінішті қайта беруге құқылы емес;

2) резиденттігін растайтын құжаттың осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 10 тармақшасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушының (резидент еместің) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды табыс етпеуі;

4) көрсетілетін қызметті алушының (резидент еместің) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағы 1) тармақшасының ережелерін сақтамауы.

Осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша өтінішті қараудан салық органы бас тартқан жағдайда, егер халықаралық шартта өзгеше белгіленбесе, егер резидент емес жіберген бұзушылықтарды жойса, оның талап ету мерзімі ішінде қайта өтініш табыс етуге құқығы бар.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында

көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары порталда, Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс телефондары: 8 (7172) 58-09-09, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Төлем көзінен ұсталған табыс салығын қайтару» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша



САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШ

TAX CLAIM

for refund of paid tax from budget or conditional bank deposit on base of international agreement for the avoidance of double taxation

Резиденттік еліндегі салық тіркеуінің нөмірі / Tax registration number in the country of residence

G үй нөмірі / house number

H пәтер нөмірі / apartment number

8 Резидент еместің Қазақстан Республикасындағы қызмет мерзімі / Period of nonresident's activity from (күні, айы, жылы / dd/mm/yyyy) -дан to (күні, айы, жылы / dd/mm/yyyy) -дейін

9 Еңбек шарттары (келісімшарттары) бойынша жұмыстарды орындаған (қызметтерді көрсеткен) резидент еместің қызметкерлерінің саны) / The amount of nonresident legal entity's personnel who performed works (rendered services) under labour agreements (contracts)

10 Негізгі көрсеткіштер:

A қайтаруға жататын салықтың жалпы сомасы / total amount of tax to be refunded

B валюта коды / code of currency

11 Хабарламаның нөмірі мен күні / Number and date of the notice — A нөмірі / number — B жазып берілген күні / date of an extract (күні, айы, жылы / dd/mm/yyyy)

12 Салықты қайтару жүргізіледі (тиісті торкөзде [X] көрсетіңіз) / Source of tax refund (please check the appropriate box):

A мемлекеттік бюджеттен / state budget ☐ B шартты банк салымынан/ conditional bank deposit ☐

13 Салық төлеушінің резиденттігінің куәландыру жүргізіледі (тиісті торкөзде [X] көрсетіңіз) / Certifying of residence of the taxpayer is done (please check the appropriate box):

A осы өтініште / On this form ☐ B резиденттікті растайтын жеке шетел құжатында / on a separate foreign document, confirming the residence ☐

## Бөлім. Резидент емес табыс алушының банкі / Bank of nonresident deriving income

14 Банктегі шотына салықты қайтаруды жүргізу қажет банктің толық атауы / Full name of the Bank to which tax refund should be done

15 Банктің толық мекенжайы / Full address of the Bank

A банктің резиденттік елінің коды / Residence country code

B штат / state облыс / region

C қала / city

D аудан / округ district

E көше / street

F үйдің нөмірі / house number

16 Салық төлеушінің салықты қайтаруды жүргізуге қажет банктік шотының нөмірі/ Bank account number of taxpayer to which the tax refund must be done

17 Төлемді жүзеге асыру үшін талап етілетін өзге де қажетті банктің деректемелері (банктің БСК-сы, Свифт коды, салықтық тіркеу нөмірі және т.б.) / Other Bank details necessary for payment (Business identification code of Bank, Swift code, tax registration number and etc.)



Резиденттік еліндегі салық тіркеуінің нөмірі / Tax registration number in the country of residence

## Бөлім. Салық төлеушінің резиденттік мемлекетінің құзыретті немесе уәкілетті органы / The taxpayer's residence country's competent authority

27 Салық төлеушінің резиденттік елінің құзыретті немесе уәкілетті органының (Салық конвенциясының мәселелері бойынша) (бұдан әрі - Салық төлеушінің резиденттік елінің құзыретті органы) атауы / Name of the taxpayer's residence country's competent authority in issues of DTT

28 Салық төлеушінің резиденттік елінің құзыретті органы мынаны растайды: / The competent authority of taxpayer's resident country confirms, that:

A салық төлеуші мына уақыт ішінде оның резиденті болып табылады / the taxpayer is the resident of the country during — резиденттік елінің коды / Country code — жыл (салық төлеушінің табыс туындаған жыл) / year (when the taxpayer derived income)

B салық төлеушінің табыстарына Қазақстан Республикасының мына елмен жасасқан халықаралық шарты қолданылады: / International Treaty applicable to the taxpayer's income is concluded by the Republic of Kazakhstan with: — резиденттік елінің коды / Residence country code

29 Салық төлеушінің резиденттік елінің құзыретті органы осы өтініште көрсетілген табыстар туралы мынаны растайды (тиісті торкөзде [X] көрсетіңіз)/ Tax payer's residence country's competent authority confirms that the incomes specified in the present statement (please check the appropriate box)

A резиденттік елінде салық салынуға жатады / is subject to taxation in the residence country ☐

B резиденттік елінде салық салынуға жатпайды / is not subject to taxation in the residence country ☐

Шетелдік лауазымды тұлғаның қолы / Don't write by the limits of the line

Салық төлеушінің резиденттік елінің құзыретті органының лауазымды адамының Т.А.Ә. / Surname, first name, middle name of the official of the competent authority of tax payer's residence country — Қолы / signature

Толтырылған күні / Date of completing (күні, айы, жылы / dd/mm/yyyy)

Осы өтініш толтырылған орын (ел және елді мекенді көрсету) Place of completion of the present statement (indicate a country and a city)

Салық төлеушінің резиденттік елінің құзыретті органының М.О. / Seal of the competent authority of tax payer's residence country

## Бөлім. Табыс алушының сертификаты /Certificate of the beneficiary

30 Мұрымен мынаны растаймын / This is to certify that:

A Өтініште көрсетілген табыс Қазақстан Республикасы мен мына елдің арасында жасалған халықаралық шарттың айқындалғандай Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға жатпайды / the aforementioned income is not attributed to a permanent establishment or a fixed base as defined in the International Treaty between the Republic of Kazakhstan and — Елдің коды / country code

B Өтініште көрсетілген табыстың нақты алушысы болып табыламын (тиісті торкөзде [X] көрсетіңіз)/ I am the beneficial owner of the aforementioned income (please check the appropriate box) — ☐ иә / yes ☐ жоқ / no

C Өтініште көрсетілген табыс мына елде салық салуға жатады / this income is liable to taxation in — Елдің коды / country code

Резиденттік елiндегі салық тіркеуiнің нөмірі /
Tax registration number in the country of residence

Толтырылған күні
Date of completing

[illegible]

Қолы / signature

[illegible]

М.О.
Seal

[illegible]

The note:

[illegible]

САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШТІҢ
9-ЖОЛЫНА ҚОСЫМША
ADDITIONAL FORM TO LINE 9
OF THE TAX CLAIM

БЕТ / PAGE A

[illegible]

[illegible]

Бөлім. Жалпы ақпарат. General information

1 Резиденттік еліндегі салық тіркеуінің нөмірі
Tax registration number in the country of residence

Бөлім. Өтініш беруші жалдаған жеке тұлғалар туралы мәліметтер. / Data on individuals hired by the claimant

| A Нөмірі | B [illegible] | C [illegible] | D [illegible] |
|---|---|---|---|
| 0 0 0 0 1 | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

2

**САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШТІҢ 9-ЖОЛЫНА ҚОСЫМША**
**ADDITIONAL FORM TO LINE 9 OF THE TAX CLAIM**

PAGE B

Fill in the number of current page

Claim is to be filled in block letters.

**Бөлім. Жалпы ақпарат. General information**

1 Резиденттік елдегі салық тіркеуінің нөмірі / Tax registration number in the country of residence

**Бөлім. Өтініш берушi жалдаған жеке тұлғалар туралы мәліметтер. / Data on individuals hired by the claimant**

| A Нөмірі | E | F | G | H |
|---|---|---|---|---|
| 0 0 0 0 1 | | | | |

3

**САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШТІҢ 9-ЖОЛЫНА ҚОСЫМША**
**ADDITIONAL FORM TO LINE 9 OF THE TAX CLAIM**

PAGE C

Fill in the number of current page

Claim is to be filled in block letters.

**Бөлім. Жалпы ақпарат. General information**

1 Резиденттік елдегі салық тіркеуінің нөмірі / Tax registration number in the country of residence

**Бөлім. Өтініш берушi жалдаған жеке тұлғалар туралы мәліметтер. / Data on individuals hired by the claimant**

| A Нөмірі | I | J |
|---|---|---|
| 0 0 0 0 1 | | |

**САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШТІҢ 10 ЖОЛЫНА ҚОСЫМША**
**ADDITIONAL FORM TO LINE 10 OF THE TAX CLAIM**

PAGE A

Fill in the number of current page

Claim is to be filled in block letters.

**Бөлім. Жалпы ақпарат. General information**

1 Резиденттік елдегі салық тіркеуінің нөмірі / Tax registration number in the country of residence

**Бөлім. Көрсеткіштер. Details**

| A Нөмірі | B | C Number and date of the contract | D Date of income payment | E |
|---|---|---|---|---|
| 0 0 0 0 1 | | | | |

## САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШТІҢ 10 ЖОЛЫНА ҚОСЫМША
## ADDITIONAL FORM TO LINE 10 OF THE TAX CLAIM

Ағымдағы беттің нөмірін көрсетіңіз / Fill in the number of current page — ПАРАҚ / PAGE B

**Бөлім. Жалпы ақпарат. General information**

1 Резиденттік еліндегі салық тіркеуінің нөмірі / Tax registration number in the country of residence

**Бөлім. Көрсеткіштер. Details**

| A Нөмірі | F | G | H | I | J |
|---|---|---|---|---|---|
| 00001 | | | | | |



## САЛЫҚТЫҚ ӨТІНІШТІҢ 10 ЖОЛЫНА ҚОСЫМША
## ADDITIONAL FORM TO LINE 10 OF THE TAX CLAIM

Ағымдағы беттің нөмірін көрсетіңіз / Fill in the number of current page — ПАРАҚ / PAGE C

**Бөлім. Жалпы ақпарат. General information**

1 Резиденттік еліндегі салық тіркеуінің нөмірі / Tax registration number in the country of residence

**Бөлім. Көрсеткіштер. Details**

| A Нөмірі | K | L | M | N |
|---|---|---|---|---|
| 00001 | | | | |



ПАРАҚ / PAGE D



3

| | |
|---|---|
| 1240 | [illegible] / the prices paid by the resident |
| 1241 | [illegible] / the prices paid by the non-resident, that has permanent establishment in the Republic of Kazakhstan if price payment is connected with activity of such permanent establishment |
| 1250 | [illegible] / the incomes received from rendering of independent personal (professional) services in the Republic of Kazakhstan |
| 1260 | [illegible] / incomes in the form of gratuitously received or inherited property, including works, services, except of gratuitously reception of the property by the nonresident individuals from the resident individuals |
| 1270 | [illegible] / incomes on derivative financial instruments |
| 1280 | [illegible] / incomes from write-off of obligations |
| 1290 | [illegible] / incomes from doubtful obligations |
| 1300 | [illegible] / incomes from decrease in the sizes of created provisions of banks and the organizations which are carrying out separate kinds of bank operations on the basis of the licence |
| 1310 | [illegible] / incomes from decrease of the insurance reserves created by the insurance, reinsurance organizations under contracts of insurance, reinsurance |
| 1320 | [illegible] / the incomes received for the consent to limit or stop enterprise activity |
| 1320 | [illegible] / incomes from leaving of the fixed assets |
| 1330 | [illegible] / incomes from uploading expenses on geological studying and prepare works to extraction of natural resources, and also other expenses of Subsoil users |
| 1340 | [illegible] / incomes from excess of the sum of deductions in fund of liquidation of consequences of working out of deposits over the sum of actual expenses on liquidation of consequences of working out of deposits |
| 1350 | [illegible] / incomes from joint activity |
| 1360 | [illegible] / received indemnifications on deductions that made earlier |
| 1370 | [illegible] / excess of the sum of a positive difference in exchange over the sum of the negative difference in exchange, defined according to the international standards of the fiscal accounting and requests of the legislation of the Republic of Kazakhstan about accounting and the fiscal accounting |
| 1380 | [illegible] / the incomes received at operation of social sphere objects |
| 1390 | [illegible] / incomes from enterprise sale as a property complex |
| 1400 | [illegible] / the net income from the confidential estate administration, received (coming under to reception) by the founder of confidential management by agreement of confidential management or the beneficiary in other cases of occurrence of confidential management |
| 1410 | [illegible] / income under investment deposit placed in the Islamic bank |
| 1420 | [illegible] / other incomes resulting activities in the Republic of Kazakhstan |

[illegible] /
Section. The coding of kinds of the document proving the identity of the physical non-resident person

| | |
|---|---|
| 01 | [illegible] / the passport of the foreigner |
| 02 | [illegible] / the identification card of the foreigner (the internal passport) |
| 03 | [illegible] / the passport of the seaman |
| 04 | [illegible] / the certificate of the person without citizenship |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2014 жылғы 5 наурыздағы
№ 200 қаулысымен
бекітілген

## «Салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. «Салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Қаржы министрлігі) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қаржы министрлігі мен аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтардағы салық

басқармалары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
Өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші кеңсе арқылы жүзеге асырады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:
1) мыналарды өзгерту туралы:
салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген салық және ( немесе) өсімпұлдар төлеу бойынша, салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және (немесе) өсімпұлдардың есептелген сомаларын төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін – көрсетілетін қызметті беруші өтінішті алған күннен бастап он бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей;
импортталатын тауарларға қосылған құн салығын (бұдан әрі – ҚҚС) төлеу мерзімін – көрсетілетін қызметті беруші импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту туралы өтінішті алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде;
Төлем көзінен ұсталатын салықтардан, акциздерден және импортталатын тауарларға салынатын ҚҚС және (немесе) өсімпұлдардан басқа, салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу мерзімін өзгерту салық төлеушінің өтініші негізінде неғұрлым кеш, бірақ күнтізбелік он екі айдан аспайтын мерзімге жүзеге асырылады.
Салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген есептелген салықтарды, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді және (немесе) өсімпұлдарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту күнтізбелік отыз алты айдан аспайтын мерзімге жүргізіледі.
Импортталатын тауарларға ҚҚС төлеу мерзімін өзгерту кеден органы кедендік жүк декларациясын, 2010 жылғы 1 шілдеден бастап тауарларға декларацияны қабылдаған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімге жүзеге асырылады.
Өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін импорт бойынша тұрақты түрде тауарлар алатын ҚҚС төлеушілерге импортталатын тауарларға ҚҚС төлеу мерзімін өзгерту күнтізбелік жыл ішінде қолданылатын шешім негізінде кеден органы кеден жүк декларациясын, 2010 жылғы 1 шілдеден бастап тауарларға декларацияны қабылдаған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімге жүзеге асырылады.
Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту салық заңнамасына сәйкес айқындалатын

осындай тауарларды есепке қабылдаған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімге жүргізіледі;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: мыналарды:

салық төлеушімен келісілген салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу мерзімдерін белгілейтін және осы шешімнің ажырамас бөлігі болып табылатын салық міндеттемесін орындау кестесімен қоса салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу мерзімдерін өзгерту туралы;

салық төлеушімен келісілген салықтарды, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді және (немесе) өсімпұлдарды төлеу мерзімдерін белгілейтін және осы шешімнің ажырамас бөлігі болып табылатын салық міндеттемесін орындау кестесімен қоса салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және (немесе) өсімпұлдардың есептелген сомаларын төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы;

салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгертуден бас тарту туралы;

бас тарту негіздерін көрсете отырып, салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және (немесе) өсімпұлдардың есептелген сомалары бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгертуден бас тарту туралы;

импортталатын тауарларға ҚҚС төлеу мерзімін өзгерту туралы шешімді беру;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздемелер бойынша уәжделген бас тарту.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін;

2) аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумақтарындағы салық басқармалары – Қазақстан

Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жылжымалы жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген.

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту үшін:

1) салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу мерзімдерін ауыстыру себептері қамтылған салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы өтініш – банк кепілі шарты немесе кепіл шарты жасалған күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірілмей.

Бұл ретте республикалық бюджетке келіп түсетін, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлінетін салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы өтініш Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне беріледі.

Жергілікті бюджеттерге толық көлемінде келіп түсетін салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы өтініш көрсетілетін қызметті алушыны тіркелу есебіне алу орны бойынша салық органына беріледі.

2) салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімін банк кепілдігі арқылы өзгерту үшін – кепілдік беруші банк пен көрсетілетін қызметті алушы арасында жасалған банк кепілдігі шарты мен банк кепілдігі.

Банк кепілдігі кері қайтарып алынбайтын болуға тиіс. Банк кепілдігі шартының мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес болуға тиіс;

3) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) үшінші тұлғаның мүлкін кепілге қою арқылы салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту үшін – кепіл шарты мен кепіл мүлкінің нарықтық құнын бағалау туралы бағалаушының есебі.

Мүліктік кепіл шарты бағалаушының кепілге қойылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау туралы есебін қоса, салық төлеушінің кепіл шартын жасасу туралы жазбаша өтініші келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде салық төлеуші және (немесе) үшінші тұлға және салық төлеушінің тіркеу есебінің орны бойынша салық органы арасында жасалады.

Бағалаушының кепілге қойылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау туралы есебі салық төлеушінің кепіл шартын жасасу туралы жазбаша өтініш берген

күнге дейінгі күнтізбелік он бес күннен бұрын жасалмауға тиіс.

Мүліктік кепіл шарты мынадай талаптар сақталған кезде жасалады:

кепіл шартының мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келеді;

кепілге қойылатын мүлікті қайта кепілге қоюға жол берілмейді;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде мүліктік кепіл шартының міндетті мемлекеттік тіркелуі көзделген жағдайда, салық төлеуші кепіл шартын жасасқаннан кейін оның тиісті тіркеуші органда тіркелуін қамтамасыз етеді және салық және (немесе) өсімпұлдар төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешім қабылдайтын салық қызметінің органына кепіл шартының тіркелгенін растайтын құжатты дереу табыс етеді;

кепілге қойылатын мүлік өтімді болуға, жоғалудан немесе зақымданудан сақтандырылуға тиіс және оның нарықтық құны бюджетке төленуге жататын салықтың және өсімпұлдардың сомасынан кем болмауға тиіс. Мыналар:

тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілері;

электр, жылу және өзге де энергия түрлері;

тыйым салынған мүлік;

мемлекеттік органдар қойған шектеулері бар мүлік;

үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған мүлік;

тез бүлінетін шикізат, тамақ өнімдері;

мүліктік құқықтар кепіл нысанасы бола алмайды;

салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және (немесе) өсімпұлдардың есептелген сомаларын төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту үшін:

1) салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және (немесе) өсімпұлдардың есептелген сомаларын төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы өтініш;

2) салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және (немесе) өсімпұлдардың есептелген сомаларын төлеуді көздейтін салық міндеттемесін орындау кестесі;

3) кәсіпкерлік бойынша уәкілетті орган берген салық төлеушінің Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік туралы заңнамасында белгіленген жеке кәсіпкерлік субъектілері санаттарының біріне тиесілілігінің жазбаша растамасы;

импортталатын тауарларға ҚҚС төлеу мерзімдерін өзгерту үшін:

1) аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар бойынша, арнайы

экономикалық аймақтар аумақтарындағы салық басқармаларына – үш айдан аспайтын мерзімге импортталатын тауарларға ҚҚС төлеу мерзімдерін өзгерту бойынша:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес өтініш;

тауарлар жеткізуге арналған шарттың (келісімшарттың) көшірмесі;

Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес импортталатын тауарларды өндірістік өңдеуге арналған тауарларға жатқызуды растау туралы кеден органының қорытындысы.

Осы тармақшаның ережелері Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын тауарларға қолданылмайды;

2) Қаржы министрлігіне - өнеркәсіптік өңдеу үшін импорт бойынша тауарларды ұдайы алып тұратын ҚҚС төлеушілерге күнтізбелік жыл ішінде қолданылатын импортқа ҚҚС төлеу мерзімдерін өзгерту бойынша:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес өтініш;

тауарлар жеткізуге арналған шарттың (келісімшарттың) көшірмесі;

Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес импортталатын тауарларды өндірістік өңдеуге арналған тауарларға жатқызуды растау туралы кеден органының қорытындысы.

Осы тармақшаның ережелері Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын тауарларға қолданылмайды;

ҚҚС төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының өндірістік қуаты мен үй-жайларының бар екені туралы қорытындысы.

10. Көрсетілетін қызметті алушының осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының ережелерін сақтамауы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын

адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауапты алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары порталда, Министрліктің www.minfin.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің call-орталығының байланыс

телефондары: 8 (7172) 58-09-09, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Салықтарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
қосымша



ИМПОРТТАЛАТЫН ТАУАРЛАРҒА ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫН ТӨЛЕУ МЕРЗІМІН ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ

Бөлім. Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат

1 Сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)
2 Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) (болған кезде)
3 Қосылған құн салығын төлеушінің аты, жөні, тегі немесе атауы
4 Қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлік:
Куәліктің сериясы мен нөмірі | Тіркелген күні

Бөлім. Импортталатын тауарлар туралы мәліметтер

5 «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 2001 жылғы 12 маусымдағы 249-бабының 4-тармағына сәйкес қосылған құн салығын төлеттін мерзімді өзгертуіңізді сұраймын (тиісті торкөзде X көрсетіңіз):

A Өнеркәсіпті қайта өңдеуге арналған шикізаттар мен материалдар* | B су | C газ | D электр қуаты

*Егер"5А" торкөзде белгіленсе, өтінішке 1-қосымшаны толтыру қажет

6 мына мерзім ішінде: (тиісті торкөзде X көрсетіңіз): A үш ай | B күнтізбелік жыл*

*Егер "6В" белгіленсе, оның өндірістік қуаттары мен үй-жайларының барлығы туралы ҚҚС төлеушінің тіркеу орны бойынша салық органының қорытындысын беру қажет

Бөлім. Салық төлеушінің жауапкершілігі

Біз (мен) осы өтініште келтірілген мәліметтердің растығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береміз (беремін)

Өтінішті толтырған күні

М.О.

Бөлім. Салық органының белгісі

Ш.О.

Салық қызметі органында өтінішті қабылдаған күні

Салық қызметі органының коды



Импортталатын тауарларға қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту туралы өтінішке 1-қосымша

Бөлім. Қосылған құн салығын төлеуші туралы мәліметтер

1 Сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)
2 Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) (болған кезде)
3 Шарттың (келісім шарттың) жасалған күні
4 Шарттың (келісім шарттың) нөмірі

Бөлім. Өнеркәсіптік қайта өңдеу өнімі

A СЭҚ ТН коды | B Өнеркәсіптік қайта өңдеу өнімінің атауы

Бөлім. Импортталатын шикізаттар мен материалдардың тізбесі

A СЭҚ ТН коды | B Шикізаттар мен материалдардың атауы | C | D




Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 5 наурыздағы
№ 200 қаулысымен
бекітілген

## «Салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің орналасқан жері бойынша тіркеу есебі» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. «Салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің орналасқан жері бойынша тіркеу есебі» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтардағы салық басқармалары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін

беруді көрсетілетін қызметті беруші ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтары арқылы жүзеге асырады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) салық салу объектілерінің және (немесе) салық салумен байланысты объектілердің орналасқан орны бойынша тіркеу есебіне қою, тіркеу есебінен шығару – уәкілетті мемлекеттік органдардан мәліметтер және (немесе) салықтық өтінішті алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде;

салықтық өтінішті:

жеке тұлғалардың салық салу объектісінің орналасқан жері бойынша аяқталмаған құрылыс объектісі бойынша тапсыру мерзімі – тұру, пайдалану күнінен бастап он жұмыс күні ішінде;

меншік, тұрақты жер пайдалану, бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалану, өтеулі уақытша жер пайдалану, уақытша иелену және пайдалану, сенімгерлікпен басқару құқығында салық салу объектісі және (немесе) салық салуға байланысты объектісі бар дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың, заңды тұлғаның шешімі бойынша мүлік салығын, жер салығы мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді дербес төлеуші деп танылған құрылымдық бөлімшелердің тапсыру мерзімі – салық салу объектісінің және (немесе) салық салуға байланысты объектісінің орналасқан жері бойынша осындай құқықтар туындаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде;

жер учаскесін беру туралы мемлекеттік органдардың актілері негізінде жер салығын төлеуші деп танылған дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың тапсыру мерзімі – мемлекеттік меншіктен және (немесе) азаматтық-құқықтық мәмілелермен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздерде жер учаскесі берілген кезде, – қалған жағдайларда, осындай төлеушілердің салықтық өтінішті тапсыру мерзімі – оның негізінде жер учаскесін нақты иелену мен пайдалану құқығы туындайтын құқық белгілейтін құжаттар күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) салық салу объектілерінің және (немесе) салық салумен байланысты объектілердің орналасқан орны бойынша тіркеу есебіне қою;

2) тіркеу есебінен шығару болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті алушының жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жылжымалы жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген.

9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес салықтық өтінішті табыс етеді.

Мүлік салығын, жер салығын және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді дербес төлеуші деп танылған заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі үшін – өтінішке құрылымдық бөлімшені дербес төлеуші ретінде тану туралы заңды тұлға шешімінің көшірмесі қоса беріледі.

Келу тәртібінде қағаз жеткізгіште табыс етілетін салықтық өтініш екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады. Сонымен бір мезгілде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы белгімен талон беріледі.

Почта арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші почта хабарламасына белгі қояды.

Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш нысаны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің www.salyk.gov.kz интернет-ресурсында, салық органының күту залындағы стенділерде және арнайы бағандарда орналастырылған. Салықтық өтініш нысаны салық органында тегін беріледі.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар жазбаша түрде:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастыратын адамның атына;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

